



ӨОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Каз-922  
Д 22

*Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым  
министрлігі бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің  
5–9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған  
мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына  
сәйкес дайындалды.*

Дәулетбекова Ж., Қосымова Г.

Д 22 Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық / Ж. Дәулетбекова, Г. Қосымова. – Алматы: Атамұра, 2017. – 192 бет.

ISBN 978-601-306-731-5

ӨОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Каз-922

ISBN 978-601-306-731-5

© Дәулетбекова Ж.,  
Қосымова Г., 2017  
© «Атамұра», 2017



## Алғы сөз

Құрметті оқушы, 5-сыныпқа қош келдің!

Міне, біз өзіңмен мектептің жаңа сатысында, негізгі мектеп сатысында кездесіп отырмыз. Негізгі мектеп – кеше ғана өзің аяқтаған бастауыш сыныптың жалғасы. Сондықтан өзге де оқу пәндері секілді «Қазақ тілі» пәні бойынша сен осыған дейін алған білімдеріңді, меңгерген сөйлеу дағдыларыңды одан әрі кеңейтетін боласың.

Жас досым! «Қазақ тілі» сабағының ең басты мақсаты – ана тіліңнің сан алуан сыры мен қырын үйретуге, сөйлеу шеберлігіңді дамытуға, өз ойың мен пікіріңді, көзқарасыңды жеткізіп айта білуге қызмет ету. Тіл туралы, өзінді қоршаған әлем туралы біліміңді арттыруға, білігіңді шыңдауға көмектесу де осы пәннің басты міндеттеріне енеді.

Білім – осынау шексіз ғаламды, қоршаған дүниені танудың кілті. Ал тіл – сол білімді меңгерудің құралы. Егер дүниені тану үшін адамға білім керек болса, сол білімді ана тілің арқылы жинайсың. Тіл арқылы өткеніңді танысың, бүгінгіңді бағалайсың, келешегіңді болжайсың. Тіл арқылы ата-бабаңның құнды мұраларымен танысасың, қарыштап дамып бара жатқан заманауи ғылым жаңалықтарынан хабардар боласың, аңызға бергісіз ғажайып ақиқаттар туралы ақпарат аласың. Тіл арқылы халқыңның әлемде баламасы жоқ салты мен дәстүрлерінің мәнін түсінесің. Ұлтыңның ұлы қасиеттерін бойыңа сіңіресің. Сондықтан «Қазақ тілі» сабағы сенің тіл туралы дүниетанымыңды қалыптастыруды көздейді.

5-сыныпта сөйлеу дағдыңды қалыптастыруға қатысты тілдегі үндестік заңы, орфоэпия мен орфография, сөз мағынасы, зат есім, сын есім, сан есім, төл сөз, төлеу сөз және т.б. тақырыптар бойынша қысқаша мағлұмат беріледі. Ол тақырыптар саған сөзді талғаммен жұмсаудың қажеттігін сезіндіруді, ойыңды бердерлі етіп жеткізудің жолдарын меңгертуді көздейді. Мысалы, тіл дыбыстары туралы білімдер қазақ тілінің әуезділігін, саздылығын тануыңа, мәнерлі сөйлеу біліктілігін игеруіңе ықпал етеді деп сенеміз. Ал сөзді дұрыс, орынды жұмсауға үйрену болашақта шешен де шебер сөйлеуге жетудің басты шарты әрі кепілі болмақ.

«Қазақ тілі» әлеміне басқан қадамыңа сәттілік тілейміз, жас дос!

*Авторлар*

# МӘДЕНИЕТ: ТІЛ ЖӘНЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

1-бөлім

1–2-сабақ

## Тіл – қарым-қатынас құралы

 ОЙТҮРТКІ

1. Тіл неліктен құралға жатады?
2. «Тіл – қарым-қатынас құралы» дегенді қалай түсінесің?



**ТЫҢДАЛЫМ**

**1-тапсырма.** Мәтінді ұнтаспадан тыңдап, ақпараттарды есіңе сақта.

- Тыңдалған мәтіндегі ой не жайында?
- Негізгі ойды жеткізіп тұрған қандай сөздер?



**АЙТЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Адамдардың қарым-қатынасы не арқылы жүзеге асады?
2. Тілдік қатынас деген не? Ол қандай жағдайда орын алады?
3. Кімдер тілдік қатынасқа түседі?
4. Тілдің көмегімен адамдар нені жеткізеді?



**АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ**

**3-тапсырма.** Суреттерге қарап, «Тіл – қарым-қатынас құралы» деген тақырыпта парталастарыңмен шағын диалог құрыңдар.



**ОҚЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Мәтінді оқы. Не туралы айтылған? Ана тілінің адам өміріндегі рөлі қандай? Тіл не үшін қызмет етеді? Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты тап.

Ана тілі сол тілде сөйлейтін халықпен бірге өмір сүреді және сол халықтың өкілдері үшін қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Тіл ана тілі атануы үшін ол күнделікті өмірде ұдайы қолданыста болуы тиіс.

Тілдің ең негізгі, яғни бірінші қызметі – адамдардың бір-бірімен сөйлесуі, бір нәрсе жайында пікір алысуы. Екінші қызметі – адамдардың қоршаған орта жөніндегі өз ойларын тіл арқылы жеткізуі. Үшінші қызметі – адам өзінің бір нәрсе туралы көзқарасын, күйініші мен сүйінішін, жақсы көру, жек көру сезімдерін тіл арқылы білдіруі.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша «Ана тілінің қызметі» деген тақырыпта кластер жаса.

**Тілдік бағдар****Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі**

Қазақ әліпбиінде 42 әріп бар. Олардың 28-і төл дыбыстарды таңбалайды: а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і, б, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у (дауыссыз), ш. Қазақ тілінің төл дауысты дыбыстары тоғыз: а, ә, о, ө, е, ы, і, ұ, ү. Төл дауыссыз дыбыстары он тоғыз: б, д, г, ғ, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ш.

Кірме сөздерде кездесетін дыбыстар: в, ф, х, ц, ч, щ, э, һ, ё.

Қазақтың төл сөзінде және кірме сөздерде кейде дара, кейде бірнеше дыбыс қосындысын таңбалайтын әріптер: у, и, я, ю.



Кірме сөздерді таңбалайтын дыбыстық мәні жоқ әріптер: **ь, ъ**.

Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай жуан (**а, о, ұ, ы**), жіңішке (**ә, е, ө, ү, і**) болып бөлінеді. Жақтың қатысына қарай ашық (**а, ә, е, о, ө**), қысаң (**ұ, ү, ы, і**) болып бөлінеді. Еріннің қатысына қарай еріндік (**о, ө, ұ, ү**), езулік (**а, ә, е, ы, і**) болып бөлінеді.

Ауызша сөйлеу тілінде сөз ішінде және сөз тіркесі арасында екі дауысты дыбыс қатар айтылмайды, біреуі түсіп қалып айтылады. Жазғанда сақталады. Мысалы: *Сарыарқа – Сарарқа, бола алады – болалады, айта отыр – айтотыр* т.б.

Дауыссыз дыбыстар салдыр мен үннің қатысына қарай: қатаң, ұяң, үнді болып үш топқа бөлінеді.

Қатаң дауыссыздар: **қ, к, т, с, ш, п**.

Ұяң дауыссыздар: **б, г, ғ, д, ж, з**.

Үнді дауыссыздар: **м, н, ң, л, й, р, у** (тау).



**ЖАЗЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Сөз ішіндегі немесе сөз тіркесіндегі дауысты дыбыстардың айтылуы мен жазылуында айырмашылық бола ма? Қандай жағдайларда орын алатынын кестеде мысалдар арқылы бер.

Екі дауысты дыбыстың біреуі түсіп қалады	Қатар келген екі дауысты дыбыс сақталады



**ЖАЗЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Оқылым мәтіндегі дауысты дыбыстарды теріп алып, оларды мына кесте бойынша толтыр.

Тілдің қатысына қарай		Жақтың қатысына қарай		Еріннің қатысына қарай	
жуан	жіңішке	ашық	қысаң	еріндік	езулік



**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Оқылым мәтіннен дауыссыз дыбыстарды тауып, төмендегі кестеге салып толтыр.

Қатаң дауыссыздар	Ұяң дауыссыздар	Үнді дауыссыздар



**АЙТЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Төмендегі жұмбақ өлеңдердің жауабы қай дауысты дыбыстар екенін айт. Өзің осы тәрізді жұмбақ өлең шығарып көр.

Құмайда бар, суда жоқ.  
Тұманда бар, буда жоқ.

Биікте бар, ойда жоқ.  
Киікте бар, қойда жоқ.

(«Әріптер әлемінде» кітабынан)



**АЙТЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Жаңылтпаштардағы сөздер неге бірдей дыбыстардан басталған деп ойлайсың? Ойыңды дәлелдеп көр. Өзің де осы сияқты мәтін құра.

Қыс түсті, қыс қысты, құс ұшты,  
Қыс түсті, қысқы істі қыста істе.

Жамал Жаңылды жалындырмақшы болды.  
Жаңыл Жамалды жаңылдырмақшы болды.  
Жалындырғаны дұрыс па, жаңылдырғаны дұрыс па?

(«Әріптер әлемінде» кітабынан)



**ЖАЗЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Сөздердегі түсіп қалған әріптердің қандай дыбысты таңбалайтынын түсіндір. Орнына қойып жаз.

*қолдан...лады, қарым-қат...нас, жетк...зеді, күй...ніші,  
қыз...еті, көз...арас, ...дайы, жақсы ...өру.*



**АЙТЫЛЫМ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** Мәтіндегі айтылым мен жазылымға қатысты ойларды анықта. Кластерді пайдаланып, «Тілді қолдана білу шарттары» туралы әңгіме құра.

Тілді дұрыс қолдана білу – үлкен жауапкершілік. Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек... Әр сөздің мағынасын жақсы біліп, сөйлемді дұрыстап құра білуі тиіс.

Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішінде орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз.

(Ахмет Байтұрсынұлы)



**ЖАЗЫЛЫМ**

**13-тапсырма.** «Қос жазба» күнделігіне алдыңғы мәтіннен жуан буынды сөздер мен жіңішке буынды сөздерді теріп алып, қосымшалардың жазылу сипатына түсініктеме жаз.

Сөздер	Түсініктеме
тілді	



**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**14-тапсырма.** «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

**Бас бармақ – басты мәселе.** *Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?*

**Балаң үйрек – бірлесу.** *Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?*

**Орған терек – ойлану.** *Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?*

**Шылдыр шүмек – шынайылық.** *Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?*

**Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы.** *Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?*

## 3–4-сабақ

## Адамзат үшін тілдің маңызы



1. «Тіл бар жерде ғана ұлт бар» деген қанатты сөзге қосыласың ба?
2. Тілдің жойылуы мүмкін бе? Қалай ойлайсың?



ТЫҢДАЛЫМ



АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтінде не туралы айтылған? Қандай сөздер есіңде қалды?

Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді?! Біздің заманымыз – жазу заманы. Жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі одан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге, қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша біріне-бірі қисындасып, жалғасатын дағдысын білуі керек.

(Ахмет Байтұрсынұлы)



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерге қарап, парталасыңа сұрақ қой. Жауабының дұрыс-бұрыстығын бағала. «Сөйлесіп, тіл табысудың адам өмірі үшін маңызы неде?» деген тақырыпта шағын диалог құрыңдар.







**ТЫҢДАЛЫМ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**3-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша парталасыңа сұрақ қой. Жауабын бағала. Кластер бойынша «Сөйлеу стилі» деген тақырыпта әңгіме құра.

Сөйлеу екі формада жүзеге асады: ауызша және жазбаша. Адам сөйлегенде және жазғанда мәтін пайда болады да, қажетті бір ойды аяқтап жеткізеді. Ауызекі сөйлеуге қатысты мәтіндер мен ғылыми, баспасөз, ісқағаздар, көркем әдебиет мәтіндерінің бір-бірінен өзгешелігі болады. Өзгешелік тақырыпты таңдауда, мазмұнда және негізгі ойды беретін сөздердің сараланып жұмсалыуында көрінеді. Мәтін әртүрлі мазмұнға құралады. Онда оқиғалар хабарланады, әңгімеленеді, сипатталады, дәлелденеді.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Қоржындағы сөздерді қатыстырып, екі сөйлем құра.

*Қоржындағы сөздер:*

Монолог, адам, белгілі бір, тақырып, өз ойын, сөйлеп, дегеніміз, толық, жеткізуі.

Диалог, жағдаят, белгілі бір, екі адам, дегеніміз, кезектесе, сөйлесу, түрі.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Сөйлемдердегі басы артық және қате қолданылып тұрған сөздерді тауып, өзің дұрыстап жазып шық.

1. Сөз сүйектен, бастан өтеді, таяқ еттен өтеді. 2. Сөз құған дүниеге жолығады. Өлең – сөздің ханшайымы, сөз сарасы. Жиналыста Марат сөз, баяндама алды. Тіл қаруы – сөз, сөз қа-



руы – сезім. Мұралардың ең арзаны, қымбаты – сөз. Адам да, нәрсе де тозбайды, ал сөз мәңгі жасайды.



#### ОҚЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнындағы ақпараттардың маңызын талда. Негізгі және қосымша ақпаратты тап.

Адамзат үшін тілдің маңызы ерекше. Бұл – тек қатынас құралы ғана емес, әр адамның өмір сүруі үшін ауадай қажет байлығы.

Жақында Жапония ғалымдарының Токио қаласындағы перзентханалардың бірінде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген. Сонда үш ұлттың жаңа туған нәрестелеріне бір тәжірибе жасаған. Сәбилердің тыңдау қабілеттерін тексеру үшін жылаған кезде басқа тілдерде сөйлеп, жұбату сөздерін айтқан. Сәби жылауын тоқтатпаған. Ал олардың әрбірінің ана тілінде сөйлеген кезде нәрестелер жылауын сап тыйып, үнсіз қалған. Халқымыз бала тәрбиесі ананың құрсағында болған сәттен басталады деп беркер айтпаған екен. Анасы өз тілін білмейтін балада да ана тіліне деген мұқтаждық болады екен. Бірақ адам өсе, есейе келе оған мән бермеуі мүмкін. Әйтсе де өмірдің соңғы белесі қарттыққа аяқ басқан шақта туған тілде сөйлеуге қажеттілік қайта оянады. Бұл – ғылыми дәлелі бар шындық.

*(Нұрлан Әмзәбайұлы Жұмабаев)*

- Оқыған мәтіннің стильдің қай түріне жатады? Ауызекі сөйлеу стилі ме әлде жазбаша стильге жата ма?
- Тілдің адамзат үшін маңызы неде?



#### ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтін мазмұнындағы негізгі ойды досыңа хат арқылы жеткіз.

### Тілдік бағдар

#### Үндестік заңы

Қазақ тілінің дыбыстары сөз ішінде және сөз бен қосымшаның, сөз бен сөздің арасында бірімен-бірі үйлесіп, ыңғайласып келіп отырады.

Сөзді бастан-аяқ біркелкі әуезбен айтуды **үндестік заңы** деп атаймыз.

Үндестік заңы екіге бөлінеді: **буын үндестігі және дыбыс үндестігі.**

Түбір буынның жуан және жіңішкелігіне қарай қосымшаның дыбыстары да жуан не жіңішке болып айтылады. Мысалы: *балалар, ұйлер, ауылға, көшеде, сыртта* т.б. Мұны **буын үндестігі** дейміз.

Қазақ тіліндегі қосымшалар сөздің соңғы дыбысының сипатына қарай бейімделіп жалғанады. Сөздің соңғы дыбысы қатаң болса, оған жалғанатын қосымша да қатаң болады. Сөздің соңғы дыбысы ұяң не үнді болса, қосымша да ұяң не үнді дыбыстан басталады. Мысалы: *жазда, қалаға, мектепте, ұйге, бастық, сыйлықпен, намыссыз* т.б.

Сөз бен қосымшаның жігінде немесе сөз бен сөздің аралығында дауыссыз дыбыстардың бірін-бірі өзіне ұқсата әсер етуі **дыбыс үндестігі** деп аталады. Дыбыс үндестігі үшке бөлінеді: **ілгерінді ықпал, кейінді ықпал, тоғыспалы ықпал.**

Ілгерінді ықпал	Көрші дыбыстардың алдыңғысы соңғысын өзіне ұқсата әсер етуін <b>ілгерінді ықпал</b> дейміз: <i>тас-тан, адам-нан, көңіл-ге</i> т.б.
Кейінді ықпал	Сөз бен қосымшаның жігінде немесе сөз бен сөздің аралығында кейінгі дыбыстың алдыңғы дыбысқа әсер етуін <b>кейінді ықпал</b> дейміз: <i>теп-теуіп, сабақ-сабағы, жазса</i> (айтылуы <i>жасса</i> ), <i>көнбеді</i> (айтылуы <i>көмбеді</i> ).
Тоғыспалы ықпал	Қатар тұрған екі дыбыстың бір-біріне бірдей ықпал етуін <b>тоғыспалы ықпал</b> дейміз: <i>Шайтанкөл</i> (айтылуы <i>Шайтаңгөл</i> ), <i>тас-жарған</i> (айтылуы <i>ташшарған</i> ).



**АЙТЫЛЫМ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Сөз ішіндегі және сөз аралығындағы бір-біріне әсер етуші дыбыстарды анықтап, дыбыс үндестігінің қай түрі екенін айт. Буын үндестігі сақталып тұрған сөздерді ата.

Жанболат, тасжол, қас жау, қолхат, есейе келе, қарттық, перзентхана, көп білген.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Төмендегі әйгілі адамдардың пікірлерін екінші бағандағы сөздердің тиістісімен толықтырып жаз.

1	Тілдің көмегімен өнер-білімге, мәдениет пен ғылымға жетіп, ...	халықты, ел-жұртты, мемлекетті меңгереміз.
2	Өз басымызды, үй ішімізді, қоғамды, ...	адам баласының байлығында тілден артық не бар?!
3	Сондықтан «Өнер алды – қызыл тіл» дегендей, ...	өзімізді өзге жұртқа – әлемге танытамыз, сөйлейміз, оқимыз, жазамыз.

(Бауыржан Момышұлы)

1	Сөз ауызекі де сөйленеді, ...	қағазға да жазылады.
2	Сөзді дұрыс құраудың жолын білу – ...	материалының сыр-сипатын білу керек.
3	Сөз бұйымын дұрыс жасап шығу үшін де оның жасалу жолын, ...	жазылатын сөзге өте-мөте керек.
4	Сөз қалай жазылған болса, ...	солай оқылады.
5	Сөзді қалай құрудың тетігін білу ...	жазу тілі сияқты жауапты.
6	Өйткені топқа сөйленетін сөз де ...	ауызекі сөз үшін де керек.

(Құдайберген Жұбанов)



**АЙТЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Тіл қоғамға қызмет ететіндіктен, қоғамда болған өзгерістер белгілі мөлшерде тілге де әсерін тигізеді, онда ізін қалдырады. Мысалы, тілдегі қолданылатын жаңа сөздер қоғамдағы өзгерістерге, жаңа құбылыстарға байланысты орнығып қалыптасады немесе кәсіби сөздер қоғам өмірінде орын алған белгілі бір кәсіптердің атауы ретінде қолданылады.

Жоғарыдағы пікірдің дұрыстығын мысалдар келтіріп дәлелде. Дыбыс үндестігі мен буын үндестігін сақтап сөйле.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып, пікіріңді жаз.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.



**Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.



**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

**Бас бармақ** – басты мәселе. *Бүгін сабақта пікірімді тілдік элементтерді дұрыс қолданып жеткізе алдым ба?*

**Балаң үйрек** – бірлесу. *Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?*

**Ортан терек** – ойлану. *Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?*

**Шылдыр шүмек** – шынайылық. *Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?*

**Кішкентай бөбек** – көңіл күй ахуалы. *Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?*

**5–6-сабақ**

## Сұхбаттасу мәдениеті

**ОЙТҮРТКІ**

1. Сен қандай тақырыптарда сұхбаттасқанды ұнатасың?
2. Кездесудегі амандасу, кетердегі қоштасу, қуаныш сәттеріндегі құттықтау әдебін білесің бе?



**ТЫҢДАЛЫМ**

**1-тапсырма.** Мәтінде автор сұхбаттасу мәдениетіне қатысты қандай мәселелерді өзіңмен бөлісіп отыр?

Бір-бірімізді көргенде, амандасамыз, амандық-саулық сұрасамыз немесе бір-бірімізді құттықтап жатамыз.

Сәлемдесудің тілімізде сан алуан түрлері бар. Тіл жұмсау дағдысында «Сәлеметсіз бе?», «Аман-есенсіз бе?», «Армысыз?», «Сәлем бердік!», «Ассалаумағалейкүм!», «Кеш жарық!» т.б. сөздер күн сайын қолданылады. Амандық сұрасу – тұрмыста үзбей айтылатын, құлаққа жиі естілетін сөздеріміз. Бірақ бұлардағы мағыналық, стильдік реңк оларды талғап, таңдап өз орайында, өз орнында қолдануды қажет етеді. Мысалы, «Сәлеметсіз бе?»

деп амандасу үлкен-кішіге, таныс-бейтанысқа қолданыла береді. Ал «Ассалаумағалейкүм!» деп амандасуды ауылдағы кейбір жасы үлкен ақсақалдар ұнатып тұрады.

(Рәбиға Сыздық)



**АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ**

**2-тапсырма.** Амандасудың түрлерін қандай жағдайда қолдануға болатындығын рөлге кіріп көрсетіңдер:

- а) ерлер арасындағы амандасу;
- ә) әйелдер арасындағы амандасу;
- б) қыздар мен ұлдардың амандасу әдебі;
- в) үлкен мен кішінің арасындағы амандасу әдебі.



**АЙТЫЛЫМ**

**3-тапсырма.** Мына сөздерді қатыстырып, диалог құрыңдар.

1. Ассалаумағалейкүм – Уағалайкүмассалам! 2. Сәлеметсіз бе? Сәлеметсің бе? Сәлемет пе? 3. Амансың ба? Амансыз ба? Армысыз? 4. Ат-көлік аман ба? 5. Ел-жұртың, ауыл-аймағың аман есен бе? 6. Мал-жан аман ба? 7. Қайырлы таң! 8. Кеш жарық! 9. Жайлы жатып, жақсы тұрдыңыз ба?



**ЖАЗЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Тыңдалым мәтінінен ілгерінді, кейінді ықпал түрлерін тауып, «Қос жазба» күнделігіне жаз.



**ОҚЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Мәтінді оқып, ақпараттың тақырыпқа қатыстылығын талда. Ол үшін мәтінді екі бөлікке бөліп, топ құраңдар. Өр топ этикеттік сөздердің қандай жағдаятта айтылатынын рөлге кіріп талдасын.

Сөйлеу этикетіне жататын сөздердің бірі қоштасуға қатысты сөздер: сау болыңыз, қош болып тұрыңыз, келесі кездескенше, көріскенше күн жақсы, жайлы жатып, жақсы тұрыңыз, жолыңыз болсын, сапар сәтті болсын т.б жағдаятқа орай қолданылатын мұндай сөздерде де мағыналық реңк, айырма бар. Мәселен, бүгін-ертең немесе таяу күнде кездесетін, хабарласатын қызметтес адаммен «Көріскенше күн жақсы!», «Аман барып, сау қайтыңыз!» деп қоштаспайтыны белгілі. Ал алыс жол, ұзақ сапарға аттанып бара жатқан жолаушыға «Сау болыңыз!» деп қана қою салғырттықты білдіреді, сондықтан мұндайда «Сапар сәтті болсын!», «Жолыңыз болсын!» тәрізді сөз орамдары қолданылады.

Сөйлеу этикетіне жататын эмоцияға бай сөздер тобы – құттықтауға қатысты сөздер. Адамдар біреудің қуанышына әрдайым ортақтасып, ықылас білдіреді. Әсіресе, жасы үлкен кісілер



үйленген жастарға «Қосағыңмен қоса ағар!», «Босағаң берік, шаңырағың биік болсын!», «Қадамдарыңа гүл бітсін!», «Нұр жаусын!» деп ақ тілеу, адал ниеттерін білдіріп жатады. Шын көңілден шыққан сөз жүректі тебірентеді.



**АЙТЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Мәтінді талда. Төмендегі белгілермен әр абзақты немесе сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағаным қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.



**АЙТЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Төмендегі пікірді сілтеме етіп алып, пікірталасқа түсіңдер.

«Өзі туралы ғана айтатын адам тек өзі туралы ғана ойлайды. Ал өзі туралы ғана ойлайтын адам – қанша оқыған адам болса да, мәдениетсіз адаммен тең», – дейді Колумбия университетінің президенті Николас Мюррей Батлер.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Қоштасу сөздерін белгілі бір жағдайда (үлкен – кіші, ер – әйел, құрбылар) қолданылатынын дәлелдейтін сөйлемдер құра.

1. Ал жақсы, әзірше, әзірге. 2. Көріскенше! Көріскенше күн жақсы! 3. Сәт сапар! Сапарыңыз сәтті болсын! 4. Аман барып, сау қайтыңыз! 5. Қош, қош-қош, қайыр қош. 6. Ақ жол, амандық болсын! 7. Жол болсын!

**Есте сақта!**

Эмоционалды сөздер – адамның сезімін, көзқарасын, көңіл күйдің түрлі иірімдерін білдіріп тұратын сөздер.





**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Тілек сөздерді сөйлеу жағдаятына қарай топтап жаз.

Сөйлеу жағдаятының түрлері	Тілек сөздер
Мектепке барғанда	
Дастарқан басында	
Туған күнде	
Жолға шыққанда	

Абыройлы бол! Мерейің үстем болсын! Асың дәмді болсын! Еңбегің жемісті болсын! Ержет! Қолың дерт көрмесін! Дастарқан жақсылыққа жайылсын! Сапарың сәтті болсын! Қазаның оттан түспесін! Қадамың құтты болсын! Қадамыңа гүл бітсін! Жолың ашық болсын! Өмір жасың ұзақ болсын! Аман барып, сау қайтыңыз! Тілегіңе жет! Ата-анаңның көз қуанышы бол! Жол азабынан сақтасын! Көріскенше күн жақсы! Жортқанда жолың болсын, жолдасың қыдыр болсын!



**АЙТЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Оқылым мәтініндегі эмоционалды-экспрессивті сөздерді буын үндестігі мен дыбыс үндестігіне қарай талда.



**АЙТЫЛЫМ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Төмендегі тыйым сөздер сөйлеудің қай түріне (ауызша ма, жазбаша ма) қатысты екенін дәлелдеп айт. Тыйым сөздердің мағынасына сай суреттер сал.

1. Көп сөйлеме. 2. Сөйлеп тұрғанда есінеме. 3. Аузыңа тамақ салып алып сөйлеме. 4. Сөйлегенде тыңдап отырған серігіңе тым жақындама. 5. Дауысыңды тым бәсеңдетпе, тым екпіндеп те кетпе.

Есінеп сөйлеп тұрған бала.	Аузына тамақ салып сөйлеп отырған бала.	Қолын сермеп сөйлеп тұрған бала.
----------------------------	---	----------------------------------

**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

## 7–8-сабақ

## Тілдік қарым-қатынас талаптары

## ОЙТҮРКІ

Адамдарға ұнауға мүмкіндік беретін ережелерді білесің бе?



ТҮНЦАЛЫМ



АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтінді ұнтаспадан тыңда. Фалым Рәбиға Сыздық қандай өзекті мәселені көтеріп отыр? Топ болып талқылаңдар.



АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** «Үндестік заңын сақтап сөйлеу – бәріміздің міндетіміз» деген тақырыпта сөзталасқа түсіңдер.



АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Тілдік қарым-қатынастағы ережелер туралы өз пікіріңді дәлелде.

**Бірінші сөйлем.** *«Менің ойымша ...»*

**Екінші сөйлем.** *«Себебі, мен оны ... деп түсіндіремін».*

**Үшінші сөйлем.** *«Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».*

**Соңғы сөйлем.** *«Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».*

## Адамдарға ұнауға мүмкіндік беретін алты ереже

1. Басқа адамдарға шын ниетпен ықылас білдіріңіз.
2. Күлімсіреңіз.
3. Қасыңыздағы адамның есімі қай тілде болсын, ол оның құлағына жағымды естілетінін естен шығармаңыз.
4. Жақсы тыңдаушы бола біліңіз. Өзге адамдарды өздері туралы көбірек айтуға ынталандырыңыз.
5. Өңгімелесуші адамыңызды қызықтыратын тақырыпта әңгіме айтыңыз.
6. Өңгімелесуші адамды оның өмірде алатын өзіндік орны бар екендігіне сендіріңіз және оны шын ниетпен жасаңыз.

(Дейл Карнеги)



АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтіндегі сөздердің қандай мақсатта қолданылып тұрғанын айт.

Жыршының аты жыршы ма,  
Өркімнен өлең жаттаса?  
Сөз – жібек жіп, жыр – кесте,  
Айшығы айқын көрінбес,



Өрнексіз тіксең баттаса,  
Шешеннің аты шешен бе,  
Таңдайға дәмі үйіріліп,  
Даугердің тауын шақпаса?!

(Дулат Бабатайұлы)



**ОҚЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Өлеңді ілгерінді, кейінді ықпал түрлерін сақтап оқы.



**ОҚЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Мәтінді оқып шық. Мәтіннің негізгі идеясы не жайында? Мәтінді құрылымына қарай бөл: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.

Сөйлеу мәдениетіне баулу, тәрбиелеу – халықтың ата-бабадан келе жатқан игі дәстүрі. Бірде баласы:

– Өке, дұрыс сөйлегенде қалай сөйлеу керек? – деп сұрайды.

Сонда Бөлтірік шешен:

– Жатқа сөйлеме,  
Жаманға сөйлеме,  
Асырып сөйлеме,  
Батырып сөйлеме.  
Жаман сөзден жақсы сөз дұрыс.  
Жаманға айтқан сөзден  
Жақсыға айтқан сөз дұрыс.  
Ойсыз сөзден ойлы сөз дұрыс.  
Ойсызға айтқан сөзден  
Ойлыға айтқан сөз дұрыс.  
Айтылмай қалған сөзден  
Айтылып қалған сөз дұрыс.  
Сөйлемес жерді білсең,  
Сөйлемес жерде сөйлемей қалуды білсең,  
Бәрінен де сол дұрыс.

(«Билер сөзі» кітабынан)



**АЙТЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Жоғарыдағы әңгімеде Бөлтірік шешен сөзге қандай анықтама берді?
2. Дұрыс сөйлеу әдептілігі жөнінде не деді?
3. Шешеннің «ойсызға айтқан сөзден ойлыға айтқан сөз дұрыс» дегені нені білдіреді?



**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Керекті сөздер мен сөз тіркестерін тауып, орнына қой. Айтылған ойдың мәнін түсіндір.

1. ... қарап кісіні ал, кісіге қарап ... алма. (Абай)
2. Тіл қаруы – ... , сөз қаруы – ... .
3. Ақылды ой, ... сөз адамның ең жоғарғы ... . (Ф. Мұстафин)
4. Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген ... толық мәнді интеллигент емес деуге болады. (М. Әуезов)
5. Өз тіліңді ... .. тұрып, ... сүйе алмайсың. (К. Паустовский)
6. Тіл – адам ойының ... .
7. Аңдамай сөйлеген ... .. .
8. Ойнап сөйлесең де, ... .. .
9. Тисе терекке, тимесе ... .
10. Айтылған сөз – ... оқпен тең.
11. Көңілсіз ... – ойға олақ.

*Керекті сөздер:* қадір тұтпай, ел-жұртыңды, құлақ, атылған, бұтаққа, ойлап сөйле, ауырмай өледі, айнасы, жанды, сөз, ой, алғыр, қасиеті, сөзіне, сөз.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Жақсы өңгімелесуші болудың жеңіл тәсілі не болмақ? Шешендердің сөзіне сілтеме жаса.

**ОЙТАРАЗЫ**



**АЙТЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** «Көпшілік алдындағы сөйлеу мәдениетіміз қандай?» деген сұраққа жауап іздеп көр.

**9–10-сабақ**

**Нәтиже сабақ**

**ОЙТҮРТКІ**

1. Қазақ неліктен «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді?
2. Сен ата-анаңа, бауырларыңа жақсы сөзді жиі айтасың ба?



**ТЫҢДАЛЫМ**

**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда.

Халқымызда «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» деген мақал бар. Осы мақалға имандай ұйыған қазақ халқы өздерінің сүйікті перзенттеріне үлкендерден бата тілетуді аса бір сауапты іс деп білген.

Баяғыда біреудің жалғыз баласы ауырып, бақсы-балгерге қанша емдетсе де, ем қонбапты. Басқа амал таппай әбден тарыққан ата-анасы ауылдастарынан ақыл-кеңес сұрағанда, олар «аузы дуалы бір қарттың батасын алу керек» деген кеңес беріпті. Осы кеңеспен дүйім жұрты шарлатып, ең ақырында жасы жүзді алқымдаған, сақал, шашы күмістей бір қарияны тауып келіп, аша тұяқ көкқасқаға бата жасатады. Батаны ауру балаға сұратады. Сонда қария: «Аша тұяқ көкқасқа, жеткізе көр мың жасқа. Аларыңнан танбассың, осы жолы бір таста!» – деп, бата берген екен. Қарияның батасы қабыл болып, бала сырқатынан айғып кетіпті.



аузы дуалы – айтқаны келетін аша тұяқ – сиыр, қой, ешкі малдары



**АЙТЫЛЫМ** 2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» деген мақал қандай мағынаны білдіреді?
2. Қарияның батасын қалай түсіндің?



**АЙТЫЛЫМ** 3-тапсырма. «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» деген қанатты сөздің мағынасын жадында ұстау деген не? Өзің оқыған көркем әдебиеттен не ата-әжеңнің өңгімесінен есіңде қалғанын айтып бер.



**АЙТЫЛЫМ** 4-тапсырма. Сыныптастарыңа кімдерден бата алғаның туралы жағдаятқа (оқиғаға) негіздеп өңгімелеп бер.

Олар:

- ізгі тілек, жақсы ниетті білдіретін ақ тілекті бата;
- ас қайыру батасы;
- жол батасы;
- жарапазан батасы.



**ОҚЫЛЫМ** 5-тапсырма. Профессор Құдайберген Жұбановтың пікірін оқып шық. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды тап.

Сөйлеу деген – біреудің екінші біреуге хабар беруі. **Сөйлеушінің** тыңдаушыға беретін хабары өзіне әртүрлі әсер ететін болады.



Сөйлеуші бірдеменің жайын хабарлай тұрып, сонымен бірге сол хабары өз басына қандай әсер ететінін – **қайғыратынын, қуанатынын, өкіндіретінін** т.т. қоса білдіреді. Өйткені сөйлеуші – тас емес, тірі адам, сезімі бар, жүрегі бар адам. Сондықтан оған дүниедегі болып жатқан әртүрлі **құбылыстар** әсер етпей қоймайды. Бірін жылы қабылдап қуанады, біріне салқын қарайды.

Осының бәрінен де сөйлеушінің өз хабары өзіне қандай әсер еткенін білдіретін амалы – **сөздің әні**, дауыс сазы. Ол өзінің қуанғанын, күйінгенін, опынғанын немесе бұл хабары өзіне түк әсер етпегенін – осының бәрін тек дауысын құбылтып, сазын түрлендіріп қана білдіре алады.

(Құдайберген Жұбанов)



#### АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Сөйлеу дегеніміз не? Қ. Жұбановтың пікіріне сүйеніп айт.



#### ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтіндегі қарамен жазылған сөздердегі дыбыстарды талда.



#### АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ

**8-тапсырма.** Сөйлеу өнерінің заңдылықтарын зерттеп, әлемде мойындалған Дейл Карнегидің сөзіне назар аударыңдар. Осы заңдылыққа сәйкес диалог құрыңдар.

Адам баласының мінез-құлқына тән маңызды бір заңдылық бар. Осы заңдылыққа бағынсақ, біз ешқашан да қателеспейміз.

Сіз өзіңіз араласатын адамдардың сізді қолдағанын, қол жеткізген жетістіктеріңізді мойындағанын қалайсыз. Сіз өзіңіз өмір сүріп отырған ортада өзіндік орныңыз бар екенін сезінгіңіз келеді. Сіз түкке тұрмайтын арзан мақтауды, өтірік жағымпаздандуды емес, таза көңілмен айтылған бағаны естігіңіз келеді. Сіз айналаңызда жүрген достарыңыз бен әріптестеріңіздің шын жүректен баға беруін және мақтауын аямауын қалайсыз.

Сондықтан басқаларға өзіміз олардан алғымыз келген нәрсені беруіміз керек.

Қалай? Қашан? Қай жерде? Жауап біреу: әрқашанда және барлық жерде.

(Дейл Карнеги)



#### ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Басқа адамдардың жетістіктерін мойындауды біз қай жерден бастауымыз керек? Неге біз осыны өзіміздің отбасымыздан бастамаймыз? Олай болса, ата-анаңның не болмаса аға-апаларыңның жетістігін бағалап, ессе жаз.

**АЙТЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** «Сөз тазалығы» деген ұғымға қысқаша сипаттама жаз. Сөз тазалығына нұқсан келтіретін басқа тілден енген сөздер, дөрекі сөздер, жергілікті сөздер тәрізді нормаға жатпайтын сөздерге мысал келтір.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жаз. Үндестік заңын сақтап оқы.

Жақсы байқап ... ,  
Жаман шайқап ... .

Жүйелі сөз – ... .

Шешенің сөзі ... ,  
Шебердің көзі ... .

Сөз қадірін ... ,  
Өз қадірін ... .

Жаман сөз –  
Жанға кірген ... .  
Жақсы сөз –  
Таптырмайтын ... .

Ең тәтті де ... ,  
Ең ащы да ... .  
Шешеннің сөзі ... ,  
Шебердің бөзі ... .

*Керекті сөздер:* сөйлер, мерген, тікен, ем, киелі, білмеген, білмейді, тіл, ортақ.

**ОЙТАРАЗЫ****АЙТЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, сұраққа жауап бер.

1. «Мәдениет: тіл және қарым-қатынас» бөлімі бойынша не үйрендің?
2. Сен үшін қандай мәліметтер маңызды болды?
3. Өзіңнің және сыныптастарыңның білімін бағала. (Өз жұмысыңа, сыныптастарыңның топ ішіндегі әрекеттеріне көңілің тола ма?)
4. Осы бөлім бойынша тағы не білгің келеді?
5. Осы бөлім бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқисың?

## КИІМ. СӘН. ТАЛҒАМ

2-бөлім

1–2-сабақ

Киім

ОЙТУРТКІ

1. Сен ұлттық киімді қалайсың ба әлде еуропалық киім үлгісіне қызығасың ба?

2. Сен киімді қалай таңдайсың? Бағасына қарап па әлде сәнділігіне көңіл бөлесің бе?



ТЫҢДАЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтінді ұнтаспадан тыңдап, мазмұны не жайында екенін аңғар. Тірек сөздерді ата.



АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Киімнің адам өміріндегі маңызы қандай?

2. Қазақ салтында ер жігіт киімнің ең жақсысын қай уақытта киген?

3. «Бір киер киім» деп қандай киімді айтады?



ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Паргалас көршілеріңмен бірге тыңдалым мәтінінен мына құрылымға сай тіркестерді жазып шығыңдар.

Сапаны білдіретін сөз + заттың атауын білдіретін сөз.

Заттың атауын білдіретін сөз + қимыл-әрекетті білдіретін сөз.

*Керекті сөздер:* бұйым, сәнді, материалдық, құндылық, сән өнері, қолданбалы, киімдерді, талғамын, көрсетеді, атаған, киген, киім.



АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ

**4-тапсырма.** Сұрақтарға жұптасып жауап беріңдер.

**Асқар:** Сәуле, адамдар киімді не үшін жыл мезгілдеріне қарай таңдайды?

**Сәуле:** \_\_\_\_\_



**Асқар:** «Киім – адамның келбетін өзгертетін қолданбалы сән өнері» дегенді қалай түсіндің?

**Сәуле:** \_\_\_\_\_

**Сәуле:** Асқар, киім құндылыққа жата ма? Құндылық деген не?

**Асқар:** \_\_\_\_\_

**Сәуле:** Киім ұлттық ерекшеліктерді көрсете ала ма?

**Асқар:** \_\_\_\_\_



#### ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқып, не жайында екенін бір-біріңе сұрақ қою арқылы анықтаңдар. Баскиімге қатысты қанша сөз үйрендің?

### Баскиім

Баскиімдер ұлттық киімдердің мәнерлі де ерекше бөлігі болып саналады. Қазақта баскиімді ерлер де, әйелдер де киеді. Ерлер мен әйелдердің баскиімдері әртүрлілігімен ерекшеленеді. Ерлердің баскиімдері саны жағынан онша көп емес: қалпақ, бөрік, тымақ, құлақшын, жалбағай, кепеш, тақия.

Әйелдердің баскиімдері: бөрік, жаулық, желек, кимешек, күндік, орамал, қарқара, сөукеле, тақия, шәлі, қасаба, бүркеніш, шылауыш т.б. Қазақ әйелдерінің баскиімдері олардың жасы мен отбасындағы жағдайына байланысты бір-бірінен ерекшеленеді. Жаздыгүні қыздар түрлі түсті жібек, барқыт, мақпалдан тігілген, төбесі жайпақ, дөңгелек тақия, кесе, қыс маусымында кәмшат бөрік киген.

(«Қазақ халқының ұлттық киімдері» кітабынан)



#### АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Оқылым мәтіндегі баскиімдердің қайсысын білетіңді айт. Бүгінгі күні сенің отбасыңдағы адамдар баскиімнің қандай түрлерін киеді? Ой бөлісіңдер.



#### АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Оқылым мәтіндегі заттың атауын білдіретін сөздердің түбірі мен қосымшасын ажырат. Түбірдің соңғы дыбысы мен қосымшаның бастапқы дыбысының үндесіп тұрғанын парталасыңа түсіндір.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Сөздерді орнына дұрыс орналастырып, сөйлем құра.

Тақия, баскиім, сырып, кестелеп, сәтен, шұға, барқыт, маталардан, тігілген. Тымақ, қысқы, баскиім, биік төбелі, маңдайы, екі құлағы, бар, желке, жотаны жауып тұратын, аңның, малдың, терісінен, тігілген. Малақай, аң терілері, елтіріден, арасына, сырып тігілген, жүн, мақта салып, ерлердің, баскиім.

**АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ**

**9-тапсырма.** Диалогті керекті сөздермен толықтырыңдар.

- Киім неден тігіледі?
- Киім ..., ..., ..., ... тігіледі.
- Киім адамды неден қорғайды?
- Адамды ... .., ... қорғайды.
- Баскиім неше түрге бөлінеді?
- Баскиім ... және ... баскиімі болып екіге бөлінеді.
- Әйелдердің баскиімдері қалай ерекшеленеді?
- Әйелдердің баскиімдері ... және ... байланысты ерекшеленеді.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Мәтінге сүйеніп, ұзатылған қыздың ерте кездегі киімі мен өзің білетін қазіргі кездегі киімін салыстыр. Қайсысы ұнайтынын жаз (уақыт мөлшері: 7–8 минут).

1. **Өзіндік пікір (идея)** – бір сөйлем.
2. **Дәлел** – екі сөйлеммен келтіру керек.
3. **Өз пікірін дәлелдейтін мысал** – екі сөйлем.
4. **Өз пікіріне қарсы пікір** – бір сөйлем.
5. **Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал** – екі сөйлемнен тұру керек.
6. **Қорытынды** – екі сөйлемнен тұрады.

Киімнің ең жақсысы қалыңдықтың үстінде. Желбіршекті жібек көйлек пен барқыт қамзолдың сыртынан кигені жібек көк бешпент, иығына жамылғаны – парша шапан. Қос бұрымында сылдырлаған күміс шашбау, басына майда күміс теңгелермен әшекейленіп, төбесіне үлбіреген үкі қалдалған «қыз қалпақ». Қыздың ұзатыларда киетін киімі қымбат маталардан тігілді.





Асыл тастармен әшекейленген желегі бар сәукеле – қыздың оң жақта отырғандағы баскиімі.

(«Туркестанские ведомости»)



#### АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Тыңдалым және оқылым мәтіндерінен бұрын өздерің мән бермеген сөздерді тауып, топ болып мағынасына талдау жасаңдар.

#### ОЙТАРАЗЫ



#### АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Өзіңнің қыста және жазда киетін баскиімдеріңді суреттеп айт. Сөйлеу барысында дыбыс үндестігін сақтай алдың ба? Бір-біріңді бағалаңдар.

### 3–4-сабақ

## Ұлттық киім – асыл мұра

#### ОЙТУРТКИ

1. Отбасыңда кімдер ұлттық киім киіп жүреді?
2. Ұлттық киім атаулары қазақ тілінің сөздік қорын қандай сөздермен байытты?



#### ТЫҢДАЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңдар. Қандай сөздерді айтқанда мұғалімнің дауыс ырғағы ерекшеленді?

Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше – өзіндік қасиетке толы. Мұның себебі – қазақ халқының табиғат құшағында өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты.

Әлеуметтік дәрежесіне, сондай-ақ қандай кәсіби салаға қатыстылығына қарай қазақ халқы арасында хан, би, сұлтан (мұрақ, зерлі шапан), бақсы, сал-сері (жарғақ шалбар, мауыты, жібек жейде), малшы, аңшы (шекпен, кебенек, сырттық, күләпара), балуан, батыр (қаптама) киімдері деп бөлінген.

Жас ерекшелігіне қарай бала киімі, бозбала киімі, бойжеткен киімі, қалыңдық киімі, жас жігіт киімі, келіншек киімі, бөйбіше киімі, ақсақал киімдері болады. Олардың үлгілерінің әшекейі, тігілуі, кестеленуі әртүрлі болып келеді.

Жасы ұлғайған адамның киімі денеге қонымды, кең, мол пішілген, әшекейі, жалтырауығы аз, қарапайым болады. Күйеу киімі – ұзын төбе тымақ, қызыл манат шапан.



#### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** «Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше» деген тақырыпта өңгімелесіңдер.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**3-тапсырма.** Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

- Әлеуметтік дәрежесіне қарай қазақта қандай киімдер болған?
- Қазақта әлеуметтік дәрежесіне қарай ..., ..., ..., ..., ..., ... киімдері болған.
- Жас ерекшелігіне қарай қандай киімдер болған?
- Жас ерекшелігіне қарай бала киімі, ... .., ... .., ... .., ... .., ... .. болған.
- Жасы ұлғайған адамның киімі қандай болады?
- ... .. адамның киімі ..., ... .., ... .., ... .. болады.



**АЙТЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Суретпен жұмыс.



1. Суреттерге қарап, би мен батыр киімдерінің сал-сері киімдерінен өзгешелігін айт.
2. Малшы мен аңшы киімдерінде айырмашылық бар ма? Оны неден көруге болады? Түсіндір.



**ОҚЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтін мазмұнынан қандай ақпараттар алдың?

Қазақта сирек те болса кездесетін баскиімнің ерекше түрі – қарқара. Өзі биік әрі сәнді бұл баскиімге қарқара деген құстың

қауырсынын қадаған. Баскиімнің атауы да осыдан шыққан.

Қарқара – құтанға, тырнаға ұқсас сұңғақ, сымбатты құс. Баскиімге қадалған құс қауырсыны сан алуан мағына береді.

Киелі қарқара құсының қауырсынын баскиімге қадау ырымында пәле-жаладан сақтанумен қоса, мұнда халықтың әдемілікке, сұлулыққа деген құштарлығы да жатыр.

«Алтын қаңылтыр қалақшаға шекімелеп жасаған құс қауырсыны түріндегі әшекейлі қарқара Есік обасынан шыққан «Алтын адамның» тәжінде ұшырасады. Баскиіміне қадалған қарқараның санына қарап, қанша ру елді немесе қанша қол әскер басқаратындығын білуге болады».

Биік әрі шошақ, әсем безендірілген және сұлу құстардың қанат қауырсынын қадаған баскиімді жас келіншектер, қыздар сән-салтанаты мен жарасымын арттыру үшін киген.

(Сағатбек Медеубекұлы. «Ана тілі» газеті)



АЙТЫЛЫМ -  
ДИАЛОГ

**6-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша мына сұрақтар төңірегінде диалог құрыңдар.

- Қазақ халқында қарқара баскиімін кімдер киген?
- ...
- Баскиімге қадалған құс қауырсыны қандай мағынаны білдірген?
- ...
- Қарқара қандай құс?
- ...
- Қазақ шеберлері киім тігу үшін малдың жүнінен басқа тағы нені пайдаланған?
- ...



ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Есік обасынан табылған «Алтын адамның» баскиімін суреттеп жаз. Буын және дыбыс үндестігін сақта. Бір-біріңді бағалаңдар.



АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Түйе және қой жүндерінен тігілген киім түрлерін білесің бе? Топ-топқа бөлініп, ой алмасыңдар.







**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Екі бағандағы сөз тіркестерін мағынасына қарай таңдап, сөйлем құра.

№	Сөйлемнің бірінші бөлігі	Сөйлемнің екінші бөлігі
1.	Қазақтың киімінің тәуірін	кестелі тақия киген.
2.	Жігіт, бозбалалар кейде ақ шытты	бастарына үкілі бөрік, аяқтарына мәсі, оюлы кебістер киген.
	Аяқтарына көксауырмен оюланған,	күміспен күптелген белбеу буынған.
	Жас қыздар бүрмелі етектегі көйлек, бешпент, қамзол, қынама бел киімдер,	қыз-келіншектер киген.
	Барқыттан шапан, құймаланған алтынмен аптап,	оны аяққа баспай, биік жерге іліп қояды.
	Бойжеткен қыздар бастарына көмшат бөрік,	өкшесі құймаланған етік киген.
	Қазақ халқы баскиімді қастерлеп,	бір шекесіне түйе салып тартатын болған.

**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Сөздік қорыңның толығу жолдарын енді білесің бе?

**5–6-сабақ**

**Киім түрлері және талғам**

**ОЙТҮРКІ**

1. Киімнің қандай түрлерін білесің? Киім түрлеріне қатысты қанша сөз айттың?
2. Қазақ халқының киім киюдегі талғамы неден көрінеді?



**ТЫҢДАЛЫМ**

**1-тапсырма.** Мәтінді ұнтаспадан тыңдап, әртүрлі жастағы адамдардың талғамын есте сақта. Қандай сөздер есіңде қалды?

**АЙТЫЛЫМ****2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтіннің бірінші абзацындағы «қандай?» деген сұраққа жауап беретін сөздерді ата. Өзіңнің тыңдау және есте сақтау қабілетіңді тексеріп көр.

2. Киім тігуде қолданылатын қолөнер түрлерін ата.

**АЙТЫЛЫМ - ПОЛИЛОГ**

**3-тапсырма.** Киім тігудегі қазақ халқының талғамын жас ерекшеліктерімен байланыстырып әңгімелеңдер.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Қазақ шеберлері киімді қалай сөндеген? Нақты мысалдармен дәлелде. **Кім? не? қандай? не істеді?** деген сұрақтарға жауап беретін сөздер болсын.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Қазақ халқының талғамын танытатын киім үлгілері туралы жарнама мәтінін жаз.

*Керекті сөздер:* тақия, қыз, келіншек, шапан, ішік, кимешек, бөйбіше, көйлек, әйел, бөрік, етік.

**ОҚЫЛЫМ****6-тапсырма.** Әңгімені оқып, оның құрылымына назар аудар.

Қазақ шайы көзді, көңілді той-ғызуымен ерекше. Айсұлу ақ сүлгіге аз-кем орап, бұқтырып алған шайды кесеге құюға қам жасады.

Адамның адамға деген қызметі қымбат. Кісінің кісіге деген ықыласы ерекше. Айсұлудың сұлулығы қимылында болып шықты.

– Шырағым, қылықты қызметіңе ризамын, талабың жансын! Перзентті бол! – деп Елбасы ризалық сезімін білдіріп, алғыс айтты.

Ислам-ака қалыспай өз жосығын жасауға асықты. Дастарқан басынан тұра салып, есік сыртында тұрған көмекшісін шақырды. Қол сөмкесін ашқызды. Ішінен лағыл түсті жібек орамал шыялды. Бір шетінен шымши ұстап көтерген Ислам-ака:

– Мынау қалыңдыққа арнап тоқылған Хиуа жібегі, Хиуаның жібек орамалы! – деп құлашын кең жайған кезде, біраз жерді



алып кеткен лағыл орамалды «Кел, қарағым», – деп, жақын келген келіншектің иығына жапты.

(«Жұлдыз» журналынан)



**АЙТЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріп, әңгімені қалай айтуға болатындығын талда.

1) Автор әңгімені бастамас бұрын қандай сөйлеммен оқырманның назарын аударды?

2) Әңгіме әрі қарай қалай өрбіді? Негізгі бөлімде қандай оқиғалар орын алды?

3) Әңгіменің аяғы немен бітті?

4) Айсұлу сыйлыққа алған лағыл түсті жібек орамал Ислам-аканың биік талғамын көрсете ме?



**АЙТЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Мәтіндегі «Адамның адамға деген қызметі қымбат. Кісінің кісіге деген ықыласы ерекше» деген жолдардың мәнін түсіндір.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Суретке қарап, бозбала мен бойжеткеннің киімдерін жарнама-ла. Жарнама мәтінде суреттеу болсын.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Мұрақ туралы ақпаратты пайдаланып, қазақ ханы Абылайдың бейнесін жаса.

Мұрақ – лауазымды адамдар киетін екі жағы қошқармүйізденіп келетін, сән-салтанатқа киілетін қалпақ. Мұраққа қарап, халық мансапты адамды айырады. Мұрақ қалпағын елбасы, төре, билер киген. Мұрақты оюлап, өрнектеп, алтын-күмістелген әртүрлі жіптермен тігеді. Мұрақты көбіне той-томалақ, сән-салтанатқа киеді.



(«Қазақтың байырғы сәлт-дәстүрлері» кітабынан)



**ЖАЗЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Мәтін үзіндісін пайдаланып, қазақ халқының сырт киімдері жайында мәтін жаз. Жазған мәтінде буын және дыбыс үндестігіне көңіл бөл.

Негізгі сырткиімдерге шапан, күпі, тон, жақы, жарғақ, шием, ішік, шекпен, кебенек жатады. Қазақ халқының өмір тір-



шілігінде осы киімдерді тігуде төрт түлік малдың терісі мен жүні үлкен рөл атқарған.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** Төмендегі үзіндіні қорытынды етіп алып, «Сыйлық – халық кәдесі» деген тақырыпта эссе жаз. Эсседе кіріспе, негізгі және қорытынды бөлім болсын.

Сыйлық таңдағанда талғам танылады. Сыйлықтың қымбат, көлемді болуы міндетті емес. Алайда сыйлық берілетін адамның талғамына, қалауына сай келуі тиіс. Сыйлықты таңдаған кезде өз талғамың мен оған деген қарым-қатынасың көрініс табатындай болсын.

**ОЙТАРАЗЫ****АЙТЫЛЫМ**

**13-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға ауызша жауап бер.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Тақырып бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

**7–8-сабақ****Қазіргі сән****ОЙҮРТКІ**

1. Қазіргі сән туралы достарыңмен сөйлескің келе ме?
2. Қазіргі сән өнерін бағындырған дизайнерлер кімдер?

**ТЫҢДАЛЫМ**

**1-тапсырма.** «Жастар киімі» деп аталатын мәтінді ұнтаспадан тыңда. Шетелдік сән атауларын есіңе сақта.

**АЙТЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** Сөздікпен жұмыс істеп, мағынасын түсіп.

- жағалы киім –
- классикалық стиль –
- үйлестіріп кию –
- сөнге айналған –
- спорттық стиль –
- үйлесімді байланыс –
- сән мінбесі –

АЙТЫЛЫМ -  
ПОЛИЛОГ**3-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Жастардың өз стилін іздейтін уақыты қай кез?
2. Кез келген стиль мен екінші бір стильді үйлестіріп кию деген не?
3. Электикалық стильдің басты белгісі не?
4. Классикалық стильге қандай стильдер жатады?



ЖАЗЫЛЫМ



АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтіндегі шет тілінен енген терминдерді теріп жазып, мағынасын түсіндір.АЙТЫЛЫМ -  
ДИАЛОГ**5-тапсырма.** Берілген мәтінді диалогке айналдырыңдар.

Менің жасым – он бірде. Мен сәнді киінгенді жақсы көремін. Ал менің анам – педагог. Оған классикалық стиль ұнайды. Менің көршім – егде кісі. Ол басына орамал тартады, үстіне мол пішілген қамзол киеді. Кең етектегі ұзын көйлегі өзіне жарасып тұрады.

## Тілдік бағдар

### Оқшау сөздер

**Қаратпа сөздер.** Сөйлеушінің назарын өзіне аудару үшін қаратпа сөздер қолданылады. Мысалы: *Менің ойлаған ойымның үстінен түстің, Ботагөз.* Осындағы қаратпа сөз – *Ботагөз*. Сөздің Ботагөзге арналғандығын білдіреді. Қаратпа сөз сөйлемнің басында, ортасында, соңында келе береді. Қаратпа сөз сөйлемнің басқа мүшелерінен үтір арқылы бөлінеді.

**Қыстырма сөздер.** Қыстырма сөздер өзі қатысқан сөйлемдерге сөйлеушінің көзқарасын – күмәнділікті, сенетіндікті, өкінішті, ренішті, сондай-ақ ойдың кімнің тарапынан екендігін білдіру үшін қолданылады. Мысалы: *Бәсе, солай болады деп айтып едім ғой.* Осында *бәсе* сөзі сөйлеушінің ризалығын білдіріп тұр. Қыстырма ретінде жұмсалатын сөздер: *мүмкін, сөз жоқ, әрине, шынында, сірә, біріншіден, меніңше, сөйтіп, сонымен* т.б.

**Одағай сөздер.** Одағайлар сөйлеушінің сезімін, көңіл күйін (қуанышын, ренішін, таңдануын, ризалығын) білдіру қажет болғанда қолданылады. *Па, шіркін! Дауысы дауыс-ақ екен. Жұмысты істеген соң осылай істеу керек, бәрекелді!* Одағайлар көбінесе ауызекі сөйлесуде қолданылады.





**ОҚЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Мәтінді оқы. Жаңа сөздерді тауып, жасалу жолдарын түсіндір.

Балалар, киім кию мәдениетіндегі қандай мезгілдік өзгерістерді білесіңдер?


Сәндік өзгерістер, әрине, ұзақ сақталмайды, өйткені адам баласы әр уақытта жаңалыққа, түрленуге ұмтылады.

Сән стилінің алмасу процесі жүріп жатыр. Сөз жоқ, үш-төрт жылдан кейін ол өз шыңына шығады және сол шыңда бес жылдай үстемдігін ұстайды. Одан кейін бір сәннің орнына келесі сән алмасып келіп отырады. Сәнді киім стилінің алмасу процесі он жыл уақытқа созылады. Бұл циклдер әр ғасырда күнтізбелік онжылдықтармен сәйкес келеді, сондықтан «20-жылдардың сәні», «50-жылдардың сәні» т.б. деп айтады.

Жаңа сән үлгілерін халыққа жеткізіп таратушы – актерлер, музыканттар, танымал сәнқұмарлар.

Тәуелсіз Қазақстанның сән өнерін бағындырған дизайнерлер Құралай Нұрқаділова, Аида Қауменова, Оксана Корби, Балнұр Асанова және т.б.

*(Сән колледжіне арналған оқулықтан)*



**ЖАЗЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Өзің білетін қаратпа, қыстырма, одағай сөздерді кестеге салып жаз.

Қаратпа сөздер	Қыстырма сөздер	Одағай сөздер
----------------	-----------------	---------------



**АЙТЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға жұп болып жауап беріңдер. Жауаптарыңда қаратпа, қыстырма, одағай сөздер болсын.

1. Сән өзгере ме? Не себепті өзгеріп отырады?
2. Сәннің өзгерісі қай салада көрінеді?
3. Балалардың киіміне сәннің қатысы бар ма?
4. Сән неліктен ұзақ сақталмайды?
5. Сән өнерін бағындыруды армандайсың ба?



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

Киім кию, киіну стилі, сәнге айналған, қазіргі заманғы стиль, эклектика, дәстүрлі киім, әлемдік сән үлгісі, классикалық стиль, жағалы киім, табиғи тері, жұқа шифон, жібек мата, теңізші стилі, жастар стилі.



**ОҚЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Сөйлемдердің сыңарын мағыналарына сәйкестендіріп жаз.

1	Адамның киген киімі	стильдерді үйлестіріп кие береді.
2	Адамдардың жасына қарай	оның ішкі дүниесінен хабар береді.
3	14–20 жас аралығында	киіну стилі де өзгереді.
4	Жаңа материалдардың және оларды өңдеудің түрлері	сәннің маңызы зор.
5	Әлемдік сән үлгісінде	жаңа стильдердің пайда болуына әсер етеді.
6	Қазіргі қоғам үшін	жібек, тері, шифон, қамқадан тігілген киімдер көбейді.



**ОҚЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Отбасылық киімнің түрлерін кестеге жазып толтыр.

Атамның киімі	Әжемнің киімі	Әкемнің киімі	Анамның киімі

**ЖАЗЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** «Броундық қозғалыс». Сыныптағы оқушылардың қандай стильді ұнататынын сауалнама жүргізу арқылы біліңдер. Сауалнаманың сұрақтарын өздерің толтырыңдар.

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

**13-тапсырма.** Соңғы сән үлгісін сипаттап жаз. Кім қанша жаңа сөз қолданды? Өзіңді және бір-біріңді бағалаңдар. Сабақта білген грамматикалық ережені дұрыс пайдалана алдың ба?

**9–10-сабақ****Нәтиже сабақ****ОЙТҮРТКІ****АЙТЫЛЫМ**

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. «Жақсы сөз – жарым ырыс» мәтелінің мағынасын білесің бе?
2. Киімге қатысты қандай мақал-мәтелдерді білесің?

**ЖАЗЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** Төмендегі мақал-мәтелдерді қатыстырып, мәтін жаз. Мәтінде одағай сөздер болсын.

Бас аман болса, бөрік табылады. Жамап киген киімнің де буы болады. Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде. Орамал тон болмаса да, жол болады.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**3-тапсырма.** Дәптеріңе кесте сызып, оны сән тақырыбындағы мәтіндерден есінде қалған сөздермен толтыр. Қанша сөз есінде қалды?

**АЙТЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Қаратпа, қыстырма сөздердің жұмсалуды мен жазылуына түсінік бер. Мысалдар келтір.

**ОҚЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтіндегі қаратпа сөздердің қолданысына назар аудар.

Қалың жауға талай жалғыз шапқан батыр Мәті биді білмейтін қазақ кемде-кем.



Мәті ұлы Тайланды Қаратаудың баурайын тырналап нан тауып, шатқалын аралап ет тауып, ел қатарына қосып еді.

Тері киіп, терсек төсеніп өскен намысқой жігіт: «Әке, менің қатарым атқа мінді. Мен қайтем, қу даладан құлан ұстап жуа-сытам ба?» – дегенінде: «Балам, жұрттан талай алғыс алып ем. Сол алғысым сені жаяу тастар деймісің!» – депті.

Аңшы жігіт тағы аңды қуалап, таудан-тасқа ырғып-қарғып жүргенде, етекте кетіп бара жатқан бір керуеннің көзіне шалынады. Керуен басындағы шұбалған көк ала атты анадайдан бұрылып кеп: «Жігітім, кім боласың?» – деп сұрайды.

Тайлан жөнін айтады. Сонда бейтаныс кісі атынан түсіп, оны аңшы жігітке ұсынады. Тайлан мына суреттей атқа қызығып тұрса да, намыстанып, оңай келген олжадан бас тартады. Ат иесі: «Жігітім, тартынба, ал! Кісіге бақыт та, қасірет те осылай ойда жоқта тап болады. Бақытыңнан бас тартып тұрғаныңды, жоқ, қасіреттен бас тартып тұрғаныңды қайдан білесің? Меселімді қайтарма. Жалғыз-ақ бұйымтайым, әкеңе сәлем айтып барсаң болғаны, бар», – дейді. Сонда жігіт: «Әкеме кім сәлем айтты деп барамын?» – деп сұраған екен. Анадайдан өзін тосып тұрған керуенге жаяу аяндап бара жатқан әлгі бейтаныс кісі: «Қызыл тайынша!» – деп айқайлапты.

*(Әбіш Кекілбайұлы)*



#### АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Жазушының айтпақ болған ойын анықта.
2. Мәтін ауызекі сөйлеу стиліне жата ма әлде жазба стильге жата ма? Сөзің дәлелді болсын.



#### АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Кейіпкерлердің сөзін қалай түсінгеніңді айт.
2. Кейіпкерлердің сөзін үндестік заңын сақтай отырып жеткіз.



#### ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Классикалық стильде киінетін адамдарды сипаттап жаз. Кімді? нені? қандай? не істейді? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді қолдан.





**АЙТЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Мата түрлерін біліп ал. Мата атаулары берілген сөзжұмбақты толтыр.

Қамқа – алтындатқан не күмістелген зерлі жіптен тоқылған жібек мата.

Манат – барқыт тәрізді бағалы шұға.

Мауыты – өң жағы майда түкті қалың мата.

Торқа – ең қымбат жібек мата.

Батсайы – қалың жібек кездеме.



Дүрия – жылтырауық тығыз жібек мата.

Қыжым – сапалы жүннен тоқылған түкті мата.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Эссе жаз. Эссенің кіріспесі етіп төмендегі мәтін үзіндісін ал. Эссенің негізгі бөлімі мен қорытындысын жазуда көргенің мен білгеніңе сүйен.

«Ат мінгізіп, шапан жабу» салты – құрметті қонаққа, ақынға, батырға, балуанға және сол сияқты елге еңбек сіңірген ардақты азаматтарға көрсетілетін қазақ халқының ертеден келе жатқан ата салты. Ат мінгізу, шапан жабу қазіргі күнде де жарасымды жалғасын тауып келеді.



**АЙТЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Баскіімге қатысты ырымдар мен тыйымдарды С. Кенжеахметұлының «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» кітабынан іздеп тауып, бір-біріңе жеткізіңдер. Дәптерлеріңе жазыңдар. Бұрын бұл туралы естіп пе едіңдер? Кімнен естідіңдер? Осы ырымдарды үнемі сақтап жүресіңдер ме?

**ОЯТАРАЗЫ**



**АЙТЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** Сөйлеген сөзің мен жазған мәтініңде қанша қате жіберіпсің? Тыныс белгілерін дұрыс қойдың ба? Өзіңді және бір-біріңді тексеріп, бағалаңдар.

## ОТБАСЫЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕР МЕН МЕРЕКЕЛЕР

### 3-бөлім

### 1–2-сабақ

### Отбасылық ғұрыптар



1. Отбасылық ғұрыптар дегенді қалай түсінесің?
2. «Абысын тату болса, ас көп,  
Ағайын тату болса, ат көп»  
деген мақалдың мағынасына мән бердің бе?



#### ТЫҢДАЛЫМ

**1-тапсырма.** Ұнтаспадан «Тойға тілек» деген өнді тыңдап әрі қосыла шырқап, қазақ халқының қандай қасиетін жырға қосып тұрғанын айт.



#### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Өн мәтініндегі мына сөз қолданыстарын «Қос жазба» күнделігіне салып түсіндір.

Сөз қолданысынан үзінді	Түсініктеме
Дүниенің шымалдығын ән сап тұрып ашатын	
Қызығын да, қайғысын да ән-күйменен бөліскен	
Бөліп жеген бір үзім нан, көжесін де бөле ішкен	



#### ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Өн мәтініндегі сөздерде буын және дыбыс үндестігі сақталған ба?



#### АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Өн мәтініндегі тілек сөздердің қандай эмоцияны білдіретінін парталасыңа дәлелде.



#### ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқып, түсінгеніңді айт.

Қазақ халқының бала бағуға байланысты ғұрыптар кешеніндегі шілдеханадан бастап, кіндік кесу, баланың қарын ша-

шын алу, бесікке салу, қырқынан шығару, тоқым қағу, тұсау кесу сияқты толып жатқан салттар отбасылық мерекеге айналады.

Отбасылық ғұрып фольклорының ішіндегі жұртты ынтықтыра тәнті ететін көркем де күрделі саласы – үйлену ғұрпына қатысты жырлар. Бұған «Тойбастар», «Жар-жар», «Сыңсу», «Беташар», «Неке қияр» сияқты танымал жанрлық түрлері жатады. Дәстүрлі ұғымда үйлену тойы тек қыз бен жігіттің немесе ата-ананың ғана қуанышы емес, ол бүкіл ауылдың, аяқ жетер ағайынның, ұлыстың, қала берді, бүкіл елдің тойы болған.



(Кенжехан Ісләмжанұлы)



**ЖАЗЫЛЫМ**



**АЙТЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Төмендегі хабарламада айтылған мәліметтер бойынша білетініңді диаграммаға салып баянда.

Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры үлкен үш саладан тұрады.

1. Сәбилік ғұрып жырлары.
2. Үйлену ғұрпына қатысты жырлар.
3. Азалау ғұрып жырлары.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікіріңді дәлелде.

**Бірінші сөйлем.** «Менің ойымша ...»

**Екінші сөйлем.** «Себебі, мен оны ... деп түсіндіремін».

**Үшінші сөйлем.** «Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

**Соңғы сөйлем.** «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».



**АЙТЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Төмендегі сөздердің ішінен ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпалды тап.

Көзқарас, жұмысшы, сенгім келеді, Жанқожа, жазшы, Досжан, ашса.



**АЙТЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** «Кімнің жады мықты?» «Бесік жырын» кім жатқа айтады? Толық айтқан бала жеңеді.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Сәбиді бесікке салудың денсаулыққа, таза-лыққа пайдасы жайында жарнама мәтінін құра.

**ОЙТАРАЗЫ**



**АЙТЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Тексер! Бағала! Өзің хабардар болған және құраған мәтіндерден қандай ықпал түрлерін меңгердің?

**3–4-сабақ**

**Отбасылық мерекелердің тәрбиелік мәні**

**ОЙТҮРТКІ**

1. Отбасылық мерекелерге қатысты қандай мақал-мәтелдерді білесің?
2. Отбасылық мерекелерден халықтық мерекелердің айырмашылығы бар ма?



**ТЫҢДАЛЫМ**

**1-тапсырма.** «Тойбастар» жырын ұнтаспадан тыңда. Қандай нақыл сөздер және тілек мағынасындағы сөйлемдер есіңде қалды?



**АЙТЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

Жыр қандай мерекеге арналған? Оны қандай тірек сөздер дәлелдейді?



**АЙТЫЛЫМ**

**3-тапсырма.** Жырдың тәрбиелік мәнін «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айт.

**Пікір.** Тыңдалым мәтіні бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.



**Есте сақта!**

Сөздердің сөйлем ішінде дұрыс жазылуын **орфографиялық норма** деп атайды. Сөздерді дұрыс жазуда орфографиялық сөздікке жүгінеміз.

Сөздердің айтылуында дыбыс үндестіктерінің, ықпал заңдарының сақталуын **орфоэпиялық норма** деп атайды.

**АЙТЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Жырда қолданылған төмендегі сөз тіркестерінің мағынасын бірігіп талқылап, түсіндіріңдер.

Бақыт құсы, тағдыр айдап, қадамы құтты болсын, асылды киінісіп, тілдің желі, жер мен көк, ет тарту, қуанышқа кенелген, қыз анасы.

**АЙТЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Төмендегі сөздердің қосарланып айтылатын сыңарын тауып, қандай сұраққа жауап беретінін айт. Осы қос сөздерді қатыстырып, сөйлем құра.

Кәрі- , той- , табақ- , салт- , ән- .

**ЖАЗЫЛЫМ**

**6-тапсырма. Топтық жұмыс.** Тойға, қуанышқа, отбасылық мерекеге қатысты мақал-мәтелдерді жалғастырып жаз.

«Жақсы сөз – жарым ырыс», «Жұмыла көтерген жүк жеңіл»,  
... ..

**ОҚЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Мәтінді оқып шық. Не туралы? Парталасыңа сұрақ қой. Мәтінді өзің жалғастыр. Бесік жырын айт.

Сәби тәрбиесі мен мінез-құлқын қалыптастыруда бесік жырының орны мүлде бөлек. Ол баланың көкірек көзін ашады, жан-жүйесін тербейді, бойын сергітеді, көңіл күйін көтереді. Әже мен ананың әлдиі сәбидің алғашқы өнер мектебі екені белгілі. Ұлы Абайдың: «Туғанда дүние есігін ашады өлең», – деуі тегін емес. Бесік жырында ұлттық тәрбиенің үздік үлгісі жатыр.

Бесік тербетуге жараған баланың өзі бөпесін өлең айтып ұйықтататын. Бұрын ананың бесік жырын сәби ғана емес, ауыл балалары, тіпті үлкендер де құлағын салып тыңдап отыратын.

(«Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» кітабынан)

- Мәтіндегі қандай эмоционалды сөздер толғандырды?

**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** «Бесік жырын» айту қазіргі қазақ дәстүрінде бар ма? Төменге пікіріңді жаз (уақыт мөлшері: 7–8 минут).

1. **Өзіндік пікір (идея)** – бір сөйлем.
2. **Дәлел** – екі сөйлеммен келтіру керек.
3. **Өз пікірін дәлелдейтін мысал** – екі сөйлем.
4. **Өз пікіріне қарсы пікір** – бір сөйлем.
5. **Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал** – екі сөйлемнен тұру керек.
6. **Қорытынды** – екі сөйлемнен тұрады.

**АЙТЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Мәтіннің тәрбиелік және эстетикалық мөнін топ болып талдаңдар.

Көп ұзамай оқшауырақ тігілген қалыңдық отауының жанынан қызылды-жасылды киінген қыз-келіншектер шоғыры дүрк етіп қозғалып кетті. Қастарында тай-құнанға мінген жасөспірім балалар, жол бастайтын, ат ұстайтын бірен-саран атқосшы жігіттер бар, жиын саны жиырмадан кем болмас. Бұл өзі қарауға көз тоймайтын қызық та сәнді топ еді. Күн нұрына шағылған күміс ер-тұрманды, кілең сөйгүлік ат мінген үкілі қыздар – бейне көл бетінен көтеріліп ұшқан аққулар секілді. Олар екі-екіден сап түзеп, шеру тарта жөнелгенде, Тасболат би мен Айтолқын бастатқан үлкендер де тайлы-тұяғы қалмай сыртқа шығып, тамашасына қарап тұрды.

(Қабдеш Жұмаділов)

**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Мәтіндегі көңіл толқытарлық жағдаяттар қандай эмоционалды сөздердің көмегімен берілген? Суреттеп жаз.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Отбасы туралы өзің білетін мақал-мәтелдерді қатыстырып, сөйлем құра.

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

**Бас бармақ** – басты мәселе. *Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?*

**Балаң үйрек** – бірлесу. *Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?*

**Ортан терек** – ойлану. *Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?*

**Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?**

**Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?**

### 5–6-сабақ

## Қазақ халқының салт-дәстүрлері



1. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін жақсы білесің бе?
2. Қазақстанда өмір сүретін басқа ұлттардың салт-дәстүрлерін білгің келе ме?



#### ТЫҢДАЛЫМ

**1-тапсырма.** Мұғалім оқыған мәтінді тыңда. Мұғалімнің қандай сөздерге екпін түсіріп оқығанын аңғар.

**Сауын алу.** «Ердің күйін сұрама, жұрттан сауын сауған соң» (ел аузынан). Бұрын кедейлер мен малы аз адамдар ауқатты байлар мен жақын ағайындарынан сүтін пайдалану үшін «сауынға» деп құлынды бие немесе бұзаулы сиыр, кейде бірнеше қой, ешкіні де белгілі бір уақытқа сұрап алатын. Сауынға алған малдың сүтін, май, қаймағын пайдаланып, қысқа құрт, ірімшігін дайындайды. Сауын тәртібі бойынша алған адам малдың күйін төмендетпей және оның төлін де мезгілінде аман әкеліп тапсыруға кепілдік береді. Шығын болса, сөз айтпай төлейді. Сауын алудың ереже, тәртібі осындай, оған ешкім дау айта алмайды. Ертеректе кедейлер байлардан сауын алып күн көрген. Әдет бойынша малы бар адамдар сауын беруге міндетті болған. Бұған ел ағалары мен ақсақалдары да араласып, ауқатты кісілерді осындай жәрдемге шақырып, ықпал етіп отырған. Бұл да қазаққа біткен қайырымдылық қасиеттің бір көрінісі екені анық.

(«Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» кітабынан)



#### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

- Мәтіндегі негізгі ақпаратты беріп тұрған сөздер қайсы?
- Қазақ дәстүрінде қайырымдылық қалай жүзеге асқан?



#### АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Төмендегі сөздердің айтылуы мен жазылуындағы айырмашылықты парталасыңа түсіндір.

Ердің күйін, бірнеше қой, сұрап алады, сауынға алған, малдың күйін, дау айта алмайды, күн көрген.





**АЙТЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** «Қазақ халқының ертеден келе жатқан аса үлкен тойы – ас беру» деген тақырыпта ойбөліс ұйымдастырыңдар.

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмау;
- сөз әдебін сақтау;
- үндестік заңын сақтау;
- қазақ әдебиетінде суреттелген ас беру салтанатынан деректер келтіру;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.



**ЖАЗЫЛЫМ**



**АЙТЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Суреттерге қарап, оқиғаларды әңгімеле. Салт-дәстүрлерді бейнелейтін сөздердің мағынасын түсіндір.



**ОҚЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнын айт.

Қазақстанның 14 облысында және қалаларында қазақ, татар және башқұрт халықтарының көп ғасырлық тарихы бар сабан тойы, әндері, билері және спорттық ойындары өткізіледі.

Корей халқында үш мерекенің аталып өтуі міндетті: бірі – баланың туған күні, екіншісі – үйлену тойы, үшіншісі – мүшел тойы (алпысқа келу). Бұл халықта да құда түсу, құда-құдағиды

құрметтеу, қалыңдық таңдау, көрімдік беру, үйлену тойын бірлесіп өткізу тәрізді салт-дәстүрлер бар (З. Бейсембаева).

Дүнгендердің келін түсіру ырымдарында қазақтарға ұқсастық жағы бар. Оларда да дастарқан толы түрлі тағам беріліп, жағалай отырған адамдар насихат сөздер айтады. Шашу шашылады, ырым, жол-жоралғылары жасалып, жас отауға тілек айтылады (Ә. Дайрабаев).

Ұйғырлардың отбасында ең үлкен үш қуаныш арнайы тойланады. Олар – нәрестенің дүниеге келуі, ер баланы сүндетке отырғызу, үйлену тойы.

Қызды қолдан ұзату ата-ана үшін үлкен абырой саналады. Қызды алып қашу деген болмайды. Кіндік шешелікке ел құрметтеген адамдарды шақыру дәстүрі әлі күнге дейін сақталған (Ш. Майгаранова).



#### АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Оқылым мәтініндегі Қазақстан халықтарының ортақ салт-дәстүрлерін өңгімеле. Салт-дәстүр атауларының тұлғасына қарай қандай сөздер екенін дәлелде.



#### АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ

**8-тапсырма.** Қандай салт-дәстүрлерді құндылықтар деп есептеп, жаңғыруын қалайсың? Дәлелмен сөйле.



#### ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** «Ашамайға мінгізу». Салтты өткізудің нұсқаулығын жаса. Нұсқаулықта мәтіндегі ақпараттарды пайдалан.

**Ашамайға мінгізу.** Баланың сана-сезімін жетілдіру үшін жасалатын тәрбиелік салттың бірі – осы ашамайға мінгізу салтанаты. Жас бала есі кіріп, 6-7 жасқа келген соң, оған жеке тай атап, балаға арналған «ашамай» деп аталатын ер жасатып, қамшы өріп, «сен азамат болдың» деген сенім ұялатып, үйретілген жуас тайға әсем ашамай ерттеп мінгізіп, жүргізеді. Бұл баланың көңілін өсіреді, басқа балалар алдында мерейі көтеріліп, мақтаныш сезімде болады, тез есейеді. Оны еңбекке, адамгершілікке тәрбиелеу – осы ашамайға мінгізу арқылы да көрінеді. Ақ тілекті аналар шашу шашады. Ересек балалар тайға мініп, жарысады. Аяғы шағын тойға ұласады.



#### АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Тексер! Бағала! Тапсырманы орындау барысында грамматикадан алған біліміңді қолдана алдың ба?



#### АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Сөз жарыс. Топқа бөлініп, салт-дәстүрлерді бейнелейтін сөздерді атаңдар. Қай топ көп айтса, сол топ жеңеді.

## ОЙТАРАЗЫ



## ЖАЗЫЛЫМ

**12-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Тақырып бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

## 7–8-сабақ

## Әдет-ғұрыптар

## ОЙТҮРТКІ

1. Қалай ойлайсың, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарда айырмашылықтар бар ма?
2. Сенің отбасыңда жиі қолданылатын дәстүрлер қайсы?



## ТЫҢДАЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтінді ұнтаспадан тыңда. Сөз іші мен аралығындағы дыбыстардың бір-біріне ықпалын түсіндір.



## АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** *Таным, ұғым, әдет, әдеп, салт, дәстүр* сөздерінің мағыналарын түсіндір.



## ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді оқып шығып, тірек сөздерді анықта.

**Ала жіп аттамау.** Қазақ дүниетанымында ала жіп туралы әртүрлі ұғымдар мен түсініктер бар. Мысалы, баланың тұсауын кескенде, адамдар қатты ренжіскенде, тағы басқа әдет-ғұрып қағидаларында «ала жіп» бейнесі қолданылады. Соның бірі «ала жіп аттамау» деп аталады. Ол адалдыққа, адамгершілікке сай қолданылатын фразеологизм десе де болады. Бұл теңеу «ешкімге қиянат жасама, біреудің мал-мүлкін ұрлама» деген терең мағынаны білдіреді. Біреудің «мен ешкімнің ала жібін аттаған жоқпын» деген сөзі оның ақ-адалдығын сездіреді.

**Асар.** Бір отбасының қолынан келмейтін күрделі жұмыстарды атқару үшін бір ауылдың адамдары «асарға» шақырылады. Мысалы, үй көтергенде, егін салғанда, оны жинағанда, шөп шабу т.б. Асарға шақырылғандар еңбегі үшін төлемақы алмайды. Оның есесіне асарға шақырушы адам қолғабыс тигізуге келгендерге арнап мал сойып, мол дастарқан жаяды. Асар –





қазақ елінің ұжымдық топта жұмыс істеуінің үлкен бір көрінісі. Мұндай жақсы әдет-ғұрыптар ел ішінде әлі де бар.

(«Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» кітабынан)

**ЖАЗЫЛЫМ** 4-тапсырма. Шетелдік досың қазақ халқының қайырымдылыққа құрылған салт-дәстүрін білгісі келеді делік. Жоғарыдағы суретке қарап, баяндау мәтінін құра да, хат түрінде салып жібер.

**АЙТЫЛЫМ** 5-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- «Ала жіп аттамау» нені білдіреді?
- Асарда қандай жұмыстар бірлесіп атқарылады?

**ЖАЗЫЛЫМ** 6-тапсырма. «Шашыраған сөздер» ойыны. Сөздерді орнына қойып, сөйлем құра.

Баланың, тай, атайды, тойында, сүндет, барғанда, мектепке, әке-шешесі. Оны, дейді, тай, «бәсіре». Бағады, оны, үйретеді, бала, күтімге алады, ерекше. Мал бағуға, сол арқылы, үйренеді, еңбекке. «Бәсіре», атау, көңілін, баланың, өмірге, өсіреді, бейімдейді.

**ЖАЗЫЛЫМ** 7-тапсырма. «Әдеп сақтау – ізгілік» деген тақырыпта эссе жаз. Эссенің кіріспесі етіп төмендегі үзіндіні ал.

Үлкен болсын, кіші болсын, әдеп сақтау – халықтық тәлім-тәрбиенің аса үлгілі, тәрбие ісіндегі берік қалыптасқан заңы. Үлкеннің кіші алдындағы, кішінің үлкен алдындағы әдеп сақтауының тамаша үлгілері өте көп. Мысалы, үлкеннің жолын кеспеу, бұрын сөйлемеу, ... .



**АЙТЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Тексер! Бағала! Ойыңды әдеби тіл нормаларына сәйкес айта алдың ба? Қандай нормаларды қолдандың?



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** «Жирен жаман әдеттен, үйрен жақсы әдептен» деген тақырыпта іні-қарындастарыңа, сіңділеріңе арнап әңгіме жаз. Қаратпа, қыстырма сөздерді қолдан.



**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

**Бас бармақ – басты мәселе.** *Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?*

**Балаң үйрек – бірлесу.** *Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?*

**Ортан терек – ойлану.** *Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?*

**Шылдыр шүмек – шынайылық.** *Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?*

**Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы.** *Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?*

**9–10-сабақ**

**Нәтиже сабақ**

**ОЙТҮРТКІ**

1. «Қазақтың өмірлік танымы – дәстүрінде» дегенді қалай түсінесің?
2. Дағды мен ишаралардың мағынасын біліп қолданасың ба?



**ТЫҢДАЛЫМ**

**1-тапсырма.** Ұнтаспадан «Наурыз» әнін тыңда. Айтылған ойларды анықта.



**АЙТЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** Ән мәтініндегі қайталанып келген сөздердің мағынасын түсіндір.



**АЙТЫЛЫМ - ПОЛИЛОГ**

**3-тапсырма.** «Наурыз» әнінде қандай әдет-ғұрыптар айтылған? Бір-біріңе түсіндіріңдер.



**АЙТЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Ән мәтініндегі мына сөз тіркестерінің мағынасын түсіндір.

Наурыз тойы, бауыры жылып, бабымен жібу, жердің түрі, ырыстың шашылуы, өмір-орман, бір үй бір үйді шақырып.

**ОҚЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Мәтінді оқы. Ақпараттардың бүгінгі күнге қажеттілігін талда.

**Дағды мен ишара**

**Арқаға қағу** бір адамға риза болу, ісін мақұлдау, қолпаштау мағынасын білдіреді. Бұл – «рақмет, бәрежелді, жарайсың» деген сөздердің орнына қолданылатын алғыс белгісі.

**Алақанын уқалау** бір іске құлшынысты білдіреді. Адамдар іске ынталана кіріскенде, алақанын уқалайды. **Алақанына түкіру** де осыны көрсетеді.

**Бармақ көрсету.** Ісі оңынан келген, жолы болған адамдар өзінің көңіл күйін осындай белгі арқылы білдіреді.

**Бармақ тістеу.** Бұл дағды амалы құру, шарасыздық таныту мағынасын береді. Халық өкінішті, шарасыздықты айтқанда «бармағын тістеп қалды» дейді.

**Бетін басу** ұялған адамның іс-әрекетін білдіреді. Ұятты болған адамдар екі қолымен бетін басып, жұртқа қарай алмайды. Жайшылықта бетін басу – жаман ырым.

**Бүйірін таяну.** Бұл – жаман ырым. Әдетте қайғы-қасіретке ұшыраған адамдар екі бүйірін таянады да, дауыс қылады, жылайды. Осыған сәйкес жастарға «бүйіріңді таянба» деген тыйым айтылады.

**Бөрікін аспанға ату** – қатты қуану, шаттану дағдысы. «Бөрікін аспанға атып қуанады» деген сөз осыдан шыққан.

**Жағасын ұстау.** Бұл – қатты қорықты, шошыды дегенді білдіретін ұғым.

**Жағын таяну.** Бұл – торығу, қамығу, мұңаю белгісі.

**Жұдырық тую** – «Көресіні көрсетемін» деген күш, сес көрсетудің нышаны.

(«Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» кітабынан)

**ЖАЗЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Оқылым мәтініндегі дағды-ишара атауларын дағы дыбыстардың үндестігін талда.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** «Қос жазба» күнделігіне төмендегі дағды-ишараларды білдіретін сөз қолданыстарының мағынасын жазып, түсіндір.

Сөз қолданыстары	Түсініктеме
Желке қасу	
Иығын көтеру	
Қабақ тую	



Бас шайқау	
Саусақ безеу	
Бас изеу	
Ерін шығару	

**ЖАЗЫЛЫМ** **8-тапсырма.** Дағды-ишараның түрлері туралы кластер жаса. Бұны білудің пайдасы туралы ойыңды дәлелдеп жаз.



**ЖАЗЫЛЫМ** **9-тапсырма.** Елбасының сөзінде айтылған жағдаяттарға сәйкес мәтін құра.

«Әрбір аймақтағы, әрбір ауылдағы елді мекеннің, ауылдың, таудың, өзеннің тарихын, сол жерлердегі әдет-ғұрыптарды қайта жаңғыртып, жазып алса деген ойды мен бұрын да айтқанмын. Әрбір елді мекендердің тарихына байланысты есте қалған қандай аңыздар бар? Олардың басқаша емес, дәл осылай аталуы неліктен?»

*(Нұрсұлтан Назарбаев)*

**ЖАЗЫЛЫМ** **10-тапсырма.** «Қазақтың өмірлік тәжірибесі тілінде сақталған» деген тақырыпта эссе жаз. Әдет-ғұрып, салт-дәстүр атауларының мағынасы өмірмен байланысты екендігін талда.

**ОЙТАРАЗЫ**

**АЙТЫЛЫМ** **11-тапсырма.** Өзіңді тексер! Бір-біріңді бағалаңдар! «Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер» бөлімі бойынша тапсырмаларды орындау қолыңнан келді ме?

Неліктен көңіліңнен шықпады? Себебі:

- сөз байлығым жетпеді;
- материал жинай алмадым;
- білімім жеткіліксіз болды;
- орындауға еріндім.

# ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ МЕН ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІ

1–2-сабақ

4-бөлім

## Жануарлар әлемі



1. «Жануарлар әлемі» деген күрделі сөз қандай мағына береді?
2. Жануарлардың қандай түрлерін білесің? Атауларына қандай сөздер негіз болған?



ТЫҢДАЛЫМ

**1-тапсырма.** Ақбөкен туралы мәліметті бір оқушының мәнерлеп оқуынан тыңдаңдар. Ол дыбыстар үндестігін сақтап оқыды ма? Назар аударыңдар.

### Ақбөкен

Ақбөкен – шөлге төзімді әрі жүйрік, ақылды жануар. Оны киік деп те атайды. Киіктер сағатына 60–70 шақырым жылдамдықпен ұзақ жүгіретін көрінеді. Ақбөкендер үйір-үйір болып топтасып тіршілік етеді. Бұл жауларынан сақтануына көмектеседі. Олар жайылып жүргенде, біреуі жан-жағын бақылап, «сақтық күзетінде» тұрады. Қауіпті дер кезінде сезген ол тұра қашады да, қалғандарын үркітеді. Қорегі – изен, қына, бидайық және тағы басқа өсімдіктер. Күз айларында жусанмен қоректенеді. Себебі оның құрамында іштегі зиянды құрттарды жоятын заттар бар. Міне, киіктердің өзін-өзі емдеуі – табиғаттың оларға берген тамаша қасиеті.

(«Қазақстан жануарлары» кітабынан)



АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Ақбөкен қандай жануар?
2. Оны қазақтар тағы да қандай атаумен атайды?
3. Ақбөкендер қалай сақтанады?
4. «Киіктердің өзін-өзі емдеуі» қандай жолмен жүзеге асады?
5. Жауабыңда қай мағынадағы сөздер басым болды: зат атауы, сын-сапа атауы, қимыл-қозғалыс атауы. Кестеге салып толтыр.

Зат атауы	Сын-сапа атауы	Қимыл-қозғалыс атауы

## Тілдік бағдар

### Сөздің тура және ауыспалы мағынасы

Сөздің затты немесе құбылысты білдіретін мағынасы **тура мағына** деп аталады. Тура мағына әр заттың өзіне ғана тән жеке мағынасы болып табылады. Сол арқылы біз заттарды бір-бірінен айыра аламыз. Мысалы: *көз, тіл, аспан, жер, жел, орман* сөздері заттарды, *биік, жылы, жақсы* сөздері сапаны, ал *бару, салу, оқу, құту* сөздері қимылды білдіреді.

Сөздің тура мағынасының негізінде туып, өрбіген, жалпы көпшілікке түсінікті ауыспалы мағыналары болады. Лексикалық мағынаның бұл түрін **туынды мағына** деп атайды. Мысалы: *күннің көзі, бұлақтың көзі; ана тілі, ағылшын тілі; жұмыстың аяғы; қонақ құту* т.б.



#### ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Берілген тіркестерді тура және ауыспалы мағынаны білдіруіне қарай бөліп жаз.

1. Жақсы сөз, жақсы адам, жақсы ой, жақсы күн, жақсы бала, жақсы өмір.
2. Терең сай, терең білім, терең құдық, терең су, терең сезім.
3. Долы дауыл, долы күш, долы жел, долы адам, долы теңіз.



#### АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Тура және ауыспалы мағынада қолданып тұрған сөздерді ажыратып, мағынасын түсіндір.

Адам үшін күн қандай керек болса, ауа, су, от та сондай керек.

Адам сияқты сөзде де алуан түрлі тағдыр бар. Ол да баста сәби боп туады, ержетеді, қартайды. Кейде қартайып барып, қайта жасарады. Кейде тұрмыста болған өзгеріске ілесе алмай, кейін бірте-бірте солғындап, жаңа сөзге жол береді немесе тың мағына тауып, жаңғырып, жаңаша ұғымға ие болады.

(Мұқан Иманжанов)



#### ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Төмендегі мәтінді оқып шығып, бір-біріңе сұрақтар дайындаңдар.

Жануарлар – табиғат тартуының тамаша жаратылысы.

Жануарлар туралы біле түссең, таңғаларлық деректерге тап



боласың. Мысалы, құмырсқалар кішкентай болғанына қарамастан, өзінің салмағынан 60 есе ауыр жүкті көтере алады. Бұларды балуан құмырсқалар деп атайды.

Қолтырауындар тас жейді. Осының арқасында асқорыту жүйесін күшейтеді, суда тепе-теңдікті ұстайды. Сондықтан олардың асқазаны басқа тамақтардан бөлек таспен де толтырылады.

Ал піл тұмсығымен бөренелерді көтереді, гүлді зақым келтірмей суарады. Пілдердің сурет сала алатынын айтсайшы. Пілдер – дүниедегі ең ақылды жануарлар. Пілдер қуанышты да, қайғыны да сезеді.

Тотықұстар сөйлей алады. Олар адамдардың сөзін мағынасыз қайталай бермейді, біздің сөзімізді ішінара түсіне алады. Ғалымдар тотықұстардың кіші мен үлкенді, ұқсас пен бөлекті ажырата алатындығын дәлелдеген.

(«Жануарлар әлемі». Балалар энциклопедиясы)



#### АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

• «Жануарлар – табиғат тартуының тамаша жаратылысы» дегенді қалай түсіндің?

- Не үшін балуан құмырсқалар деп атайды?
- Жануарларда қандай қасиеттер жақсы жетілген?
- Жануарлардың табиғаттағы алатын орны қандай деп ойлайсың?



#### АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** «Сөз-Бөйге!» Шарты: топқа бөлініп, сөз жарысына түсіңдер.

1. 2 минут ішінде тура мағыналы сөздерді атаңдар.
2. 2 минут ішінде ауыспалы мағыналы сөздерді атаңдар.



#### АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Дала жануарлары туралы хабарлама жаса. Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді қолдан.



#### ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** «Жануарлардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы өте зор. Олар адамдарға азық-түлік, ет, май, сүт, тері, жүн, бал, жібек, мүйіз, бақалшық сияқты өртүрлі өнеркәсіп шикізатын береді» деген ақпаратқа сай кластер түзіп, ойыңды дәлелде.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Пікірталас.

«Жануарлар кез келген жерден табылады. Суға үңілсек те, топырақты қазсақ та, аспанға назар аударсақ та, айналаға көз салсақ та жануарлар кездеседі. Тіпті кез келген тірі ағзаларда да зиянды жәндіктердің өмір суретіні мәлім» деген ақпаратты пайдаланып, пікірталасқа түсіңдер.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Пікірталаста айтылған ақпараттар негізінде жарнама мәтінін түз.

Мақсаты:

- қорықты насихаттау;
- Каспий теңізіне не Балқаш көліне саяхат жасау.



**АЙТЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** Төмендегі тура және ауыспалы мағыналы сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құра.

Ашық мінез, ашық терезе, өткір қайшы, техниканың тілі, жылы сөз, терең көл, кең көше.

**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**13-тапсырма.** «Кімнің білімі мықты?» Тексер! Бағала! «Жануарлар әлемі» деп аталатын балалар энциклопедиясына қарап, тапсырмаларды дұрыс не бұрыс орындағандарыңды тексеріңдер. Кім қатесіз өрі толық орындаса, сол жеңеді.

**3–4-сабақ**

**Жануарлар және тіршілік**

**ОЙТҮРТКІ**

1. Жануарлардың мінез-құлықтары туралы білесің бе?
2. «Жануарлардың тіршілігі» деген сөз тіркесін қалай түсінесің?

**ТЫҢДАЛЫМ**

**1-тапсырма.** Мәтінді ұнтаспадан тыңда. Тақырыбын қой. Мәтін қандай стильде баяндалған?

**АЙТЫЛЫМ - ПОЛИЛОГ**

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақ халқы бүркітті қалай қастерлеген?
2. Қазақ тілінде бүркітке қатысты қанша сөз бар?
3. Қыран бүркіт бейнеленген қандай затты білесіңдер?
4. Бүркітке қатысты есімдерді атай аласыңдар ма? Жауаптарың қандай стильде баяндалған? Дәлелдеңдер.

**Тілдік бағдар****Синонимдер мен антонимдер**

Мағыналары бір-біріне жақын, бірақ әртүрлі дыбысталып айтылатын сөздер тобы **синонимдер** деп аталады. Мысалы: *ас – тамақ – дәм – тағам – ауқат; өң – түр – түс – келбет – пішін – ажар – көрік – кескін – рең – шырай; салмақты – байыпты – сабырлы – ұстамды; тез – жылдам – шапшаң; амандасу – сәлемдесу* т.б.

Қазақ тілі синонимге өте бай. Синонимдік қатарлар әр сөз табының құрамында кездеседі. Синоним сөздердің мол әрі орынды қолданылуы сөйлеушінің тіл байлығы мол екендігін ғана емес, сонымен бірге оның сөз қолданудағы талғампаздығын көрсетеді. Синонимдерді көп білу бір сөзді қайталай беруден арылтады.

Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып келетін сөздер **антонимдер** деп аталады. Мысалы: *жақсы – жаман; сулы – құрғақ; көңілді – қапалы; ал – бер; биік – аласа; суық – ыстық; күн – түн; ілгері – кейін* т.б. Антонимдер – ойды әсерлі, бейнелі түрде жеткізудің оңтайлы құралы.

**АЙТЫЛЫМ**

**3-тапсырма.** **Топтық жұмыс.** Төмендегі сөздердің синонимін және антонимін тауып, қолданыстағы мағынасын сөйлеу жағдайына қарай түсіндіріңдер.

Алыс, бүгін, амандасу, тіл қату, қуану, көп.

**ОҚЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Мәтінді оқып шық. Не туралы? Бір-біріңе сұрақтар қойып анықтаңдар.

**Жануарлардың мінез-құлықтары**

Табиғат-ананың төл перзенттерінің қызықты қылықтары мен жұмбаққа толы сан алуан деректер қоры адам баласын еріксіз таңғалдыраы сөзсіз. Мысалы:



Қабыландар – мысық тұқымдастардың ішіндегі ең епті, жылдам жүгіруге бейімделген жыртқыш аң. Олар өте жақсы өрмелеп, суда жүзе алады.

Қасқырлар топ-топ болып, үйірлер құрып тіршілік етеді. Қасқырдың бөлтіріктері ата-анасымен 10–54 айға дейін бірге тұрады. Үйірді «көсемі» басқарады.

«Кит әндері» дегеніміз – киттер бір-бірімен хабарласу үшін шығаратын дыбыс. Олардың әндері белгілі бір үлгіні қайталап тұратындықтан, адам әніне ұқсайды.

Дельфиндер – ең ақылды су жануарлары. Дельфиндер адамдар мен адам тәріздес маймылдардан кейінгі ең ақылды жануарлар.

Дүниеге келгеніне екі күн болған қарақұйрық сағатына 95 километр жылдамдықпен жүгіре алады.

Араның ызыңы өзінен емес, қанаттарының қағысынан шығатын көрінеді, олар қанаттарын минутына 11 400 рет қағады.

Тиін – керемет бағбан. Миллиондаған теректердің көптеп өсу себебі тиіннің тығып кеткен дөңдерін ұмыт қалдырғанынан болуы керек.

(«Жануарлар әлемі». Балалар энциклопедиясы)



**ЖАЗЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Берілген сөздердің антонимін, синонимін тап.

Епті, тіршілік етеді, ұқсайды, жылдам, ақылды.



**АЙТЫЛЫМ-  
ДИАЛОГ**

**6-тапсырма.** Оқылым мәтіні бойынша сұрақтарға жұппен жауап беріңдер.

1. Қандай жануарлар тез жүгіреді?
2. Қай жануарды халық бағбан деп атаған?
3. Өн салатын жануарлар бар ма?
4. Ақылды жануарларға нелер жатады?



**ЖАЗЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Мәтіндегі синоним бола алатын сөздерді теріп ал. Олардың синонимдерін «Қос жазба» күнделігіне жаз.

Сөздер	Синонимі



**АЙТЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Мәтіндегі жануарлардың атауын буын үндестігіне қарай талда.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Мәтіндегі антоним болатын сөздерді тауып жаз.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Суреттерге қарап, тақырып қой. Не нәрсеге назарың ауды? Суреттеп жаз.



**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** «Қазақстанда тіршілік ететін жануарлар» деген тақырыпта эссе жаз. Эссе мәтінінен сөздік қорыңның қандай деңгейде екенін бағала.

**5–6-сабақ**

**Төрт түлік**

**ОЙТҮРТКІ**

1. Қазақ халқының өміріндегі төрт түліктің рөлі қандай?
2. Төрт түлік туралы қандай мақал-мәтелдерді білесің?



**ТЫҢДАЛЫМ**

**1-тапсырма.** Интернеттен «Жануарлар әлемі» деген видео-хостингке кіріп, айтылған ақпараттарды есіңе сақта.



**АЙТЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Қандай жануарлар туралы естідің?
2. Үй жануарларының біз білмейтін қандай қасиеттері бар екен?



**АЙТЫЛЫМ**

**3-тапсырма.** «Кім білгір?» Топқа бөлініп, үй жануарлары туралы мақал-мәтелдерді еске түсіріңдер. Қай топ көбірек айтса, сол топ жеңіп шығады.



**ОҚЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Мәтінді оқып шық. Мәтіндегі көтерілген мәселелерді анықта. Төрт түліктің атауларын есіңе сақта.

Қазақ – ежелден мал шаруашылығымен айналысқан халық. Мінсе – көлігі, ішсе – сусыны, жесе – тамағы, кесе – киімі, тұтынса – бұйымы, байлық, мақтаны мен салтанаты да осы мал болған.



Қасиетті төрт түлікке қатысты ұлтымыздың ұғымдары мен түсініктері бар. Мысалы, түйені өсу жолымен бота, тайлақ, буыршын, буырлыш, нарша, бұзбаша, інген, атан, бура деп атайды. Түйені қасиетіне қарай біртуған, бекпатша, мая, желмая, құлпатша, нар, аруана, жампоз, қоспақ, балқоспақ, мырзақоспақ, үлек деп бөледі.

Қазақ үшін ең құнды, қасиетті мал – жылқы. Оны жасына, түріне қарай құлын, жабағы, тай, құнан, байтал, сойтал, дөнен, қулық, бесті, бие, ат, сәурік, айғыр деп ажыратады. Бұрынғы ел қорғаған батырлар жылқы ішіндегі таңдаулыларын жорға, сужорға, жүйрік, тұлпар, қазанат, сәйгүлік, наз бедеу, дүлдүл, арғымақ деп сипаттап, ерекше дәріптеген. Ауыз әдебиеті туындыларында жылқыға тіл бітіріп, батырдың жан серігі деп бағалаған.

Халық сиырды жасына қарай құнажын, дөнежін, сиыр, бұзау, баспақ, торпақ, тана, тайынша, қашар, өгіз, бұқа деп атайды. Қойды түріне және жасына қарай қозы, марқа, тоқты, бағлан, тұсақ, азбан, ісек, ақауыз, қошқар, саулық деп бөледі. Ал ешкіні лақ, туша, бөрте, шыбыш, серке деп жіктейді.

Малдың қадір-қасиетін тәжірибелі халқымыз «түйе – салтанат, жылқы – мақтан, сиыр – қанағат, қой – қазына» деп бағалаған.

(«Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» кітабынан)



## Тілдік бағдар

### Көп мағыналы және омоним сөздер

Сөздің екі не одан да көп мағынаға ие болуын сөздің **көп мағыналылығы** дейміз. Көп мағыналы сөздер бір негізден таралады да, бір сөз табына қатысты болады. Мысалы: *бас* (зат есім) – 1) адамның, хайуанаттың, жәндіктің дене мүшесі; 2) шөптің, ағаштың ең жоғарғы жағы; 3) таудың ең үсті, төбесі; 4) өзеннің, бұлақтың басталған жері; 5) таяқтың ұшы; 6) балтаның, шоттың жүзі бар жағы; 7) бір нәрсенің айналасы. Сонымен, сөздің қолданылу аясының өзгеруі, яғни бір саладан басқа бір салаға ауысуы оның мағынасының өзгеруіне әсер етеді.

Біркелкі дыбысталып айтылатын, бірақ мағынасы басқа-басқа сөздердің тобын **омонимдер** дейміз. Омонимдер мағыналары жағынан бір-бірінен соншалықты алшақ болады да, кейде бір сөз табына, кейде әр басқа сөз табына да қатысты болып, дараланып тұрады. Мысалы: *қара*: 1) қара шаш – заттың түсін білдіретін сындық мағыналы сөз; 2) тақтаға қара – қимыл-әрекетті білдіретін етістік. *Айт*: 1) айт болды – діни мейрам; 2) ән айт – қимыл мағынасындағы сөйлеу, деу; 3) айт – итті бір нәрсеге айтақтап қосу үшін айтылатын одағай сөз.



#### ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Төмендегі сөздердің көп мағыналы және омонимдік тіркесін құра.

Қала, түс, көз, илеу, қанат, құлақ.



#### АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіндегі «түйе – салтанат, жылқы – мақтан, сиыр – қанағат, қой – қазына» деген тіркестердің қандай мағынада қолданылып тұрғанын түсіндір.



#### ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Оқылым мәтіндегі омоним сөздерді тауып, талда.



#### АЙТЫЛЫМ


**8-тапсырма.** «Кімнің жады мықты?» Төрт түліктің атауларын топқа бөлініп, жатқа айтыңдар. Қай топ қателеспей толық айтса, сол жеңеді.




#### ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Халық ұғымында әр малдың иесі, пірі бар. Әр малды өзінше шақырады. Осыларға байланысты атаулар мен сөздерді кестеге салып толтыр.

Төрт түліктің түрі	Малдың иесі, пірі	Малды шақыру
Түйе		
Жылқы		
Сиыр		
Қой, ешкі		


 **ЖАЗЫЛЫМ** **10-тапсырма.** Ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлердің жан серігі болған тұлпарларға мінездеме бер.

 **ЖАЗЫЛЫМ** **11-тапсырма.** Төрт түліктің жасына қатысты атауларды «Қос жазба» күнделігіне жазып шық. «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» кітабын пайдалан.

Төрт түліктің жасына қатысты атаулар	Түсініктеме
Жабағы	Бес-алты айлық ересек құлын
Құнан	Үш жасар жылқы
Тайлақ	
Бағлан	
Тоқты	



**ОЙТАРАЗЫ**

 **ЖАЗЫЛЫМ** **12-тапсырма.** «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

**Бас бармақ** – басты мәселе. *Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?*

**Балаң үйрек** – бірлесу. *Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?*

**Орған терек** – ойлану. *Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?*

**Шылдыр шүмек** – шынайылық. *Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?*

**Кішкентай бөбек** – көңіл күй ахуалы. *Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?*

## 7–8-сабақ

### Өсімдіктер әлемі

#### ОЙТУРТКІ

1. «Өсімдіктер әлемі» деген күрделі сөз қандай мағына береді?
2. «Өсімдіктер әлемі» деген балалар энциклопедиясымен таныссың ба?



#### ТЫҢДАЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Не туралы? Парталас көршіңе сұрақтар қой. Жауабын бағала.



#### ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Бидайдың адамдар үшін пайдасын диаграммаға түсіріп, ойынды нақты мысалдармен дәлелде.



#### ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Бір-біріңе сұрақтар қойып, мәтіннің мазмұнын талдаңдар.

Алтай ботаника бағы 1935 жылы Шығыс Қазақстан облысы Лениногор қаласында құрылған. Ауданы 176 гектар, теңіз деңгейінен 760–860 метр биіктікте тау етегінде орналасқан. Оның 50 га-дан астам жері табиғи қорық ретінде сақталған. Ондағы өсімдіктердің 4000-ға жуық түрінің 2000-ы жергілікті флораға жатады. Соның ішінде ағаш пен бұталардың 570-тен астам түрі, қылқанжапырақтылардың 47, раушангүлділердің 90, зеректің





17, ал жеміс-жидек өсімдіктерінің 10-ға жуық, гүлді және дәрі-дәрмек өсімдіктерінің 1000-нан астам түрі өседі.

Алтай ботаника бағы өндірістік орталықтарды көгалдандыру үшін ағаш-бұталардың 100-ден астам түрін, жеміс-жидек өсімдіктерінің ондаған сортын, малға жемшөптік өсімдіктің 25 түрін, бал-шырынды өсімдіктің 34 түрін халық шаруашылығына пайдалануға енгізді. Сондай-ақ Алтай ботаника бағы табиғатты қорғау бағытында Шығыс Қазақстанда сирек кездесетін өсімдік түрлерін зерттеу жұмысын жүргізеді. Қазақстанның «Қызыл кітабын» құрастыруда да үлкен үлес қосып келеді.

(«Қазақстан ғылымы» кітабынан)



#### АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Оқылым мәтінінен синоним, антоним, омоним сөздерді тауып жаз.



#### АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Ботаника бағының ел үшін маңызы мен болашағы туралы өз пікіріңді дәлелде.

**Бірінші сөйлем.** *«Менің ойымша...»*

**Екінші сөйлем.** *«Себебі, мен оны ... деп түсіндіремін».*

**Үшінші сөйлем.** *«Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».*

**Соңғы сөйлем.** *«Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».*



#### ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Оқылым мәтініндегі өсімдік атауларын топтарға бөл.



#### АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Жұмбақтардың жауабын тап. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың сөз ішінде орналасуына назар аудар.

Мәңгі жасыл, жер бауырлап өседі,  
«Серігі» оның саңырауқұлақ деседі.  
Ылғалды алқап оның-дағы мекені,  
Көпке аян, оның мүк емес екені.

\* \* \*

Өсімдіктің қабығынан ағады,  
Оның өзі қымбат әрі бағалы.  
Кейде арулар моншақ жасап сол заттан,  
Сәндік үшін мойынына тағады.

\* \* \*

Сүйеді ол ылғал менен жарықты,  
Көлеңкесін кең жайып, саялатты халықты.  
Жер мен судың атауына тіркесіп,  
Өзін-өзі бар қазаққа танытты.

\* \* \*

Бейбітшілік, сәттіліктің ағашы,  
Сондықтан да қымбат оның бағасы.  
Аты шыққан бар әлемге майы бар,  
Мәңгі жасыл өсіп тұрған жайы бар.

**Жауабы:** шайыр, зәйтүн, ағаш, қына.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Түс жоруға қатысты сөйлемдердегі қарамен жазылған сөздердің синонимін, антонимін тауып жаз. Сөйлемнің мағынасы өзгерді ме?

Түсінде көгершін көрсе, **жағдайы жақсарады**.  
Түсінде қараторғайды көрсе, **қуанышқа кенеледі**.  
Түсінде үйрек көрсе, **мұқтажықтан құтылады**.  
Түсінде қыран құсты көрсе, **дәрежесі жоғарылайды**.  
Түсінде самұрық құсты көрсе, **байлығы артады**.

**АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ**

**9-тапсырма.** Қаратпа, қыстырма, одағай сөздерді пайдаланып, «Дерілік өсімдіктер» тақырыбына диалог құрыңдар.

*Үлгі:*

– Сәрсен, алтын тамырдың емдік қасиетін білесің бе?  
– Ой, оны кім білмейді? Алтын тамырдың құрамындағы экстракт адамның еңбек ету қабілетін күшейтеді, шаршағанды басады, жүрек-қан тамырлары жүйесін жақсартады, жоғарғы жүйке жүйесіне жағымды әсер етеді, қан қысымын реттейді.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** «Өсімдіктер». Сөзжұмбақ құрастыр.

1. Астық тұқымдасына жататын, ең маңызды тағамдық дақыл (5 әріп).
2. Қысы-жазы жап-жасыл боп тұратын қылқанжапырақты ағаш (5 әріп).
3. Алматы қаласының символына айналған жеміс (4 әріп).
4. Ал қызыл түсті әдемі дала гүлі (9 әріп).

5. Күй талғамай кез келген жерде өсетін ағаш (7 әріп).
6. Дүниежүзіндегі ең биік, мәңгі жасыл ағаш (8 әріп).
7. Ыстық жақта өсетін, өткір иісті дәрілік шөп (9 әріп).
8. «Мәңгіліктің символы» деп аталатын ағаш (4 әріп).
9. Қабығы қатты, төтті шырынды бақша дақылы (6 әріп).
10. Сіріңке жасайтын ағаш (8 әріп).

### ОЙТАРАЗЫ



#### ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Төмендегі мәтінді негізге ала отырып, «Өсімдіктердің адамзатқа пайдасы» деген тақырыпта эссе жаз. Эсседе сезіміңді білдіретін эмоционалды сөздер болсын.

Адамзат тіршілігінде өсімдіктер дүниесінің маңызы өте айрықша. Бағзы заманнан-ақ ата-бабаларымыз өсімдіктерді зерттеп, танып біліп, оларға ат қойып, жеміс-жидектерін, дәндерін азыққа, жапырақ, сабақ, гүл, тамырларын дәрі-дәрмекке, тері илеуге, түрлі нәрселерді бояуға пайдаланған. Өсімдіктер – оттегін бөлуші, табиғат көркі, дәрілік шикізат, мал азығы, тағамдық өнім.

(«Жануарлар әлемі». Балалар энциклопедиясы)

### 9–10-сабақ

#### Нәтиже сабақ

### ОЙТҮРКІ

1. Жануарларға қатысты ертегілерді білесің бе?
2. Жануарлар мен өсімдіктерге қатысты жұмбақтарда не жасырынып жатыр?



#### ТЫНДАЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқушының мәнерлеп оқуынан тыңда. Мәтінді оқу барысында үндестік заңының сақталуына талдау жаса.

Жануарлар туралы ертегілер көне замандағы аңыздар мен ертүрлі тұрмыстық, аңшылық әңгімелердің негізінде пайда болған. Кейінгі замандарда адамдардың мінезін, олардың өзара қатынасы мен байланысын жан-жануарлар бейнесі арқылы түспалдап көрсеткен. Мұнда хайуанаттардың сыртқы пішініндегі



немесе жүріс-тұрысы, мінез-құлқындағы бір ерекшелігі адамдардың кейбір мінезін білдіруге қолданылған. Мысалы, түлкі – аса айлакер, екіжүзді, алаяқ қу, қасқыр мен жолбарыс – адуынды озбыр, қара күш иесі, аю – икемсіз, қарабайыр т.б. Жыртқыштар қанаушыларды, әлсіз жануарлар кедейлерді еске түсіреді. Олардың іс-әрекетімен қатар, мінездері де шебер сомдалады.

Жануарлар туралы ертегілердің құрылымы күрделі емес. Олардағы сюжет хайуанаттар арасындағы кездесулер мен қақтығыстарға құрылады. Олардың үлгілері – «Қотыр торғай», «Кім неден күшті?» т.б. ертегілер. Мұндай мысал-ертегілерде баяндау белгілі бір моральдық қағида мен тұжырымды дәлелдеуге бағытталады, сол себепті олар көп жағдайда нақылмен аяқталады.

Жануарлар туралы ертегілер адам болмысының ертедегі тотемдік сенімдерімен байланысты пайда болған.

(«Уикипедия – ашық энциклопедиясынан»)



**АЙТЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** Тыңдалым мәтіндегі аңдарға берілген мінездемеде синонимдер кездеседі. Сол синонимдерді алып тастап айтып көр. Нені байқадың?



**ЖАЗЫЛЫМ**

**3-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша пікіріңді жаз (уақыт мөлшері: 7–8 минут).

1. **Өзіндік пікір (идея)** – бір сөйлем.
2. **Дәлел** – екі сөйлеммен келтіру керек.
3. **Өз пікірін дәлелдейтін мысал** – екі сөйлем.
4. **Өз пікіріне қарсы пікір** – бір сөйлем.
5. **Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал** – екі сөйлемнен тұру керек.
6. **Қорытынды** – екі сөйлемнен тұрады.



**АЙТЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Жұмбақтарды шеш. Олардың жауабында дыбыс және буын үндестігі сақталып тұр ма?

Бір нәрсе екі аяқты, сегіз бармақ,  
Іліксе дүниенің бәрін алмақ.  
Өзінің тілі бар да, тістері жоқ,  
Жұтады көрінгенді алмап-жалмап.

\* \* \*

Бір құс бар жан білмейтін ішкен асын,  
Адамға көрсетпейді жұмыртқасын.

\* \* \*

Кішкене ғана түйме тас,  
Атан түйе тарта алмас.

\* \* \*

Бейнетқор көпшілікте көрдім халық,  
Күнінде бір отырмас дамыл алып.  
Өзінен ауыр жүкті көтереді,  
Үйінде жатып жейді рақаттанып.

\* \* \*

Бір ағашта қырық бұтақ,  
Қырық бұтақта қырық ұя.  
Қырық ұяда қырық жұмыртқа,  
Қырық жұмыртқада қырық балапан.

**Жауабы:** кене, құмырсқа, бүркіт, жарғанат, бидайдың басы.



#### ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқып шық. «Балалар әлемі» сайтындағы Назым Расулованың ертегісін оқып, оның сөздік қоры мен сөйлеу шеберлігін талда.

Ерте, ерте, ертеде сиқырлы көк теңіздің астында балықтар патшалығы өмір сүріпті. Олар бір-бірімен өте тату-тәтті тұрыпты. Достықтарының, еңбексүйгіштігінің арқасында басқа патшалықтарға да үлгі болыпты. Барлық патшалық балықтар патшалығына қызыға қарапты. Өйткені балықтар күндіз тынымсыз еңбек етіп, кешке көңілді сауық-сайран құрады екен. Олар теңіз бетіне шығып, әртүрлі іс-қимылдар арқылы бидің түрлі тәсілдерін көрсетіпті. Би ырағағымен әртүрлі әуендер салыпты. Сол әдетпен балықтар тағы да теңіз бетіне шығып, ән салып, би билеп думандатады. Оны естіген құбыжық теңізге келіп, шатшадыманға бөленіп жүрген балықтарға тап беріпті. Көптеген балықтар құбыжықтың құрбаны болыпты. Ал қалғандары теңіз астындағы өз патшалықтарына қашып құтылыпты. Бірақ содан бері олардың ешқайсысы қатты қорыққаннан болар, сөйлемей қала беріпті. Одан кейін қанша жылдар өтсе де, сол сөйлемеген күйі сөйлемей қала беріпті. Бірақ балықтар сөйлемесе де, бір-бірін қанаттарының, құйрықтарының, желбезектерінің көмегімен түсінісетін болыпты. Міне, балықтардың неге сөйлемейтінінің сыры осындай оқиғалардың салдарынан ба деп ойлаймын.

*(Расулова Назым, 10 жас. Көкшетау қаласы)*



**ЖАЗЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Мәтінді талда. Төмендегі белгілермен сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағаным қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Жануарларға қатысты қазақ халқының ертегілері мен аңыздарындағы тұлкіні, арыстанды, аюды, қойды, жылқыны бейнелейтін сөздерді тауып жаз.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Төмендегі немесе өздерің білетін жыр жолдарын сілтеме етіп алып, «Жан-жануарлар – ақындардың жыр жолдарында» деген тақырыпта эссе жаз. Эссенің кіріспесі, негізгі бөлімі мен қорытындысы болсын.

Айырдан туған жампоз бар,  
Нарға жүгін салғысыз (*Шалкиіз жырау*).

Арғымақ аттың баласы  
Аз оттап, көп жусайды (*Махамбет ақын*).

Қомын кессең, былқ етпес,  
Бекпатша қызыл нар еді (*Н. Ахметбеков*).

**қом** – түйе өркештерінің түп жағында тұтаса біткен жота тұсы.  
**айыр** – қос өркешті түйе.



**АЙТЫЛЫМ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Ертегінің жалғасын [http:// balalaralemi.kz](http://balalaralemi.kz) сайтынан тауып оқып, мазмұнын айт.

Ерте заманда бір патша болыпты. Патшаның үш баласы бар екен. Ең үлкенінің аты – Асан, ортаншысының аты – Үсен, ал ең кенже баласының аты Хасан екен. Хасан өте сұлу, ақылды, батыр, ақкөңіл бала болып өседі.

Патша ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде бір ғажайып құс көреді. Құстың күлсе, аузынан будақ-будақ гүл түседі, жыласа, көзінен моншақ-моншақ маржан түседі. Міне, патша осы құсқа ынтық болады. Дереву орнынан тұрып, Асан мен Үсенді шақырып алып, осы құсты тауып келіңдер деп бұйырады. Әкесінен қорыққан Асан мен Үсен қайдан да болса тауып әкелетінін айтып, жолға шығады.





**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма. Шығармашылық жұмыс.** Сөйлемді толықтыр. Өзің жазған сөздерді тұлғасына қарай ажырат.

1. Аңдардың атауы: ақбөкен, ..., ..., ... .
2. Құстардың атауы: аққу, ..., ..., ..., ... .
3. Жәндіктердің атауы: сарышұнақ, ..., ..., ..., ... .
4. Балықтардың атауы: көксерке, ..., ..., ... .
5. Өсімдіктердің атауы: итмұрын, ..., ..., ... .



**АЙТЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Жануарлардың атауын ертеде неге өзгертіп айтқан? Төменге пікіріңді жаз (уақыт мөлшері: 7–8 минут).

1. **Өзіндік пікір (идея)** – бір сөйлем.
2. **Дәлел** – екі сөйлеммен келтіру керек.
3. **Өз пікірін дәлелдейтін мысал** – екі сөйлем.
4. **Өз пікіріне қарсы пікір** – бір сөйлем.
5. **Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал** – екі сөйлемнен тұру керек.
6. **Қорытынды** – екі сөйлемнен тұрады.

**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, сұраққа жаз-баша жауап бер.

1. «Жануарлар және өсімдіктер» бөлімі бойынша не үйрен-дің?
2. Сен үшін бұл бөлімде қандай маңызды мәліметтер болды?
3. Өзіңнің және сыныптастарыңның білімін бағала. (Өз жұмысыңа, сыныптастарыңның топ ішіндегі әрекетіне көңілің тола ма?)
4. Осы бөлім бойынша тағы не білгің келеді?
5. Осы бөлім бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқисың?

# БОС УАҚЫТ ЖӘНЕ ХОББИ

5-бөлім

1–2-сабақ

## Уақыт алға жетелейді

 ОЙТУРТКІ

«Бос уақытты қалай өткізсем екен» деп ойланып көрдің бе?


**ТЫҢДАЛЫМ**

**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Мектеп бітіргелі жатқан оқушының сөзіндегі «уақыт» ұғымына қатысты ойды таратып түсіндір.


**АЙТЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** Болашақта не істейтініңді парталас көршіңе өңгімеле. Өңгімеде синоним, антоним сөздерді орнымен қолдан.


**АЙТЫЛЫМ**

**3-тапсырма.** **Топтық жұмыс.** «Уақыт» ұғымына қатысты мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді жинастыр. Мағынасын сыныптастарыңа түсіндір.

### Тілдік бағдар

#### Туынды сөздер

Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған сөздер **туынды сөздер** деп аталады.

#### Лексикалық жолмен жасалған туынды сөздер

Туынды сөздердің лексикалық жолмен жасалуы дегеніміз – сөздің сыртқы түрі өзгермей-ақ, жаңа мағыналарға ие болуы. Мысалы: ақ: 1) *ақ (ағу – бастапқы мағына)*; 2) *ақ (ақ жіп, ақ сүт – түсті білдіретін бастапқы мағына)*; 3) *ақ – жаңа мағына (сүттен жасалатын тағамның атауы)*.

Айдар: 1) ерекшелікті көрсету үшін әскери баскиімнің үстіне жасалатын бөлігі (бастапқы мағына); 2) баланың шашын алғанда «көз тимесін» деп маңдай шашын немесе төбе шашын әдейі алмай қалдырған шоқ шашы; 3) баспасөзде, телерадиохабарларда берілетін жаңа тақырыптар (жаңа мағына).

Қазақ тілінде осындай жолмен жасалған сөздерге көп мағыналы және омоним сөздер жатады.

**Жұрнақ жалғану арқылы жасалған туынды сөздер**

Түбір сөздерге сөз тудырушы жұрнақтар жалғанғанда жаңа мағыналы сөздер жасалады. Мысалы: *кес+не, сүз+бе, көр+ме, қаш+қын, тас+қын, өр+мек, ек+ін (егін), жең+іс, біл+ім, қуан+ыш, ал+ғыр, қол+да, ақ+та, сөз+ле (сөйле), тоң+ғақ* т.б.

Қазақ тілінде сөз тудырушы жұрнақ жалғану жолымен жасалған сөздер өте көп. Олар қазақ тілінің сөз байлығын молайтады.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Берілген түбір сөздерге әртүрлі жұрнақ жалғау арқылы бірнеше туынды сөз жаса.

Көр, сез, біл, жаз, әдеп, айт, бол, жас, сана, көз.

**ОҚЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Мәтінді оқып, негізгі ақпараттарды анықта. Мәтін қандай стильде жазылған?

**Бос уақыт** – тұлғаның жеке физикалық, рухани және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған жұмыстан тыс уақыт бөлігі.

**Бос уақытта қандай ермек іспен айналысуға болады?**

Көпшілік қауым қолы қалт еткен кезді, яғни бос уақытын қалай өткізуді білмей жатады. «Немен айналысуға болады?!» деген сұраққа психолог-мамандар: «Жаныңызға жайлы ермек іс (хобби) тауып алыңыз» деп жауап айтып, кеңес береді. Ермек істер әртүрлі болып келеді. Олардың барлығы тек уақытты тиімді өткізуге ғана емес, денсаулыққа да оң әсерін тигізеді. Олай болса, бос уақытта қандай ермек іспен айналысуға болады?!



**Қолөнер.** Тоқыма тоқу. Тоқыма тоқыған кезде өзіңізді жайлы әрі жеңіл сезінесіз. Сондай-ақ кесте тігу, сурет салу, икебана жасау, бисер тоқу т.с.с. қолөнермен айналысуға болады.



**Гүл өсіру.** Көп жандар бос уақытын бау-бақшада өткізеді. Балконда да шағын бау-бақша жасап алуға болады.



Кішкентай гүл ыдыстарына қалаған үй өсімдіктерінің дәнін егіп, оны күтіп-баптауға кірісіңіз.

**Коллекция жинау.** Әдеби кітаптар, күйтабақтар, базарлықтар, пошта маркалары, ыдыс-аяқтар, жұмсақ ойыншықтар сияқты дүниелерді жиыстырып, өзіңіздің коллекцияңызды толықтырыңыз.



**Үй жануарларын асырау.** Аквариумдағы балықтар, мысықтар, кішкентай иттер, тасбақа т.б. қалаған үй жануарларын асыраңыз. Оларға күтім көрсетіп, бос уақытыңызды оны асыраумен өткізіңіз.



**Спортпен шұғылдану.** Фитнес-клубтары мен спорт залдарына барып, би, жүзу, аэробикаға жазылыңыз. Шеңбер айналдырып, секіртпемен жаттығулар жасаңыз.

Қандай ермек іспен айналыссаңыз да, ол әуелі сізге ләззат әкелу керектігін ұмытпаңыз. Ермек істер жаныңызға рақат сыйлап қана қоймай, бос уақытыңыздың қызықты өтуіне жағдай туғызуы керек.

(<http://massaget.kz/kyizdarga/psihologiya/4337/>)



**ЖАЗЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Мәтіннен алған ақпараттарды талда. Төмендегі белгілермен әр абзацты немесе сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағаным қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.



**АЙТЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін жатқа айт. Өлең мәтініндегі «Адам болам десең, уақытыңды босқа өткізбе» деген идеяны ақын қандай сөз қолданыстарымен жеткізеді? Өлеңдегі синонимдер мен антонимдерді теріп жаз.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Өлең үзіндісін пайдаланып, өзіңнің мақсатың туралы мәтін құра. Мәтінде қандай дауысты және дауыссыз дыбыстардың жиі қолданылып тұрғанын ескер.

Шығамын тірі болсам, адам болып,  
Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып.  
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,  
Жүргенше өмір сүріп, надан болып.

(Сұлтанмахмұт Торайғыров)



**АЙТЫЛЫМ -  
ДИАЛОГ**

**9-тапсырма.** «Уақытты тиімді пайдалану» деген тақырыпта жұп болып диалог құрыңдар.

- Уақытты тиімді өткізу деген не?  
\_\_\_\_\_
- Сабаққа дайындалуға қанша уақыт кетеді?  
\_\_\_\_\_
- Бос уақытыңда немен айналысқанды жақсы көресің?  
\_\_\_\_\_
- Көңіліңнің қалауы кітап па, Интернет пе?  
\_\_\_\_\_
- Компьютерді шамадан тыс пайдаланасың ба?  
\_\_\_\_\_
- Әлеуметтік желідегі қызықтар сенің уақытыңды көп ала ма?  
\_\_\_\_\_
- Компьютердің алдында ұзақ отырудың зиянын білесің бе?  
\_\_\_\_\_
- Сен табиғат аясында демалғанды ұнатасың ба?  
\_\_\_\_\_
- Спорттың қай түріне жақынсың?  
\_\_\_\_\_



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деген мақалды түсініп, «Төрт сөйлем» тәсілімен жаз.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.  
**Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл». Қазақ қауымының ертедегі салт-дәстүрінде жұртқа басшылық етуші, ел билеуші адамға жеті жұрттың тілін білуді және оған қоса қылыш шабу, найза шаншу, садақ ату, суда жүзу, жазу және билік айта білу сияқты жеті түрлі ілім білуді, яғни әр алуан өнерді игеру талап етілетін болған. Бара-бара бұл талап саналы ер-азаматтың баршасына бағышталған өсиетке айналған.

(Әбдуали Қайдар)



**АЙТЫЛЫМ - ПОЛИЛОГ**

**11-тапсырма.** Оқылым және тыңдалым мәтініндегі негізгі ойды демалыстарыңа, денсаулықтарыңды арттыруға қалай пайдаланатындарыңды айтып, ой бөлісіңдер.



**АЙТЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** Ойбөлісте дыбыс үндестігін, ықпал заңын сақтаған-сақтамағандарыңды бағалаңдар.



**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**13-тапсырма.** «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

**Бас бармақ – басты мәселе.** *Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?*

**Балаң үйрек – бірлесу.** *Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?*

**Орган терек – ойлану.** *Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?*

**Шылдыр шүмек – шынайылық.** *Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?*

**Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы.** *Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?*

### 3–4-сабақ

## Бос уақытта саяхаттау пайдалы

**ОЙТУРТКІ**

1. Бос уақытыңда саяхатқа шығуды мақсат етесің бе?
2. Қазақстанның қандай көрікті жерлерін білесің?

### Тілдік бағдар

#### Көркем әдебиет стилі

Көркем әдебиет стилі – көркем шығарманың тілі. Оған ақындардың, жазушылардың өлеңдері мен хикаяттары, әңгімелері жатады. Аты айтып тұрғандай, бұл стильде жазылған шығармалардың тілі көркем болады. Онда ауыспалы мағыналы бейнелі сөздер, эмоционалды сөздер, синонимдер мен антонимдер, омоним, көп мағыналы сөздер молынан ұшырасады. Төл сөз бен автор сөзі алмасып қолданылады, оқшау сөздер жиі жұмсалады.



**ТЫҢДАЛЫМ**

**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Мәтіндегі қаратпа, қыстырма сөздердің не мақсатпен қолданғанын түсіндір.



Көгілдір өзен жағасында, жап-жасыл көгөрай шалғында Ақботақан өмір сүрген екен. Әрине, барлық балалар сияқты ол да қиялдағанды жақсы көретін. Ол күндердің бір күнінде саяхатқа тартып кетуді армандайтын. Сондықтан да таңның атысынан күннің батысына дейін түрлі кітаптар оқитын еді. Ол тарих пен география туралы кітаптарды мектеп кітапханасынан тауып алатын. Сондай-ақ, оның Құлыншақ-Тұлпар, Балапан-Бүркіт, Бала-Барыс сияқты өте сенімді достары бар еді. Ол достарын қасынан, арман-қиялынан еш уақытта қалдырмайтын.

Егер сен, жас дос, Қазақстан деп аталатын елге саяхат жасауды ойға алып жүрген болсаң, сәт сапар!

Достар шағын керуен боп тізіліп, соқпақпен сергек басып келеді. Олар шоқы үстіне шыққанда жолдың үлкен жартасқа тірелгенін көрді. Жартас беті ыстық күнге күйіп, қап-қара боп кетіпті. Сонау күнге тотыққан тас бетіне аспандата көтеріп тұстаған салт атты суреті салынған екен. Құдды тірі бейне тәрізді шауып барады. Суретті темір қашаумен тасқа ойып түсірген. Бұл Алматы облысының Тамғалы тастағы сурет еді. Жартастардағы мұндай суретті петроглиф деп атайды. Гректің петра – жартас және глиф – ойып салу деген сөздерінің қосындысынан шыққан атау. Олар біздің елімізде өте көп.

(«Қазақстан еліне сиқырлы саяхат» кітабынан)

**АЙТЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** Тыңдалым мәтініндегі өңгіме қандай стильде жазылған? Төмендегі сұрақтар төңірегінде өңгімелесіңдер.

1. Мәтінде қандай ой айтылған?
2. Кейіпкерлер бос уақытында қайда саяхат жасауды ұнатады екен?
3. Олар саяхаттап қайда барды? Не көрді?
4. Адамдар суретті қайда салған? Қалай салған?
5. Петроглиф дегеніміз не?
6. Суретті жазу Қазақстанның қай жерлерінде бар?

**АЙТЫЛЫМ**

**3-тапсырма.** Саяхатқа шыққан кейіпкерлер білімін қалай толықтырды? «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айт.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.



#### ОҚЫЛЫМ

**4-тапсырма. Топтық жұмыс.** Мәтінді бөлікке бөліп оқыңдар. Не туралы? Парталас көршілеріңе сұрақтар қойып, әңгімелесіңдер.

Қазақстан қалаларына саяхат жасауды сүйікті ісіңе айналдырғың келсе, Астанаға жол тарт. Астана саяхатшыларды Есіл өзенінен ескен қоңырсалқын самалмен, құшақ жайған кең даңғылдарымен қарсы алады. Бұл даңғылдар бойында жақында ғана салынған өте әсем ғимараттар – Президенттік мәдени орталық, Конгресс-холл, үлкен де жаңа тұрғынжайлық ықшамаудандар сән түзеген. Саяхатшыларға, әсіресе, ұнайтыны – ертегі гүліне өте ұқсас биік Бәйтерек мұнарасы.



Әрбір саяхатшы бір көруді армандайтын қала – Алматы. Іле сырты Алатауының етегіне салынған әдемі қала. Мұражайлардың, театрлар мен концерт залдарының, кітапханалардың, ғылыми-зерттеу институттарының, мектептер мен спорт кешендерінің ең көп





шоғырланған қаласы – осы Алматы. Тау биігінен орын тепкен «Медеу» мұзайдынын Қазақстан аумағынан алыс жатқан ел-жұрттар да жақсы біледі. Қазақстандағы ең биік телемұнара да осында. Ол Көктөбе төбесінен, аспанмен таласып, қаланың кез келген нүктесінен көрініп тұр.

Талас Алатауының етегінде еліміздің байырғы қорықтарының бірі – Ақсу-Жабағылы бар. Бұл қорық 1926 жылы ұйымдастырылған. Мұнда тек аң-құстар ғана емес, шөптер де, гүлдер де қорғалады. Ақсу-Жабағылының эмблемасы ретінде гүл таңдап алынған. Өте сирек гүл, бұл – Грейг жауқазыны. Бұл қызғалдаққа өзін тұңғыш зерттеген ғалымның аты-жөні берілген. Қорықтың мақтанышы – алмаағаштар өскен тоғайлар. Мұнда оның 20 шақты сорты өседі. Олардың бәрі әйгілі Алматы апорты шығарылған Сиверс алмаағашының ең жақын туыстары болып табылады.

(«Қазақстан еліне сиқырлы саяхат» кітабынан)



#### ЖАЗЫЛЫМ


**5-тапсырма.** Алыстағы досың мәтінде сөз болған жерлерге барғысы келетінін айтты делік. Қалай баруды айтып, хат жаз.



#### АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстан қалаларына саяхат жасауды сүйікті ісіңе айналдырар ма едің?
2. Астана қаласы азғана уақытта қалай көркейіпті?
3. Өрбір саяхатшы Алматыны көруді неліктен армандайды?
4. Бос уақытыңда Ақсу-Жабағылы қорығына барғың келе ме?







**АЙТЫЛЫМ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** «Бос уақытта саяхаттау пайдалы» ойыны. Сұрақтарға жауап беріңдер. Ойынның барысы сұрақ нөмірі бойынша жүргізіледі. Сұраққа жауап бере алмағандар досынан 2 рет қана көмек сұрай алады. Кімде-кім сұрақтардың бөріне дұрыс жауап берсе, сол жеңеді.



**АЙТЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Қандай мамандық иесі болсаң да, туризммен хобби ретінде айналысар ма едің? Төменге мәтін мазмұны бойынша пікіріңді жаз (уақыт мөлшері: 7–8 минут).

1. **Өзіндік пікір (идея)** – бір сөйлем.
2. **Дәлел** – екі сөйлеммен келтіру керек.
3. **Өз пікірін дәлелдейтін мысал** – екі сөйлем.
4. **Өз пікіріне қарсы пікір** – бір сөйлем.
5. **Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал** – екі сөйлемнен тұру керек.
6. **Қорытынды** – екі сөйлемнен тұрады.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Диалогтегі саябақты суреттеп жаз.

– Мен бір ғаламат саябақты білемін, – деді Балапан-Бүркіт, – онда бар болғаны бірнеше минут ішінде күллі Қазақстан жеріне керемет және қайталанбас саяхат жасауға болады.

– Бұл саябақ қайда орналасқан? – деп сұрады Ботақан.

– Қазақстанның Елордасы – Астана қаласындағы «Атамекен» этномемориалдық саябағы деп аталады.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Саябақ аралауға кеткен уақытыңды босқа кеткен уақыт деуге бола ма? Өз пікіріңді дәлелде.

**Бірінші сөйлем.** «Менің ойымша...»

**Екінші сөйлем.** «Себебі, мен оны ... деп түсіндіремін».

**Үшінші сөйлем.** «Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

**Соңғы сөйлем.** «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** «Шығу парағын» толтыр.

Бұрын білетінмін.	Осы сабақта білдім.	Білгім келеді.

5–6-сабақ

Шынықсаң шымыр боласың

ОЙТҮРКІ

1. Сен спортты жақсы көресің бе?
2. Бос уақытыңда спортпен айналысатын кімдерді білесің?



ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Негізгі ақпаратты есіңе сақта.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Спорт клубына жазылуға өтініш білдір.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтіндегі кейіпкеріміз қай кезден бастап спортпен айналысқан?
2. Спортты жақсы көру оның сабағына кері әсерін тигізді ме?
3. Мектеп оқушыларының спортты жақсы көруіне кімнің әсері болды?



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңдалым мәтінінен туынды сөздерді тап. Тыныс белгілерді дұрыс қойып, жазып шық.

## Тілдік бағдар

## Күрделі сөздер

**Біріккен сөздер** екі немесе одан да көп сөзден бірігіп, жаңа лексикалық мағына береді. Бір сұраққа жауап береді. Мысалы: *Ақтөбе, көкқұтан, аққұтан, өнеркәсіп, Үштөбе, Сырдария, Болатбек, тасбақа, балқарағай, аскөк, Алакөл, Бурабай, алабұға* т.б.

**Қос сөздер.** Кейде екі сөз қосарланып, бір лексикалық мағына береді. Мұндай сөздерді **қос сөздер** деп атайды. Қос сөздің сыңарлары мағыналық жағынан байланысы бар, бір тектес заттардың атынан, синоним сөздерден, кейде антоним сөздерден жасалады. Мысалы: *сауыт-сайман, көрпе-жастық, ыдыс-аяқ, ұлкен-кіші, жақсы-жаман, алыс-жақын, туған-туысқан, ығы-жығы, қазы-қарта, дүркін-дүркін, оқтың-оқтың* т.б.

**Тіркескен (тіркесті) сөздер.** Екі не одан да көп сөзден құралып, бір екпінмен айтылып, бір ғана лексикалық мағынаны білдіреді. Мысалы: *жер жүзі, құн сәулесі, екі елі, көз ілмеді, қол созым жер, гарыш кемесі, он алты, қызыл ала, келіп кет, сөйлеп отыр* т.б.

**Қысқарған сөздер.** Күрделі атаулардың қысқартылып жазылған түрі. Мысалы: БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы), м (метр), кг (килограмм).



## ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқы.

Әшірбек Сығай:

– Сізді самбоның шебері деп естідік.

Кәкімбек Салықов:

– Ауылда өстік. Ауылда не бар? Доп ойнаймыз. Онда резеңке доп та жоқ. Жүннен домалақтап өзіміз жасап аламыз. Сосын күрес, ауланы ала шаң қылып күнде күш сынасамыз. Басқа ермек жоқ. Мәскеуде жүрміз. Бір күні өзен жағасында демалып отырсам, бір жігіт келді. «Күресесің бе?» – деді. Күрестік. Алып ұрдым. Күлді де, «қайта күресейік» деді. Тағы жығып кеттім. Тағы деп түр.

Мен: «Қазақ бір-ақ рет күреседі. Енді сенімен күреспей-



мін», – дедім. Сөйтсем ол қырғыз жігіті болып шықты. Мәскеудің чемпионы, бірінші разряды бар екен.

Ертеңіне мені институттың денешынықтыру кабинетіне шақырды. «Дәулетовті жеңгенің рас па?» – дейді. Сосын мені стипендияма он бес пайыз үстеме төлеп, самбоға алды. Әуелі институттың, келесі жылы Мәскеудің чемпионы болдым.

(Әшірбек Сығай)



**АЙТЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Диалогке қатысқан кімдер? Кәкімбек Салықовтың кім екенін біл.
2. Самбо қандай спорттық ойын?
3. К. Салықовтың танылуына қандай жағдай себеп болды?



**АЙТЫЛЫМ - ПОЛИЛОГ**

**7-тапсырма.** Біздің елімізде спорттың қай түрі дамыған? Өздерің спорттың қай түріне қатысатындарыңды айтып, ой бөлісіңдер.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Қарамен жазылған сөздерді жақша ішіндегі сөздермен қосып айтқанда, мағыналарында қандай өзгеріс болатынын «Қос жазба» күнделігіне салып түсіндір.

Сөздер	Мағынасы
--------	----------

*Керекті сөздер:* **арам** (шөп, тамақ, тер, ойлы, ас); **адал** (ас, адам, жүрек, кәсіп, дос); **қалың** (киім, жұрт, бет, қамыс); **қоңыр** (сиыр, жіп, дауыс, салқын, күз, қаз, жел, аю); **сары** (май, уайым, уыз, ауыз, су).



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Таныстарың немесе өзің қандай ұлттық ойындар ойнайсың? Олардың қызықтары жайлы өңгіме жаз. Өңгімеге біріккен, қосарланған, тіркескен, қысқарған сөздерді қатыстыр.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Қызығушылық танытқан достарыңа «Тоғыз құмалақ» ойыны өтетіні жайында хабарлама жаз. Онда ойынның ережелері қамтылсын.



**АЙТЫЛЫМ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Төмендегі күрделі сөздердің қандай жолдармен жасалғанын парталас досыңа түсіндіріп, қайтадан жазғызып көр.

Президенттік мәдени орталық, Конгресс-холл, тұрғынжайлық ықшамаудандар, сән түзеген, Бәйтерек мұнарасы, ЮНЕСКО, мұражай, кітапхана, ғылыми-зерттеу институттары, «Медеу»

мұзайдыны, телемұнара, Көктөбе, Талас Алатауы, Ақсу-Жабағылы.



#### ЖАЗЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Мәтінді диалогке айналдыр. Сұрақ дайында.

Адамдар неге спортпен айналысады? Себебі спорт адамдарға қуаныш сыйлайды. Өзің ойлашы, кез келген жарысқа қатысып, жеңіп шықсаң қандай қуаныш! Сонымен бірге спортпен айналысқан адам сымбатты, қайратты әрі денсаулығы мықты болады.

Спорттың қанша түрі бар? Әркім өз қалаған спорт түрімен айналыса алады. Айталық, суда жүзу, жеңіл атлетика, гимнастика, садақ ату сияқты спорт түрінде спортшылар өзара сайысқа түседі.

Шындығында, спорт жарыстарына қатысу тек қана жеңіп шығу емес екенін есіңнен шығарма. Спорт бізге адамдармен жақсы танысып, достасуға да мүмкіндік береді.

*(«Қазақстан еліне сиқырлы саяхат» кітабынан)*



#### АЙТЫЛЫМ

**13-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Сені мәтінде қамтылған спорт ойындарының қайсысы қызықтырады? Қайсысына барып жүрсің?
2. Өзің тұрып жатқан жерде қандай спорт түрлері жақсы дамыған?



#### ЖАЗЫЛЫМ

**14-тапсырма.** Мәтін үзіндісінде берілген пікірді дәлелдеп, жер-жердегі достарыңа хат жаз.

Алатау мен Алтайда тау шаңғысы жолдары жұртқа мен мұңдалап тұрады. Мәселен, Шымбұлақ базасына барып, бір мәрте шаңғы теуіп қайтуға барша жұрт құмар. Спорттың осынау қиын түрін ұнататын жүздеген, тіпті мыңдаған жас бұл жерлерге Қазақстан түгіл, күллі әлемнің түкпір-түкпірінен жиналады. Ересектер шаңғы тепсе, балалар шанамен сырғанайды.

*(«Қазақстан еліне сиқырлы саяхат» кітабынан)*

#### ОЙТАРАЗЫ



#### АЙТЫЛЫМ

**15-тапсырма.** Өзіңді тексер. Күрделі сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

Ауызша сөйлеу барысында қаратпа, қыстырма, одағай сөздерді қызметіне қарай жұмсай алдың ба?

## 7–8-сабақ

## Хобби еріккеннің ермегі емес

## ОЙТУРҒИ

1. «Хобби» деген сөздің мағынасын білесің ме?
2. Ұлы адамдардың хоббимен айналысқанын естіп пе едің?

## Тілдік бағдар

**Ауызекі сөйлеу стилі** – адамдардың күнделікті тіршілігінде жиі қолданатын стиль түрі. Ауызекі сөйлеу стиліне отбасындағы айтылған әңгімелер, достардың арасындағы сырласу, оқушы мен ұстаздың арасындағы сұхбат жатады. Ауызекі сөйлеу тілінің ерекшелігі – оның еркіндікке құрылуында. Ауызекі сөйлегенде кейбір сөздер айтылмай түсіп қалады немесе «жоқ», «иә» деген сөздер сөз басында қолданылады. Сезімді білдіретін одағай, қаратпа, қыстырма тәрізді эмоционалды сөздер жиі кездеседі.



## ТЫҢДАЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Қандай ақпарат алдың? Парталас көршіңе сұрақ қой. Жауаптарыңның дұрыс-бұрыстығын бағалаңдар.

Хобби («hobby») ағылшын тілінен алғанда «сүйікті ісіңмен айналысу» дегенді білдіреді. Бұл – ләззат алу үшін орындалатын адам әрекетінің бір түрі, яғни адам өзінің бос уақытында қуана-қуана айналысатын ісі. Адамның сүйікті ісі оны күйзелістен, ашу-ызадан құтқарады. Оның үстіне ол адамның жан-жақты болуына көмектеседі. Хоббидің негізгі мақсаты – өзін-өзі дамытуға көмектесу.

Microsoft (Майкрасофт) компаниясының негізін қалаушы Билл Гейтс теннис және бридж ойнауды жақсы көреді. Әсіресе, оның кітап оқуға деген құмарлығы кішкентай күнінен басталған. Ол кітапханасын сирек кездесетін кітаптармен толықтыруға арнайы адам жалдаған.

Телеграф, телефон, киноаппарат, фонограф тәрізді дүниелерді өмірге алып келген ХХ ғасырдың басындағы ұлы адам – То-



мас Эдисон түрлі диетаның адам ағзасына әсерін зерттеумен айналысқан.

Facebook (Фейсбук) әлеуметтік желісін құрушы Марк Цукерберг жыл сайын өзінің хоббиін өзгертіп, әлем туралы түсінігін кеңейту үшін бос уақытын түрлі пәндерді оқуға арнаған. Ол мұны өзін-өзі дамыту үшін істеді, сондықтан ол әлемге жан-жақты адам ретінде танылды.

Хобби осылайша адамдардың негізгі кәсібіне кедергі жасамайды, керісінше оның жан-жақты болуына және өмірінің мағыналы өтуіне көмектеседі екен.



**АЙТЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Хобби деген сөз қандай мағынаны білдіреді?
2. Адамдар не үшін хоббимен айналысады?
3. Мәтінде айтылған ұлы адамдардың есімі, істеген ісі сендерге таныс па?



**ЖАЗЫЛЫМ**

**3-тапсырма.** Тыңдалым мәтінінен қандай жаңа сөздерді үйрендің? Халықаралық терминдерді қатыстырып, сөйлем құра.



**АЙТЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Хоббидің пайдасы туралы кластер жаса. Ойыңды дәлелдеп жаз.



**АЙТЫЛЫМ - ПОЛИЛОГ**

**5-тапсырма.** «Кімнің жады мықты?» Топқа бірігіңдер, тыңдалым мәтінін бөліктерге бөліп оқыңдар. Өркім өзінің оқыған бөлігі бойынша түсінгенін айтады. Қай топтың оқушылары мәтіндегі тура және ауыспалы мағыналы сөздерді сақтап сөйлесе, сол топ жеңеді.

**ОҚЫЛЫМ****6-тапсырма.** Мәтінді оқып, негізгі ақпараттарды есіңе сақта.**Сұхбат****Әшірбек Сығай:**

– Дулат, асыл тас жинамайсыз, оттық жинамайсыз, мүштік жинамайсыз. Марка жинамайсыз. Осы сіздің хоббиіңіз не?

**Дулат Исабеков:**

– О, сен біздің үйдегі шахматты көрмеген екенсің ғой. Өткенде «Хабар» телеарнасынан көрсеткені – қалған-құтқаны. Он шақтысын ғана қалдырып, қалғанын елге таратып жібердім. Өйткені үйге сыймай кетті. Санкт-Петербургтен кеше әкелген шахматым бар. Якутиядан біреуін әкелдім. Әнеугүні Иранға барғанымда мақтап-мақтап біреуін сатқан, әкелсем, жай ғана шахмат.

**Әшірбек Сығай:**

– Нұрғали, ал енді өз қолыңыздан жайқалтып бір бау егіпті деп естігенбіз. Қалай, жайқалып келе ме?

**Нұрғали Нүсіпжанов:**

– Иә, еккенім өсіп тұр. Екі мыңыншы жылы он гектар жерді алып, елім-ауылым үшін деп бастап кетіп едім. Еккенім декоративті, табиғатта сирек кездесетін ағаштар еді. Ауылға сән беріп жайқалтып қоймақшы едім. Су тапшылықтан құрап бара жатқаны жанымға батады. Алты-жеті мың түп.

*(Әшірбек Сығай)***ЖАЗЫЛЫМ****АЙТЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Оқылым мәтіндегі диалогті монологке айналдырып жазып, белгілі тұлғалардың негізгі мамандығы мен сүйіп айналысатын ісі туралы ұжымда ой бөлісіңдер. Сөздеріңде синоним және антоним сөздерді көбірек қолданыңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Хобби еріккеннің ермегі ме? Мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікіріңді дәлелде.

**Бірінші сөйлем.** *«Менің ойымша...»***Екінші сөйлем.** *«Себебі, мен оны ... деп түсіндіремін».***Үшінші сөйлем.** *«Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».***Соңғы сөйлем.** *«Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».*



**АЙТЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Тыңдалым және оқылым мәтініндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айт.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Сурет сюжеті бойынша монолог жаз. Монологта төмендегі үзіндіні пайдалан.



Шамаң келсе, он шыбық отырғыз. «Артыңда мал қалғанша, тал қалсын» деген бар... Нағыз отансүйер, Қазақстанды шын сүйер әрбір азамат бұл ізгілік ісінен қалыс қалмаса, нұр жауар... Отанымызды орманға бөлейік».

(Шерхан Мұртаза)

**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

**Бас бармақ** – басты мәселе. *Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?*

**Балаң үйрек** – бірлесу. *Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?*

**Ортан терек** – ойлану. *Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?*

**Шылдыр шүмек** – шынайылық. *Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?*

**Кішкентай бөбек** – көңіл күй ахуалы. *Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?*



## 9–10-сабақ

## Нәтиже сабақ



## ТЫҢДАЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтіндегі ауызекі сөйлеу стилінің ерекшеліктеріне көңіл бөл. Негізгі ақпараттарды анықта.

Грузияның халық әртісі, киноактер, кәсіпқой эстрада әншісі, сценарист, кинорежиссер, бүкіл ТМД елдеріне белгілі өнер қайраткері Вахтанг Кикабидземен сұхбат.

– Вахтанг мырза, айтыңызшы, демалыс уақытын қалай өткізуді қалайсыз?

– Менің ең сүйікті ермегім – балық аулау. Бұдан кейін шулы отырысты ұнатамын. Тамақты аз жесем де, дастарқанның мол болғанын, қонақтардың көп болғанын қалаймын. Достармен бірге отырудың өзі ғанибет емес пе?! Мен, жалпы, еңбекақымды көңілді отырысқа жұмсағанды ұнатамын. Мен, жалпы, кедей адамдардың қатарына жатпаймын. Саяжайым да жоқ. Мен ақша жинауды білмеймін. Бүгінгі күнмен өмір сүремін.

– Коллекция жинайсыз ба?

– Неге жинамаймын, коллекция жинаумен баяғыдан айналысамын. Өзім болған шетелдерден әртүрлі заттарды, әсіресе, діни бұйымдарды көбірек әкелемін. Қазір олардың саны жүзге жетті.

– Сапарға көп шығасыз ба?

– Өте көп. АҚШ, Англия, ТМД елдерінде көп боламын. Осыдан бірер жыл бұрын Грузияның Қазақстандағы мәдениеті мен өнері күндеріне қатыстым. Жұрт ыстық ықыласпен қарсы алды. Қазақ қонақжай халық екен. Меніңше, грузиндер мен қазақтардың әдет-ғұрпында, мінез-құлқында ұқсастық бар сияқты. Олар да, біз де сауықты, ән-жырды ұнатамыз. Көңілді жүргенді қалаймыз. Дүние жинамаймыз.

*(Қасымхан Бегманов)*



## АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Сұхбат ауызекі сөйлеу стиліне жата ма, жазба стильге жата ма?

2. Сұрақ-жауап әдісі және қысқа сөйлемдер, жауап беруді талап етпейтін, жауабы белгілі сұрақтар ауызекі сөйлеудің ерекшелігіне жата ма әлде жазба стильдің ерекшелігі ме?

3. Сұхбаттағы қаратпа, қыстырма сөздер қандай мақсатта жұмсалып тұр?

**ЖАЗЫЛЫМ****АЙТЫЛЫМ**

**3-тапсырма.** Дәптеріңе -лы, -лі, -ды, -ді, -дай, -дей, -тай, -тей, -сыз, -сіз жұрнақтарымен жасалған туынды сөздерді жазып шық. Мағыналарына түсінік бер: тура мағыналы сөз бе, ауыспалы мағыналы сөз бе?

**ЖАЗЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Мәтіндегі туынды және күрделі сөздерді кестеге түсір.

Туынды сөздер	
Күрделі сөздер	

**ОҚЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Мәтінді оқы. Өңгіменің кіріспесін, негізгі бөлімі мен қорытындысын ажырат.

Мен Қаныш ағамен 1931 жылы Қарсақбайда таныстым. Алғашқы көргенім, алғашқы қол алысқаным әлі есімде. Айлы түнде Кеңгір өзенінің бойында жантайып жатқанымыз есімде: анадай жерде шай қайнатқан жігіттер күліседі, олардан әріде шатырлар ағараңдайды. Біз жай ғана сөйлесудеміз.

- Шаршайсыз ба, аға?
- Күндіз аздап...
- Түнде ше?
- Түнде өте жақсы тынығамын.



Күндізгі күшті жел сынғалы бері бұлт та сиреген, ай да біраз бізге жақындағандай еді. Қаныш сәл ғана ойланып кідірді де, қайтадан тіл қатты:

– Өбес, Абай өлеңдерінен оқып жіберер ме едіңіз, – деді. Мен сол кезде оқи бастадым:

Желсіз түнде жарық ай  
Сәулесі суда дірілдеп,  
Ауылдың жаны терең сай,  
Тасыған өзен гүрілдеп...

Оқып болдым. Үн-түңсізбіз. Екеуіміз де қасымыздан Абай өткендей, соған құлақ асқандай тына қалыппыз: екеуіміздің де ішімізге қазақ тілі жаңа бір жарық, жаңа бір жылу алып кіргендей, бақытты сезінгендейміз... Кеудемізде тағы ырғақ оянды ...

Қараңғы түнде тау қалғып  
Ұйқыға кетер балбырап...

деп енді Қаныш аға бастады. Дыбыс келісімдерін, әуен ырғақтары жетік сақтай білетін қоңыр дауыс ерекше бір сырбаз естілді.

Міне, енді жай ғана өн салғанын есіттім.

Қаныш жалғыз ғылымға ғана емес, әдебиетімізге де болысушы, қолма-қол жәрдемдесуші еді. Мұхтар Әуезовтің «Абай» романы шыққанда қандай қуанғаны, қандай ірі сөздер айтқаны бәріміздің есімізде.

(Әбділда Тәжібаев)



#### АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтіндегі негізгі және қосымша ой нені білдіреді?
2. Оқиға қай жерде орын алды?
3. Мәтін мазмұны арқылы қандай адаммен таныстың?
4. Қаныш Сәтбаевты кім деп білетін едің? Мәтінді оқығаннан кейін ғалымның қандай қырын білдің?
5. Қаныш атаны жан-жақты адам деп бағалауға бола ма?



#### АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Оқылым мәтіндегі күрделі сөздер мен оқшау сөздерді «Қос жазба» күнделігіне жаз.



#### ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтін мазмұнында баяндалған Орысбайға мінездеме бер.

Спортшы Орысбайды көргенде көне грек қаһарманы Геркулес осындай-ақ болған шығар деп ойлайтынбыз.

Орысбай – ақын, бәріне таңғалып қараудан әлі бір рет танған емес. Бір замандасы: «Орысбай – тұнған фольклор», – дейді. Енді оған «әулие» дегенді қосақтап айтатындар шығып жүр.

Орысбайдың қойшылар өмірі туралы жазған тарауларын оқып отырғанда, өзіңді оның алдында біртүрлі сезінесің. Егер Орысбай журналист-жазушылықты қаламағанда, тәуір шопан болып шығатынына бек сенімді. Ит жүгіртіп, құс салып, саятшылық өмірге еркінше ден қоятын еді. Өйткені оның жан дүниесі – тұнып тұрған романтика.

(«Заман Қазақстан» газетінен)



#### АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Мінездеме үшін мына сұрақтарға жауап беруің керек.

Орысбайдың мамандығы кім? Хоббиі не? Мәтін мазмұнынан анықтап көр. Оны қандай сөйлемдер арқылы білеміз?





**АЙТЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Мәтіндегі «тұнған фольклор», «романтика», «саятшылық» деген сөздердің мағынасын түсіндір.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** «Қазақстандағы көп адамның хоббиі – спорт» деген тақырыпқа эссе жаз. Эссеге төмендегі мақал мен қанатты сөздерді қатыстыр.

Ұзақ сапар алғашқы қадамнан басталады.

Спорт – денсаулық кепілі.

Шегірткеден қорыққан егін екпес.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** «Бос уақыт және хобби» бөліміндегі мәтіндерді талда. Төмендегі белгілермен талдауға алған әр абзацты немесе сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағаныма қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

**ОЙТАРАЗЫ**



**АЙТЫЛЫМ**

**13-тапсырма.** Өзіңді тексер! «Шығу парағын» толтыр.

1. Сөйлеуде ауызекі сөйлеу талаптарын меңгердің бе?
2. Тіліміздің байлығы – синоним, антоним, омоним, көп мағыналы сөздерді қаншалықты білесің?
3. Ұсынылған тақырыпқа эссе жаза алдың ба?

# ҚИЯЛ ӘЛЕМІ

6-бөлім


1–2-сабақ

## Қиял – адамға тән қасиет

 ОЙТУРҒИ


ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** «Ассоциограмма». Қиял дегенде есіңе не түседі? Диаграмманы толтыр. Жазған сөздеріңнің ішінен өзің қалаған екі сөздің синонимін, антонимін жаз. Оларды кірістіріп, сөйлем құра.



АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. «Қиял», «қиялдау» сөздерінің мағынасы қандай?
2. «Қиял» мен «арман» сөздерінің арасында қандай ұқсастық пен айырмашылық бар деп ойлайсың?
3. Кімді қиялшыл деп санайсың? Неге?
4. Қиял-ғажайып ертегі дегенді естідің бе? Егер естісең, оның көдімгі ертегіден қандай айырмашылығы бар?



ОҚЫЛЫМ



АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Ақын өлеңіндегі негізгі ойды анықта. Арман мен қиялдың айырмашылығы туралы өз ойыңды айт. Мәтіннен туынды сөздерді тауып, олардың қалай жасалып тұрғанын түсіндір.

Адам, сірә, бақытын місе еткен бе,  
Армандайық, армансыз кісі өткен бе?  
Байламы жоқ бақытқа құлдық ұрмай,  
Не жетсін арман қуып, іс еткенге.

Көңілімізді бақытпен алдандырып,  
Арман қуып келеміз, арман қуып.  
Арман барда, арманға тоқтау бар ма?  
Жан бар ма екен арманға салған құрық?!



(Мұқағали Мақатаев)

**ТЫҢДАЛЫМ**

**4-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, төмендегі тапсырмаларды орында.

**ЖАЗЫЛЫМ****АЙТЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Тыңдалған мәтіннен адам бойындағы қасиеттерді білдіретін сөздерді жазып ал. Мәтінде қандай туынды сөздер бар? Олардың қандай жолмен жасалып тұрғанын айт.

**АЙТЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

- Мәтінде не туралы айтылды?
- Мәтінге қандай ат қояр едің? Неліктен?
- «Заттар мен құбылыстардың бейнесін ойда қайта жаңғыртып, өңдеу, ойша өзгерту» деген сөйлемнің мағынасын қалай таратып түсіндірер едің?
  - Қиял адамға ғана тән қасиет пе? Неге?
  - Адамның қиялы мен ерік-жігерінде қандай байланыс болуы мүмкін?
  - Мәтіннен өзің қалаған бір сөзді таңдап, оның айтылуы мен жазылуындағы айырмашылықты түсіндір.

№	Сөздің жазылуы	Ережесі

**Тілдік бағдар****Сөз таптары**

«Сөз таптары» – қазақ тілінің терминдер жүйесін жасаған, қазақ тіл білімінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы енгізген термин. Тілдегі сөздер де адамзат қоғамы сияқты өз ішінде бірнеше таптарға бөлініп, бір-біріне бағынып, бірімен бірі байланысып, іштей аралас-құралас болып жатады. Кейбір сөздерге сөз тудырушы жұрнақтар жалғанып, сол сөздер бір сөз табынан екінші бір сөз табына «ауысатын» да жағдайлар кездеседі. Сөздер де сол секілді «араласа» жүріп, адамның ойын білдіреді. Бірақ тілдегі барлық сөз нақты бір белгілеріне қарай бір сөз табына жатады. Ол қандай белгілер? Қарап көрелік:

1) бір сөз табына енетін сөздің барлығы бірыңғай ұғымдарды білдіреді. Мысалы, зат есім болатын сөздердің әрқайсысы заттың, құбылыстың, ұғымның атын білдіреді: *мектеп, ақыл, Тәңір, ереже, Айару, Тұмар;*



2) бір сөз табына енетін сөздердің барлығы бірдей сұраққа жауап береді: зат есімдер **кім? не?**, сын есімдер **қандай? қай?**, етістіктер **не істеді? не қылды?** және т.б.

3) бір сөз табына енетін негізгі түбір сөздер бірдей сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Мысалы: зат есімдер негізінен бастауыш, толықтауыш қызметін атқарса, етістіктер баяндауыш қызметін атқарады.

4) бір сөз табына жататын сөздерге бірдей қосымшалар жалғанады. Оны сөз табының түрленуі деп атайды. Мысалы: зат есімдерге көптік, септік, тәуелдік жалғаулары жалғанса, сын есімдерге шырай жұрнақтары жалғанады.

Міне, осы төрт белгісіне қарай сөздер тоғыз сөз табына бөлінеді.

### Сөз таптарының өзара байланысы



**ЖАЗЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Суретке қарап, «Тәтті қиял» тақырыбына 80–100 сөзден тұратын шағын мәтін құрап жаз. Мәтінде көп мағыналы, ауыспалы мағыналы сөздерді қолдан.

**ОҚЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы.

Адамдардың қиялдауына тән кейбір ерекшеліктер бар:

1) әр адамның қиял ерекшеліктері оның жеке қызығушылығы мен қасиеттеріне, алдына қойған мақсатына байланысты болады. Мысалы, ыстық күнде салқын суды аңсап шөлдеген жолаушының қиялы мен сабаққа дайындалмай келгендіктен мұғалімнің көзіне түспей, құтылып кетуді ойлап отырған оқушының қиялын салыстырып көруге болады;

2) қиялдың әртүрлі болуы адамның жас және дара ерекшеліктеріне де, білім, тәжірибесіне де байланысты. Мәселен, көргені де, түйгені де көп, өмір тәжірибесі мол, білімді ересек адамның қиялы мен енді ғана айналасына көз салып, дүниені тануға ұмтылған жасөспірімнің қиялын салыстырып, бағалауға болмайды;

3) қиял адамның өскен ортасына, ұлттық ерекшелігіне, табиғат, жер-су қоршауына байланысты да көрініп отырады. «Жаратылыстың құшағында, – деп жазады М. Жұмабаев, – меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, Күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада туып-өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті».

(«Адам және әлем» кітабынан)



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып жаз. Ол үшін мәтіндегі әр бөлікке тақырып қой. Тақырыптың тұсына сол бөліктің ішіндегі тірек сөздерді жаз. Тірек сөздердің үндестік заңына сәйкес айтылу ерекшелігін түсіндір.

**Есте сақта!**

Жазбаша тілде орфографиялық ережені сақтау қандай қажет болса, ауызша сөйлеу кезінде орфоэпиялық заңды сақтап сөйлеу де сондай маңызды болып саналады.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Оқыған мәтін мазмұны бойынша төмендегі кесте берілген қиялдың ерекшелігі мен мысалының сәйкестігін тексер. Оларды сәйкестендіріп, себебін түсіндір. Қарамен жазылған сөздер мен сөз тіркестеріне сұрақ қой. Олардың қай сөз табына жататынын айт. Осы сөздердің синонимдерін, антонимдерін тап.

№	Қиялдың ерекшелігі	Мысалы:
1	адамның қиялы оның қызығушылығы мен қасиеттеріне, мақсатына байланысты	«сары сайран далада туып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті»
2	адамның жас және дара ерекшеліктеріне де, білім тәжірибесіне де байланысты	алға қойған мақсатты жоспарлап, жүзеге асырудың жолдарын іздестіру қиялсыз мүмкін емес
3	қиял адамның өскен ортасына, ұлттық ерекшелігіне, табиғатқа байланысты	ересек адамның қиялы мен айналасын енді тани бастаған жасөспірімнің қиялын салыстырып, бағалауға болмайды



**АЙТЫЛЫМ - ПОЛИЛОГ**

**11-тапсырма.** «Кімнің жады мықты?» Топқа бөлініңдер, мәтінді бөліктерге бөліп алып, тағы бір рет оқыңдар. Әркім өзінің оқыған бөлігі бойынша түсінгенін айтады. Қай топтың оқушылары дұрыс айтса, сол топ жеңеді.



**АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ**

**12-тапсырма.** «Аквариум». Оқылым мәтіндегі Мағжан Жұмабаевтың пікірін негізге алып, төмендегі диалогті әрі қарай жалғастырыңдар. Сынып қай жұптың диалогі қызықты, сәтті шыққанын анықтасын.





**Үлгі:**

– Бұрынғы кезде өмір сүрген қазақ баласының қиялына қоршаған табиғаты әсер етуі мүмкін бе?

– Әрине, мүмкін.

– Егер мүмкін болса, оның себебі не?

– ...



**ЖАЗЫЛЫМ**

**13-тапсырма. «Сөз-Орда».** Шарты: төрт топқа бірігіп, бірнеше тапсырма орындаңдар. Қиял тақырыбына байланысты туынды сөздерді жазыңдар: 1) біріккен сөзден жасалған термин сөздерді жазыңдар; 2) жұрнақ жалғану арқылы жасалған адам бойындағы қасиет атауларын жазыңдар; 3) тақырыпқа қатысты қос сөздерді жазыңдар. Талаптар: тапсырмалар топтық жарыс түрінде өткізіледі; әр тапсырманы орындауға 2 минут беріледі; топтар бірін-бірі бағалайды.

**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**14-тапсырма.** Бүгінгі сабақта не білдің? Өз ойыңды бес сөйлеммен түйіндеп жаз.

**3–4-сабақ**

**Қиялдай алу – ерекше қабілет**

**ОЙТҮРТКІ**



**АЙТЫЛЫМ - ПОЛИЛОГ**

**1-тапсырма. Ойбөліс.** Сендер өскенде кім болуды армандайсыңдар? Болашағыңды қиялдап отыратын сәттер жиі бола ма? Өз қиялдарыңның орындалатынына сенесіңдер ме? Адам өз қиялын ұштап, арманына жету үшін не істеу керек? Осы сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңдер.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** Мұғалімнің көмегімен сөздердің мағынасын анықтап, жаз: *жаңа деңгей, қажеттілік, әрекет, шабыт, өмір салты, бала психологиясы.*

**АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ**

**3-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Тірек сөздерді оқыңдар. Осы сөздер қамтылған мәтінде не туралы айтылуы мүмкін деп ойлайсыңдар? Пікірлесіңдер.

*Тірек сөздер:* қиял, таным-түсініктің дамуы, адам қажеттілігі, белсенді әрекет, шабыт беру, күш-жігер, өмір салты, адам әрекеті, танымды кеңейту, ойға ерекше әсер ету.

**ТЫҢДАЛЫМ**

**4-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңда.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша төмендегі тақырыптарды ретпен қойып жаз. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықта.

Қиял және белсенді әрекет.

Қиял және бала психологиясы.

Қиял және өмір салты.

Қиял және шабыт.

**АЙТЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** «Фантастикалық образдар» дегенді қалай түсінесің? Өзің оқыған кітаптан немесе көрген кинодан қандай фантастикалық образдар есіңде қалды? Суреттегі Тазша бала туралы, оның қиял әлемі туралы не білесің?

**Тілдік бағдар****Зат есім**

Заттың, құбылыстың, ұғымның атын білдіріп, **кім? не?** деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы **зат есім** деп аталады. Мысалы: әке (кім?), оқушы (кім?) ақыл (не?), құс (не?), құйын (не?) және т.б.

Зат есім тұлғасына қарай **негізгі зат есім және туынды зат есім** деп бөлінеді. Негізгі зат есім – бөлшектеуге келмейтін түбір зат есім. Мысалы: *бала, бата, жапырақ* т.б. Туынды зат есім – түбір зат есімге және басқа сөз таптарына жұрнақ жалғануы арқылы жасалған зат есім. Мысалы: *біл-ім, дос-тық.*

Құрамына қарай дара зат есім және күрделі зат есім болып бөлінеді. Дара зат есім бір ғана түбірден тұрады. Мысалы: *оқушы, баспалдақ* т.б. Ал күрделі зат есім екі сөзден тұрады. Мысалы: *кемпірқосақ, ата-ана* т.б.

Зат есім жалпы есім және жалқы есім болып екіге бөлінеді. Біркелкі заттардың жалпы атауы **жалпы есім** деп аталады. Бір ғана затқа берілген жеке атау **жалқы есім** деп аталады. Мысалы: *кісі, адам* деген жалпы адам атаулыға тән болса, *Байжан, Гүлнұр* дегендер адам атаулының бөріне емес, жеке кісілерге ғана қойылған. Жалқы есімдер бас әріппен жазылады.



#### ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы.

А.П. Чехов «Үйде» деген әңгімесінде аса ұтымды эпизод енгізген. Шылым шегіп әдеттенген жеті жасар балаға ешбір сөз әсер етпей қойған. Бірде әкесі оның қиялына әсер етуді ойлайды. Ол баласына мынадай әңгіме айтады: «Кәрі патшаның патшалыққа мұрагер болатын жалғыз ғана ұлы болыпты. Өзі дәл сен сияқты кішкентай бала екен. Өзі жақсы бала екен. Еш уақытта өкпелемейді, ерте жатады, үстелдегі нәрселерге тимейді екен... өзі ақылды болыпты... Оның бір ғана кемшілігі: шылым тартады екен. Патшаның баласы шылымнан көкірек ауру болып жиырма жасында өліпті. Қаусаған ауру шал ешбір қолғанатсыз қалыпты. Мемлекетті басқарып, сарайды қорғайтын ешкім болмапты. Жау келіп, шалды өлтіріп, сарайды қиратып тастапты, сонымен, енді бақша да, шие де, құстар да, қоңыраулар да қалмаған...» Эмоциялы әсерге толы осы әрекеттің күшті әсер еткендігі сонша, бала «қараңғы терезеге ойланып сәл қарап отырып, селк етті де, мұңайған дауыспен: – Мен енді шылым тартпаймын... – деді».

(Өнер. Балалар энциклопедиясынан)



#### АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінге қандай ат қояр едің? Неге?
2. Мәтіндегі ауызекі сөйлеуге қатысты берілген бөлікті тап. Ойыңды дәлелде.



3. Қиялдың жеке адам өміріне әсері мәтінде қалай баяндалған? Осыған ұқсас жағдай басыңнан өтті ме? Үлкендер саған өзің туралы ертегі айтып беріп пе еді?

4. Мәтіндегі зат есімдерді тап. Оларға сұрақ қой.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Қиял кімге не үшін керек? Суретші, жазушы, ғалым және т.б. мамандардың шығармашылығына қиял не үшін қажет? Ойыңды диаграмма түрінде көрсет.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Мәтіннен үндестік заңына бағынбай жазылған сөздерді тауып жазып, себебін түсіндір.

Үлгі: мұрагер, ...

**ОЙТАРАЗЫ**



**ОҚЫЛЫМ**



**АЙТЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Ақынның суреттеуіндегі табиғат көрінісіне мән бер. Ақынның шығармашылық қиялы туралы айт. Мәтіннен зат есімдер мен оның түрлерін тап.

Айналып келді батқан Күн,  
Жығылды түннің жалауы.  
Алауын бақпай ақ таңның,  
Жұлдыздар сөніп барады.

Адамның бағзы арманы –  
Жұлдыздар қайда манағы?  
Аспанның лағыл маржаны,  
Мұхитқа батып барады.

(*Мұқағали Мақатаев*)



**АЙТЫЛЫМ - ПОЛИЛОГ**

**12-тапсырма.** Ұсынылған сөз үлгісін сақтай отырып, ой бөлісіңдер.

«Егер мен ... болсам, қиял маған ... үшін керек болар еді. Себебі ...»

**5–6-сабақ**

**Бала қиялы**

**ОЙТҮРТКІ**



**АЙТЫЛЫМ**

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Өлемге танымал қандай суретшілерді білесің?
2. Қазақ суретшілерінен кімдерді білесің?
3. Олардың қандай картиналарын көрдің?
4. Қай өнер адамына қиял ерекше әсер етеді деп ойлайсың?

Here?



**ЖАЗЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** Берілген сөздердің мағынасына жуық келетін синоним сөздерді анықта. Дара және күрделі зат есімдерді тап.

Соғыс алапаты, қария, із, ынтықтық, ата буын, мұғалім, балалық шақ.



**АЙТЫЛЫМ**

**3-тапсырма.** Мына суретшілердің қайсысы таныс? Олар туралы, олардың шығармашылығы жайлы не білесің?



**ТЫНДАЛЫМ**

**4-тапсырма.** Мәтінді зейін қойып тыңда.



**ОҚЫЛЫМ**



**АЙТЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Мәтінде айтылған ақпараттың дұрыстығын тексер. Қатесі болса, ойыңды дәлелде.

№	Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
1	Басты кейіпкер – соғыс ардагері.	+	
2	Мәтінде ғалым адамның өмірі туралы айтылды.		+
3	Кейіпкердің балалық шағы дүниежүзілік соғыспен тұспа-тұс келді.	+	
4	Қасымбек суретті гуашьпен салғанды ұнатпайды.		+
5	Олар қылқаламды есектің құйрығынан, аттың жалынан жасап алатын.	+	
6	Ол кезде сағат деген атымен жоқ.	+	
7	Мұғалімі қатал болды.		+
8	Сонда ол да қазіргідей үйіне жылап айтып барды.		+
9	Балалар білімге құштар болды.	+	

**ЖАЗЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Суретке ат қой. Суретші баланың қиялы туралы мәтін құрап жаз. Талаптар: сөз көлемі: 1) 170–180 сөз. 2) Зат есім сөздерді қолдану. 3) Суреттің идеясы мен суретші баланың шеберлігі туралы өз пікірін білдіру.

**Тілдік бағдар****Деректі және дерексіз зат есімдер**

Айналадағы заттар мен құбылыстардың адамға танылуы ерқалай. Олардың бірін қолмен ұстап, көзбен көруге болады, ал енді бірін оймен, ақылмен ғана сезіп білеміз. Осындай ерекшелігіне байланысты олардың өзі деректі және дерексіз болып бөлінеді.

Нақтылы тануға болатын зат атаулары **деректі зат есім** деп аталады. Олар: *аң, шөп, ағаш, құс* және т.б.

Көзге көрінбегенмен, адамның ойлауы нәтижесінде ғана танылатын құбылыс не ұғым атаулары **дерексіз зат есім** деп аталады. Мысалы: *адамгершілік, ақыл, қуаныш, парасат, сезім* және т.б.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** «Сөз-Бөйге!» Шарты: топқа бөліңдер.

- 3 минут ішінде құрамында дерексіз зат есімі бар жұмбақтар тауып жазыңдар.
- 3 минут ішінде құрамында дара зат есімі бар тақпақтарды жазыңдар.



3. 3 минут ішінде құрамында деректі зат есімі бар мақал-мәтелдер жазыңдар.

4. 3 минут ішінде құрамында жалқы есімдер бар мақал-мәтелдер жазыңдар.



**ОҚЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр.




«Сурет салуға деген ынтызарлығым мектепке бармай тұрып басталған. Біздің кезімізде бүгінгідей техника жетістіктері жоқ. Сиясауытымызға құйып алған сиямыз ойнап жүргенде үстімізге төгіліп, малмандай болатынбыз. Соғыс қасіретінен халықтың жағдайының нашарлауы менің сурет салуға деген құштарлығымға еш кедергі бола алмады.

Тұңғыш көрмемді мектепке дейін үйдің қабырғасында ашқанмын», – деп рақаттана күлді Қасымбек аға. – Сол кездегі әліппеге басылған арыстан, жолбарыстардың суретін салып, үйдің қабырғасына іліп, күллі ауылды көрмеме шақырдым. Ауыл-үй түгел келіп көріп, мақтайды. Балажүрек мәз болады. Сол кездегі суретімді қолпаштаған мақтаулар сурет әлеміне деген сенімділігімді нығайтты.

Тіршілік дегенің ағын судай тоқтамайтын асығыс екен ғой?! «Арманға қалай жетеміз?» деп талпынумен арпалысып жатқан тіршілік бұл. Мұндай сәттерде ең жақын көмекшің – қиял. Көргеніңді қиялыңда тірілтіп, көз алдында қанатына мінгізіп, жетелеп отырады», – дейді суретші.

(С. Қасымбектен)



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Мәтіннен деректі, дерексіз зат есімдерді теріп жаз.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Тыңдаған және оқыған мәтіндердің мазмұны бойынша суретшінің бала қиялы туралы қысқаша мәтін жаз. Мәтінге «Қиял қанатында» деген тақырып қой. Онда адам өміріндегі қиялдың күшіне, маңызына назар аудар. Мәтінде деректі және дерексіз зат есімдерді қолдан. Оларды құрамына қарай талда.



**АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ**

**11-тапсырма. Рөлдік ойын.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, ата мен баланың рөлінде диалог құрыңдар. Ата – балалық шағы соғыс кезіне тап келген буын өкілі. Оның мамандығы – суретші. Қиялдауға қатысты қандай сұрақ төңірегінде әңгімелесер едіңдер? Диалогте қаратпа, қыстырма сөздерді ретіне қарай дұрыс қолданыңдар.

**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** «Шығу парағына» төмендегі сұрақтарға қысқаша жауап жаз.

1. Бүгін не үйрендің?

2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?

3. Зат есімнің мағыналық түрлерінің ерекшелігін ажырата аласың ба?

4. Деректі және дерексіз зат есімдерді қолданып, ауызша және жазбаша мәтін құрай аласың ба? Онда «Менің бала қиялым» тақырыбына шағын ойтолғау жаз. Талаптар: сөз көлемі 120–150 сөз болсын. Тіл көркемдігіне назар аудар.



#### АЙТЫЛЫМ

**13-тапсырма.** «Броундық қозғалыс». «Бала қиялы» тақырыбы несімен есінде қалды? Қай тапсырмалардың қызықты болғаны туралы мәлімет жинап, ойыңды қорытып айт. Сөзінде зат есімдерді көбірек қолдан.

### 7–8-сабақ

## Қиял мен шындық бірлігі

#### ОЙТҮРТКІ



#### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

Мына сурет қандай тәсілмен жасалған деп ойлайсың?

Мұнда суретшінің қиялы қалай көрінген?

Бұл жұмыстың авторы кім?



#### ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Суретке қарап, мәтін құрап жаз. Онда мынадай сөз тіркестерін қолдан: жылқы бейнеленген, жаңа тәсіл, қиял мен шындықтың бірлігі, әсер етеді, жіңірек қиял.



**ТЫҢДАЛЫМ****3-тапсырма.** Мәтінді тыңда.**АЙТЫЛЫМ****4-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Диалог не туралы болды?
2. Бен Хейннің шығармашылығы туралы кім кімге ақпарат берді?
3. Өңгіме қандай өнер түрі туралы болды? Айару мен Тұмардың сөйлеу тілінде қандай ерекшеліктер бар?
4. Егер сен кейіпкерлердің қасында болсаң, қандай ой қосар едің немесе тағы не туралы сұрар едің?
5. Сені осы жанр қызықтыра ма? Неге?
6. Диалогте қандай заттық мағынаны білдіретін сөздер қолданылды?

**ОҚЫЛЫМ****5-тапсырма.** Мәтінді оқып, ат қой.

Суретші Бен Хейн **фотосурет** және қарындашпен салған суреттерді біріктіре отырып, **қиял** мен **шындықтың** араласқан әлемін жасап шығарды.

Бұл картиналардың ешқандай **құпиясы** жоқ. Әуелі Бен қағазға салар дүниесінің нобайын сызады. Содан соң нысанын шынайы бейнесінде суретке түсіріп алады. Артынан суретін фотошопта өңдеп, қаныққан түрлі түстер үстемелейді. Соның нәтижесінде таңғажайып **туынды** дүниеге келеді. Бары сол ғана. Әрине, бұл үшін үлкен ерік-жігермен қатар, табиғи таланттың да керегі анық.

Қазір суретшінің коллекциясында 100-ге жуық **картина** бар. Олардың тақырыбы: махаббат, еркіндік, **достық** және т.б.

«Мен өнерімді халық үшін жасаймын. Олар бір сәт күйбең тірліктен бойларын суытып, қиял әлеміне енсе деймін. Мен көп жылдар бұрын өлең шығарғанмын. Енді бүгін өз туындыларым арқылы поэтикалық және философиялық **ойлар** айтқым келеді. Әрбір картинама әсем әуен мен өрнекті өлең секілді көңіл пернесін дәл басып, тарихтан, өмірден сыр шерткенін қалаймын», – дейді суретші.

(«Білгенге маржан» кітабынан)

**ЖАЗЫЛЫМ****6-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, Бен Хейнмен сұхбат құрап жаз. Өңгімені 10–12 сөйлеммен жаз. Сұхбатта қарамен берілген зат есім сөздерді міндетті түрде қолдан. Олардың қайсысы деректі, қайсысы дерексіз екенін дәлелдеп айт.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**7-тапсырма. Салыстыр.** Дереккөздерді пайдаланып, Бен Хейннің өмірбаяны туралы мәліметтерді тап. Оның өмірбаянын екі түрлі мәтін түрінде жаз. Алдымен өмірбаяндық мәтін түрінде құра (аты-жөні, туған жылы, туған жері, қашан, қандай білім беру мекемелеріне барды, отбасы туралы мәлімет бер). Содан соң осы мәліметтерді көркем-әдеби мәтінге айналдырып жаз. Екінші мәтінде суретшінің туған күн, ай, жылы, туған жері, оқыған білім мекемелері, отбасы туралы білетініңді көркем тілмен баяндап жаз. Қай мәтінде бейнелі, көркемсөздер көбірек қолданылды? Себебі неде?



**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Бен Хейн салған төмендегі суретке қарап, сипаттамалық мәтін құрап жаз. Мәтінде зат есімнің мағыналық түрлерін қолдан.



**ОЙТАРАЗЫ**



**АЙТЫЛЫМ - ПОЛИЛОГ**

**9-тапсырма.** «Өнер және табиғат» тақырыбында Бен Хейн негізін салған жаңа өнер түрі туралы пікір алмасыңдар. Сөздеріңде зат есімнің мағыналық түрлерін қолданыңдар.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Мына сөздер мен сөз тіркестерін кірістіріп, шағын өңгіме жаз: *теңіз жағасы, балық аулау, терең ой, гажайып көрініс, үлкен олжа.* Жазған мәтін бойынша Бен Хейн үлгісімен сурет сал.

**9–10-сабақ**

**Нәтиже сабақ**



**ОҚЫЛЫМ**

**1-тапсырма.** Мәтінді оқы.

Шығармашылық қиял деп адам бойындағы өзіндік жаңа образдар жасау арқылы жаңаша әрекет, жаңа туындылар жасауға мүмкіндік беретін ерекше қиялды айтады. Жазушының, су-

ретшінің, ғалымның, композитордың және т.б. қиялы шығармашылық қиялға жатады. Шығармашылық қиял әрі күрделі, әрі қиын. Мысалы, кез келген кейіпкердің көркем образын жасау оны сипаттап жазған шығарманы оқып, елестетуден әлдеқайда ауыр.

Шығармашылық қиял ақын-жазушылардың, суретшілердің, өртістердің және т.б. өнер иелерінің іс-әрекеттерінде үлкен орын алады. Олар өздерінің идеясын кейіпкерлер арқылы береді. Ақын-жазушылар қиял арқылы өзінің келешек кейіпкерлерін «көреді», олардың мінез-құлықтарын «елестетеді», сөзін «естиді». Сонымен қатар ақын-жазушылар өз кейіпкерлерімен бірге өмір сүреді, олардың ойын, көңіл күйін «сезіп», қоян-қолтық араласып жүргендей болады.



#### АЙТЫЛЫМ- ДИАЛОГ

**2-тапсырма. Рөлдік ойын.** Мәтіндегі ойдың мазмұнын сақтай отырып, шығармашылық қиял туралы Шәкірт пен Ұстаз рөлінде пікірлесіңдер. Диалогте бір-бірінді құптау үшін төмендегідей сөз орамдарын қолданыңдар: «Тамаша!», «Қандай ғажап!», «Бәрекелді!» және т.б. Ұсынылған жазба мәтін мен өздерің құраған диалог мәтіні тілінде қандай айырмашылық барына мән беріңдер.



#### ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Төменде берілген үзінді – ақылды Төбет туралы көркем шығарманың соңы. Төбет пен жетекші қасқыр әрекетінің сырын ашу үшін осыған дейін болуы мүмкін оқиғаны өз қиялыңмен болжап, шағын әңгіме жаз. Ол үшін шығарма оқиғасының желісін алдын ала жоспар түрінде жазып ал. Шығармада зат есімнің түрлерін қолдан. Олардың ойды жеткізудегі рөліне мән бер. Сынып «Ең үздік шығарма» аталымының иегерін анықтасын.

*Бағалау критерийлері:*

- 1) оқиғалар арасындағы логикалық байланыстың болуы – 3 ұпай;
  - 2) тіл көркемдігі – 2 ұпай;
  - 3) шығармашылық қиялдың деңгейі – 5 ұпай.
- Барлығы: 10 ұпай.*

... Түнде ақсақал ұйықтап кетті. Аспанда ай шықты. Көрі Төбет ауырлап тұрып, өзен жаққа бет алды. Өзен тыныш ағып жатты, тек түскен ай сәулесінен оның беті қатарлап жүзген күміс балықтарша жылтырап жатты.

Төбет суға түсті де, кішкене тұрған соң, ағынға қарсы бет алды. Ол бірнеше рет тастарға сүрініп, су басынан аса құйылса да, күшін қайта жинап алып, әрі қарай жүзе берді. Өзен





жағалаулары жарға айналып, әр жерде көлеңкелер пайда бола бастады. Ол басын көтергенде, өзіне қарап тұрған үш қасқырды көрді. Ай жарығында ірі жетекші қасқырдың таныс сары көздері төбетке қарап тұр еді. Оның жанындағы қасқырлар сілекейлерін жұтып, ұли бастады. Бірақ жетекшінің ырылы оларды орнынан қозғалтпады.

Төбет басын төмен салып, аз қалған жолын жалғады. Төмендеу жағалауға жеткен соң, ол суық өзеннен жағаға шықты. Үстіндегі судан сілкінбей, артына бұрылып қарады. Қасқырлардың кеткенін көріп, ол асықпай үлкен тастың артына кіріп жоқ болды. Бұдан былай оны ешкім көрген жоқ.

**АЙТЫЛЫМ**

**4-тапсырма. «Салыстыру».** Өз шығармашылық қиялыңның автордың ойымен қаншалықты үндесетінін білу үшін мына көрсетілген сайтты <http://tobet.kz> ашып оқып, салыстыр.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**5-тапсырма. Жұптық жұмыс.** Тақырып бойынша жинақтаған білімдеріңді тексеру үшін берілген үлгі бойынша 5 тест тапсырмасын құраңдар. Тапсырманы өзара алмасып, жауап беріңдер.

**Үлгі:** 1. Қарындаштың көмегімен салынған сурет пен фотосуретті біріктіріп, сурет салатын суретші кім?

- A. Әбілхан Қастеев
- B. Бен Хейн
- C. Леонардо да Винчи
- D. Қасымбек Нұрбекұлы

**ОҚЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Өлеңдегі ой мен оқылған мәтіндегі ойдың арасындағы ортақ тұжырымды анықта. Зат есімдерді тап.

Бір жерде көп отырсаң жалғыз өзің,  
Көрмесе көңіл ашар жанды көзің,  
Кейде ащы, кейде тәтті қиял билеп,  
Кететін бар емес пе бір мінезің?

Қасыңда жүйрік қиял сонда серік,  
Басыңда, әсіресе, болмаса ерік.  
Қаулаған қалың үміт көзге елестеп,  
Біресе ауыр қайғы қаптар келіп.

(*Міржақып Дулатұлы*)

**АЙТЫЛЫМ -  
ПОЛИЛОГ**

**7-тапсырма.** «Қиялдың шегі бар ма?» тақырыбында ойкөкпар (дебат) өткізіндер. Ол үшін 3 оқушыдан тұратын 2 топ құрыңдар. Бір топ ақтаушы, екінші топ даттаушы болады. Алдымен әдебиеттердегі ойкөкпарды жүргізудің жолдарымен танысыңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** «Қиял – шығармашылық бастауы» тақырыбында өз ой-тұжырымыңды жинақтап, 150 сөз көлемінде мәтін құрап жаз. Мәтінде синоним, омоним, антоним болатын зат есімдерді орынды қолдан.

**ОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ****АЙТЫЛЫМ**

**9-тапсырма. Жұптық жұмыс.** «Сөзжұмбақ құраймыз!» Осы бөлім материалдарының негізінде сөзжұмбақ құраңдар. Сөзжұмбаққа қойылатын талаптар: 1) ортада «Қиял» деген тірек сөз шығатын болсын; 2) сұрақтар қысқа әрі түсінікті болуы тиіс.

## КӨЛІК ЖӘНЕ ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ

7-бөлім

1–2-сабақ

Жол белгілерін білеміз бе?

ОЙТУРТКІ



ЖАЗЫЛЫМ



АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суреттегі жол белгілерінің ішінен өзің білетін белгілерді таңдап ал. Суретін сал. Олардың мағынасын түсіндіріп жаз. Парталасыңның жауабын бағала.



ЖАЗЫЛЫМ



ОҚЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Топтық жұмыс. «Кім жылдам?» Шарты: 4 минут ішінде «Жол белгілерін білудің қандай маңызы бар?» деген сұраққа шағын мәтін құрап жазыңдар. Өр топ өздері құраған мәтінді сынып алдында оқиды. Ең үздік, көркем тілмен жазылған мәтін марапатталады.



АЙТЫЛЫМ



ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Суреттегі жол белгілерінің қалай аталатынын анықта. Оларды төмендегі кестеге бөліп жаз.

Тыйым салу белгісі	Ескерту белгісі





**ТЫҢДАЛЫМ**

4-тапсырма. Өлеңді ұнтаспадан мұқият тыңда.



**АЙТЫЛЫМ**

5-тапсырма. Тыңдалған өлең бойынша мына сұрақтарға жауап бер.

1. Өлеңде не туралы айтылады?
2. Өлеңге қандай тақырып қояр едің? Неге?
3. Автор қай шумақта қандай жол белгілеріне ерекше тоқталып тұр?
4. Өлеңде қандай сын есім сөздер қолданылды? Туынды сөздердің қандай түрлері кездесті?



**АЙТЫЛЫМ**

6-тапсырма. «Оймоншақ». 4 топқа бірігіңдер. Өр топ өлеңнің мазмұнын қарасөзбен баяндап, мәтін түрінде айтады. Мәтіндегі сөйлемдер бір-бірімен логикалық жағынан сабақтасып тұрсын. Мәтінде қай сөз тура және ауыспалы мағынада берілген?


**Тілдік бағдар**

**Сын есім**

Заттың, құбылыстың сын-сипатын: түсін (*ақ, қызыл*), түрін (*ескі, жаңа*), көлемін (*үлкен, орташа*), сапасын (*жақсы, жаман*), дәмін (*ащы, тәтті*), салмағын (*ауыр, жеңіл*), сынын (*қатты, жұмсақ*) және т.б. белгілерін білдіретін сөз табы **сын есім** деп аталады. Сын есім сөздер **қандай? қай?** деген сұрақтарға жауап береді.

Сын есімдер құрамына қарай **дара сын есім** және **күрделі сын есім** болып бөлінеді. Дара сын есім бір ғана сөзден тұрып, заттың сындық белгісін білдіреді. Мысалы, *қызыл, бойшаң*. Күрделі сын есім кемінде екі сөзден тұрады. Мысалы, *ақ киімді, әп-әдемі, өте жақсы*.

**Негізгі сын есім** – ешбір қосымшасыз негізгі түбір сын есім. Мысалы, *ақ, дәмді, жақсы*. **Туынды сын есім** сөзге жұрнақ жалғануы арқылы жасалады. Мысалы, *білімді, сапалы, сөзшең*.



**ОҚЫЛЫМ**



**ЖАЗЫЛЫМ**



**АЙТЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** «Бөлшекте, жинақта!» Сынып үш топқа бөлінеді. Өр топтағы оқушылар №1, №2, №3 деп белгіленеді. 1-кезеңде өр топтағы балалар мәтіннің өздеріне тиесілі бөлігін оқиды. 2-кезеңде өр топтағы балалар нөмірлеріне сөйкес топ болып бірігеді. Олар өздері оқыған мәтін бөлігінің мазмұнын бірігіп талдайды, ой бөліседі. 3-кезеңде топ мүшелері қайта өз орындарына барады да, жалпы мәтін мазмұны бойынша кеңесіп, өздері қалаған тәсілмен

(тірек сөздер кестесі, кластер, диаграмма, сурет, карта және т.б.) ойларын жинақтайды. 4-кезеңде әр топ өз жұмыстарын сынып алдында қорғайды.

### Жол белгілері

**I. Жол апаттарын көп болдырмау үшін «Жол қозғалысы ережелерін» жетік білүміз керек. Жол белгілері – көлік қозғалысын реттеу және көлік жүргізуші мен жаяу жүргіншіге маңайдағы жол жағдайы жөнінде ақпарат беру мақсатында көше мен жол бойына қойылатын арнайы белгілер.**

Жол белгілері 7 топқа бөлінеді:

1. Ескерту белгілері
2. Басымдылық белгілері
3. Тыйым салу белгілері
4. Міндеттеу белгілері
5. Ақпараттық-көрсеткіш белгілері
6. Қызмет көрсету белгілері
7. Қосымша тақтайшалар

Осылардың кейбіріне тоқталайық.

**II. Ескерту белгілері** жолдың қауіпті бөлігінің жақындағанын хабарлайды. Ол айналасы қызыл жолақпен көмкерілген ақ түсті тең қабырғалы үшбұрыш түрінде жасалып, ортасына қауіп түрін айқындайтын шартты белгілер салынады. Ескертуші белгілер жүргізушіге қауіпті аймақтар туралы мағлұмат беретіндіктен, олар қала ішінде сол аймаққа жеткенге дейінгі 50–100 метр, ал қаладан сырт жерлерде 150–300 метрге дейінгі қашықтықта қойылады.

**Басымдылық белгілері** көше қиылыстарын, жолдың жіңішкерген бөлігін, кесіп өту кезегін белгілейді. Олар пішіндері мен түстері әртүрлі 9 жол белгісінен тұрады.

**Тыйым салу белгілері** жолдағы көлік қозғалысына белгілі бір шектеулер енгізеді немесе бұрын қойылған шектеулердің күшін жояды. Олардың пішіні дөңгелек болады, шеті қызыл жолақпен көмкеріліп, ақ түсті ортасында тыйым салатын шартты белгілер көрсетіледі.

Міндеттеу белгілері бір бағытта немесе көліктің белгілі бір түріне ғана жүруге рұқсат етілетіндігін көрсетеді. Солға бұрылуға рұқсат ететін белгілер кері бұрылуға да рұқсат береді. Жиігі ақ жолақпен көмкерілген көк түсті, пішіні дөңгелек не тік төртбұрыш болып келетін 18 белгіден тұрады.



**III. Ақпараттық-көрсеткіш** белгілер қозғалыстың белгілі бір режимдерін енгізеді немесе күшін жояды, сондай-ақ елді мекендер мен басқа да нысандардың орналасуы туралы хабарлайды. Олардың өлшемі, пішіні мен түсі әртүрлі болып келеді. Қызмет көрсету белгілері жол бойында және жолдан әртүрлі қашықтықта орналасқан қызмет көрсету нысандары туралы ақпарат береді. Пішіндері тік төртбұрыш болып жасалып, жиектері қалың көк жолақпен көмкеріледі, ақ түсті ортасында нысандар туралы шартты белгілер көрсетіледі. Олардың жалпы саны – 12.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Мәтіннен сын есімдерді тауып, оларға сұрақ қой.

**АЙТЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Төмендегі сөйлемдерді оқып, жағдаяттарды анықта. Сол жерде болуы тиіс жол белгілерінің суретін сал немесе не істеу керегін айт. Жауабыңда сын есімдерді қолдан.

1. Жүріп келе жатқан мәшиненің алдынан өтіп кетемін деуші болма, ол өте қауіпті! *Осындай жерде қандай жол белгісі тұруы керек?*

2. Мектепке келе жатқанда үлкен жолдың шетімен жүр. Алдыңнан мәшине шықса, жол бер. Тоқтап тұрған мәшиненің қасынан абайлап өт. *Жолдың қай жағымен жүресің?*

3. Көше тәртібін орындамау көліктің жүріп-тұруына кедергі келтіреді. *Көше тәртібіне не жатады?*

4. Мектепке келе жатқанда, өзіңе қауіпсіз болатын жолды таңдай біл. *Өзің қай жолмен және не үшін жүресің?*

**ЖАЗЫЛЫМ****ОҚЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып жаз. Жазғаныңды оқы. Қате кеткен болса, түзет.

1) Көшеден өтерде әуелі ... (қай?) жағыңа, көшенің орта тұсына жеткенде ... (қай?) жағыңа қара. Егер көлік келе жатса, өтіп кеткенше сол ... (қайда?) күте тұр. 2) Аялдамада тұрған автомобиль, автобус, троллейбустың ... (қай?) жағынан айналып өт. Сонда сен келе жатқан мәшинені дер кезінде көресің. 3) Тро-туармен келе жатып, қақпадан көрінген мәшинені байқасаң, ... (не істеп?) жіберуің керек. 4) Көшеде тоқтап тұрған мәшиненің қасынан абайлап өт, мәшине ... (несін?) ашып қалуы мүмкін. 5) Жол үстінде ойнама, ... (не?) теппе. Жер тайғақ болса, ... (қайда?) абайлап жүр.



**АЙТЫЛЫМ**

**11-тапсырма. Топтық жұмыс. «Айтыс».** Жол белгілерінің түрлері (мысалы: «Ескерту белгілері») бойынша сынып оқушылары жеті топқа бірігіңдер. Жоғарыдағы мәтін мазмұнына сүйеніп және қосымша дереккезді пайдаланып, жол белгілері туралы материал жинаңдар. Өз топтарыңа тиесілі жол белгісінің ұтымды, маңызды жақтарын дәлелдеп, ыңғайына қарай басқа жол белгілерінің кемшілігін «тауып» пікірталас өткізіңдер. Айтыста сын есімдерді қолданыңдар. Сыныптан әділқазылар алқасы сайланып, топтардың айтысын бағаласын.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** Дереккөздерден жолға, жол ережелеріне қатысты құрамында сын есімдер бар жұмбақтарды, мақал-мәтелдерді тауып жаз. Ойды білдіруде сын есімдердің атқарып тұрған қызметін өз сөзіңмен таратып айт.

**Үлгі:** Қызылы «түр» дейді, сарысы – «аялда», жасылы «жүр» дейді.

**ОЙТАРАЗЫ**



**АЙТЫЛЫМ**

**13-тапсырма. «Броундық қозғалыс».** «Жол белгілерін білеміз бе?» тақырыбы несімен есіңде қалды? Сыныпты аралап, қай тапсырмалардың қызықты, пайдалы болғаны туралы мәлімет жина. Өз ойыңды қорытып айт. Сын есімдерді көбірек қолдан. Қандай зат есім сөздерді қолданғаныңды айт.

**3–4-сабақ**

**Жол жүру ережелері қашан пайда болды?**

**ОЙТҮРТКІ**



**АЙТЫЛЫМ**

**1-тапсырма.** Төменде берілген суреттерге қара. Олардың ішінен жол белгісіне қайсылары жататынын дәлелдеп айт.

1



2





**АЙТЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Жолда жүру ережелерінің тарихы туралы не білесің?
2. Қазақстан Республикасында жолда жүру ережесі қашан қабылданған?
3. Жол белгілерін «халықаралық тіл» деп атауға бола ма? Неге?



**ОҚЫЛЫМ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**3-тапсырма.** Төмендегі жолға қатысты мақал-мәтелдерді жаттап ал. Олардың ішінен өзің қалаған біреуін қатыстырып, мәтін жаз. Мәтін көлемі 23–25 сөз болсын. Мәтінде сын есімдерді көбірек қолдан.

- |   |   |  |
|---|---|--|
| 1. Сөз анасы – құлақ,<br>Жол анасы – тұяқ,<br>Су анасы – бұлақ,<br>Көз анасы – шырақ. | 2. Асыққан жолаушы<br>Атына теріс мінеді. | 3. Жол сұраған кісі адаспайды,<br>Жөн сұраған кісі жаңылыспайды. |
|---|---|--|



**ТЫҢДАЛЫМ**

**4-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



Алғашқы бағдаршам.



Қазіргі бағдаршам.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** «Кім алғыр?» Мәтін мазмұны бойынша естіген деректік ақпараттарды есіңе түсір. Оларды қатыстырып, мәтін мазмұнын қысқаша түйіндеп жаз. Қандай туынды сөздерді қолдандың?

**АЙТЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Тыңдалған мәтіннің сабақ тақырыбымен байланысы неде? Ойыңды дәлелде.

**Тілдік бағдар****Сын есімнің мағыналық түрлері**

Сын есімдер мағынасы мен жасалу жолдарына қарай **сапалық** (негізгі) **сын есім** және **қатыстық** (туынды) **сын есім** болып екіге бөлінеді.

**Сапалық сын есімдер** деп мағынасы жағынан заттың әр алуан сыр-сипатын ешқандай қосымшасыз-ақ білдіретін сөздерді айтамыз. Мысалы: *ақ көйлек, жеңіл көйлек, жібек көйлек* және т.б.

**Қатыстық сын есімдер** деп бір заттың белгісін басқа бір заттың я іс-амалдың қатысы арқылы білдіретін сөздерді атаймыз. Қатыстық сын есімдер жұрнақтар жалғану арқылы басқа есімдер мен етістіктерден жасалады да, заттың әртүрлі белгілеріне қатысты сындық ұғымдарды білдіреді. Мысалы: *Бала+лы үй – базар, бала+сыз үй – мазар* (мақал); *Үйге ат+ты адам келді*; Біз *көктем+гі демалысқа шығамыз*. *Бақыт – көрген+ді қыз*.

Сапалық сын есім

– жақсы, тең,

Қатыстық сын есімдер

– қауіп+ті

**ОҚЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтіннен сапалық және қатыстық сын есімдерді теріп жаз.

Адамдар жолды «ойлап тапқаннан» бастап-ақ олардың бағытын көрсетіп тұратын жол белгілері қажет болды. Ертедегі адам-

дар ондай белгілерді қолмен жасап отырды. Мысалы, жүрер жолда тұрған ағаштың бұтақтарын сындырып немесе жол жиектеріне әртүрлі формадағы тастардан белгі қойды. Бірақ ол бұтақтар да бірден көзге түсе бермейтін, жердегі тастар да «қозғалып» қалатын. Сондықтан адамдар енді «белгіні» табиғи заттардан бөлек етіп, ажыратып қоюды ойластырды. Сөйтіп, алғаш рет жол жиектерінде үстіне Герместің бас мүсіні (Гермес – өлшемдерді, сандарды ойлап шығарған адам) қойылған төрт бұрышты қысқа бағандар пайда болды. Ал біздің заманымызға дейінгі V ғасырдан бастап әртүрлі шығарма кейіпкерлерінің, мемлекет қайраткерлерінің, философтардың бас мүсіні қойылған тас бағандар көбейді. Кейін жазу пайда болғаннан кейін, сол бағандарға маңындағы елді мекендердің аттары қоса жазылатын болды.

Жол белгілерінің дұрыс жүйесі біздің заманымызға дейінгі III ғасырда Ежелгі Римде жасалды. Кейін мұндай белгі әлемнің елдеріне түгел тарай бастады. Оған бірте-бірте елді мекен атаулары мен олардың арақашықтығы қосылып көрсетілетін болды.

Қала тұрғындары көбейген сайын олардың жүріп-тұруы қиындай бастады. Серуен-саяхат аумағы кеңейді. Ат арбамен, күймемен жүрудің өзі де күрделене бастаған.


Кейін көліктің түрі де, саны да көбейді. Жүріс-тұрыс қиындай түсті. Соған орай «Жолда жүру ережелерінің талаптары» да өзгеріп, қатаңдана берді. Біздің елде алғашқы жол ережелері 1931 жылы Алматы қаласында қабылданды.

Автокөліктер жолы сан қилы. Толассыз, тоқтаусыз жүріп жатқан жүргізушілер бір елдің, бір ұлттың адамдары емес қой. Олар өзара бірін-бірі қалай түсінеді? Міне, жолдағы жүргізушілерге көмекке келетін, жүріс-тұрысына бағыт сілтейтін – жол белгілері. Кез келген елден сапарға шыққан жүргізушілер жол белгілерін көріп, қандай бағытта қалай жүру керектігін біледі. Адаспайды. Жүрген жердің тілін білудің қажеті жоқ. Жол белгілері «халықаралық тіл» болғандықтан, оның суретіне қарап, өз бағытыңды тауып аласың.



#### АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтіннің қай бөлігінде жол белгілерінің қажеттігі артқаны туралы айтылған? Оған не себеп болған?



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша 5 сұрақ жаз. Сұраққа сын есімдерді кірістір.

**ОЙТАРАЗЫ**



**АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ**

**10-тапсырма.** «Аквариум». Жазған сұрақтарыңды пайдаланып, парталас досыңмен жол ережелерінің тарихы туралы пікірлесіңдер. Сынып ең үздік диалогті анықтасын.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Анықтамалық әдебиеттерден жол ережелеріне қатысты қосымша ақпарат тап. Сол бойынша эссе жаз. Эссенің тақырыбы, кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімі болсын. Онда сын есімдерді қолдан.



## 5–6-сабақ

## Көлік түрлері

## ОЙТҮРТКІ



ОҚЫЛЫМ



ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқы. Өткен тақырыптарды еске түсіріп, көлік аз кездің өзінде жол апатының болу себебін анықта.

1931 жылы Алматы қаласында небәрі 109 автокөлік болыпты. Оның 49-ы жеңіл, 59-ы жүк мәшинесі еді. 1935 жылы мәшине саны 640-қа жеткен.

Республика бойынша 1930 жылы небәрі 596 автомәшине, 93 мотоцикл есепке тіркелген. Ол кезде көліктің аздығына қарамастан, жол көлік оқиғалары болып тұрыпты.



АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. «Автомобиль» сөзінің мағынасын білесің бе?
2. Қандай көлік түрін ұнатасың? Неге?
3. Леонардо да Винчи деген кім? Оның көлік мәселесіне қатысы бар ма?
4. Көліктерге байланысты қандай қызықты деректерді білесің?



ТҮНДАЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді зейін қойып тыңда.



ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, көліктің адам баласына пайдасы мен зияны туралы диалогтік мәтін құрап жаз. Талаптар: көлемі – 100 сөз. Жазған мәтінде мақал-мәтелдер, қаратпа, одағай сөздер болсын.



АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма.** Теледидардағы тікелей эфирден Алматы қаласының әкімі қала тұрғындарына велосипедпен жүрудің денсаулыққа пайдалы әрі ауаны ластамайтынын айта келіп, көліктің осы түрін қолдануға шақырды. Көрермен ретінде осы мәселеге қатысты өкімге қандай сұрақ қояр едің немесе қандай тілек айтар едің? Өз сөзіңде тыңдаған мәтіндегі деректердің ішінен керегін кірістір.

**ЕСТЕ САҚТА! ТУЫНДЫ СЫН ЕСІМНІҢ ЖАСАЛУЫ**

**Есім сөзден сын есім  
жасайтын жұрнақтар:**

-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті  
таулы, өнерлі, орманды  
-сыз, -сіз  
ормансыз, еңбексіз  
-ғы, -гі, -қы, -кі  
қысқы, төменгі, ішкі, жазғы  
-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік  
балалық, адамдық  
-шыл, -шіл  
ойшыл, еңбекшіл  
-шаң, -шең  
ашушаң, көйлекшең  
-дай, -дей, -тай, -тей  
үкідей, жолбарыстай  
-кер, -гер  
найзагер, табыскер  
-қой, -қор  
өзілқой, еңбекқор  
-паз, -імпаз  
өнерпаз, жеңімпаз  
-и, -ы, -і  
өдеби, қазақы

**Етістіктен сын есім  
жасайтын жұрнақтар:**

-ғақ, -гек, -қақ, -кек, -ақ,  
-ек  
жабысқақ, тайғақ, бөлек  
-ық, -ік, -қ, -к  
тұнық, сирек  
-ғыш, -гіш, -қыш, -кіш  
жүзгіш, айтқыш, жазғыш  
-ғыр, -гір, -қыр, -кір  
алғыр, білгір, тапқыр  
-шақ, -шек  
тартыншақ, сүріншек  
-ыңқы, -іңкі, -ңқы, -ңкі  
басыңқы, салбыраңқы  
-ынды, -інді, -нды, -нді  
жуынды, үйінді, жасанды  
-малы, -мелі, -палы, -пелі,  
-балы, -белі  
асырмалы, жаппалы,  
көшпелі  
-ымды, -імді, -мды, -мді  
төзімді, қонымды,  
-аған, -еген  
қап(б)аған, теп(б)еген  
-улы, -улі  
байлаулы, ілулі  
-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе  
бояма, қызба, еспе



**ОҚЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Мәтінді оқы.

«Автомобиль» сөзінің мағынасы өздігінен қозғалатын, жолаушыларды және жүкті тасымалдауға арналған дөңгелекті көлік түрі болып табылады. Автомобиль – кем дегенде 4 доңғалағы бар, өз энергия көзімен қозғалысқа келтірілетін көлік құралы. Автомобильді тек бір өнертапқыш бір күнде ойлап шығармағаны

белгілі. Автомобиль тарихы бүкіл дүние жүзінде болған автоэволюцияны қамтиды. Қазіргі автомобильді жүз мыңнан астам адам ойының жемісі деуге болады. **Автокөлік** тарихын айтқанда, алғашқылардың тізімінде **қозғалтқышты** көліктің теориялық есептеулерін суреттеген Леонардо да Винчи мен Исаак Ньютон тұруы заңды.

Өздігінен қозғалатын көлік түрлерін жасап шығару талаптары XVII ғ. басталғаны белгілі. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында электр және бу қозғалтқышты автомобильдерді бензинді автомобильдер ығыстыра бастады.

Америкалық кәсіпкер Генри Фордтың «Форд-Т» моделін жасап шығаруы және 1913 жылы оны шығаратын арнайы конвейердің өндіріс көлемінің артуы есебінен автомобиль бағасы арзандап, көпшілікке **қолжетімді** көлік түріне айналды.

Уақыт өткен сайын әлемдегі көліктердің саны ғана емес, түрі де көбейіп келеді. Қазір үлкен көшелерде **өте шағын** автокөліктер де жүретін болды. Мысалы, Ұлыбритания азаматы Перри Уоткинс жасаған «Wind Up» (Уинд ап) көлігінің тұрқы адам таңғаларлық: биіктігі – 104,14 см, ені – 66,04 см, ұзындығы – 132,08 см. Осындай шағындығы арқасында бұл көлік 2009 жылы 9 мамырда Гиннесс рекордтар кітабына енген (суретте).

**Автокөліктердің** сатылым бағалары да адам ойына сыймастай өзгеріп отырады. Әлемдегі ең қымбат автокөлік – Ferrari 250 GT.





1963 жылы шыққан бұл модельді 2010 жылы ди-джей Крис Эванс 12 миллион фунт стерлингке сатып алған. Аты аңызға айналған автозаводтың **төл туындысы** саналатын аталмыш автокөлік талайдың көзін қызықтыруда.

(«Білгенге маржан» кітабынан)



### АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып жаз. Өр бөліктегі тірек сөздерді анықта. Жоспарда сын есім сөздерді қолдан. Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерді құрамына қарай ажырат. Олардың қалай жасалып тұрғанына мән бер.

## Тілдік бағдар

### Сын есімнің шырайлары

Дүниедегі заттар мен құбылыстардың сыны, сапасы, түрі, түсі және т.б. белгілері үнемі біркелкі бола бермейді. Олардың арасындағы сапалық белгілердің ерекшелігін білдіру үшін сындық мағынаны білдіретін сөздерге **шырай жұрнақтары** жалғанады. Сын есімнің **салыстырмалы** және **күшейтпелі шырайлары** болады.

#### Салыстырмалы шырай:

-рақ, -рек, -ырақ, -ірек  
(қызыл+ырақ, көп (п)-ірек);

-дау, -деу, -тау, -теу  
(қызыл+дау, көп+теу)

Сын есімнің  
шырайларының  
жасалуы

#### Күшейтпелі шырай:

а) күшейткіш бұйы:  
қып-, сап- (қып-қызыл, сап-сары);

Ә) өте, тым, аса және т.б.  
сөздер + сын есім (өте қызыл,  
тым биік)



### ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Төмендегі сын есімдерге шырай жұрнақтарын жалғап, сөйлем құра.

Жарық, үлкен, кең, дәмді, дәл, ұзын, жұмсақ, ауыр.



### АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Пікіріңді «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айт.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.



**ОҚЫЛЫМ**



**АЙТЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Интернет көздерін және өзге де дереккөзді пайдаланып, Леонардо да Винчи мен Исаак Ньютонның автомобиль тарихына қандай қатысы барын анықта. «Талантты барлық жерде – талантты» деген қағиданың растығын нақты мысалдармен дәлелдеп айт.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** «Ең қымбат көліктер» тақырыбына мәтін жаз. Сын есімің шырайларын қолдан.

**ТОЙТАРАЗЫ**




**АЙТЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** «Синектика». «Автомобильдер айтысы». Төменде берілген автокөлік маркаларына қатысты қызықты мәліметтер табыңдар. Сол деректеріңді қолданып, автокөліктер айтысын өткізіңдер. Өр көлік синоним, антоним, көп мағыналы сөздерді қолданып, өзінің тарихын айтсын, артықшылығын дәлелдесін. Мысалы, «Тойота» автокөлігінің маркасы жіп иіретін ұршықты білдіреді екен. Оның иесі әуел баста мата тоқу өндірісін басқарған да, кейін автобизнес саласында өзінің бағын сынаған. Өлемді мойындатқан. Бірақ көлік компаниясының иесі өзінің өткенін ұмытпау үшін марканы сол қалпында қалдырған.



## 7–8-сабақ

## Жол ережесін сақтаймыз

АЙТЫЛЫМ -  
ДИАЛОГ

**1-тапсырма.** Парталастарыңмен төмендегі сұрақтарды қатыстырып, ой бөлісіңдер.

1. Көлік адамға не үшін қажет болды? Адамзат көлікті қай кезден бастап қолданған?

2. Көліктің қандай түрлері бар?

3. Мәшине, трактор, ұшақ, кеме – көлік. Жылқы мен түйе ше? Қайсысы мықты? Қайсысының қандай артықшылықтары бар деп ойлайсыңдар?



АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма.** Сен сабақты жақсы оқисың, мектептегі тәртібің де жақсы. Ата-анаң риза. Сондықтан жаңадан сатып алатын көлікті таңдауда өзіңмен ақылдасып отыр. Не айтасың? Көліктің қай түрін таңдар едің? Неге? Таңдайтын көліктің түрін сипатта. Қандай сөздерді жиі қолдандың?



АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма.** Ініңмен жолдан өтіп, мектепке баруларың керек. Інің асығып, ешқандай белгі салынбаған жерден кесіп өткісі келді. Жол ережесін түсіндір.



ТЫҢДАЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңда. Мәтіндегі негізгі ойды анықта.



ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша «Көлік түрлері» тақырыбына кластер жаса. Кластерде әр көліктің артықшылықтарын белгілеп көрсет. Ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдан.



АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, өзің қалаған бір көлік түріне сипаттама бер. Мәтінде сын есім сөздерді талғап қолдан. (Сол көлік түрі мақсатына, пайдалану орны мен қызметіне қарай қай топқа жатады, оның қандай артықшылықтары бар және т.б.).

## Тілдік бағдар

## Сын есімнің заттануы

1. Сын есімге көптік, септік, тәуелдік жалғаулары жалғанса, сын есім зат есімнің орнына жүреді. Сын есімнің зат есім орнына жұмсалуды **сын есімнің заттануы** деп аталады. Мысалы: *Ақылды* (кім?) *байқап сөйлейді*, *ақы-*



*мақ* (кім?) *шайқап* сөйлейді. *Ақылды, ақымақ* (адам) – бастауыш. *Еріншектің* (кімнің?) *ертеңі бітпес. Еріншектің* (адамның?) – анықтауыш.

2. Сын есім барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктердің жалғауын жалғап, заттанады. Мысалы: *Жақсымен* (кіммен?) *жолдас болсаң, жетерсің мұратқа. Жаманмен* (кіммен?) *жолдас болсаң, қаларсың ұятқа. Білімдіден* (кімнен?) *үйрен. Үлкенге* (кімге?) *құрмет, кішіге* (кімге?) *ізет. Жасы кіші болса да, ақылдыны* (кімді?) *аға тұт. Жақсыда* (кімде?) *жаттық жоқ.*

Тәуелдік жалғауы жалғанғанда:  
Жердің көг+і көтеріліп қалыпты.

Ілік, барыс, табыс септігі  
жалғауы жалғанғанда:  
Биік+тің өлшемі еді. Ақ+қа  
Құдай жақ; Үлкен+ді сыйла!

Көптік жалғауы  
жалғанғанда:  
Жарыста ақ+тар жағы  
басым түсті.

Сын  
есімнің  
заттануы

Жатыс, шығыс,  
көмектес септік жалғауы  
жалғанғанда:  
Жақсы+да жаттық жоқ.  
Білімді+ден шыққан сөз.  
Жақсы+мен сыйлас!



ОҚЫЛЫМ



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Жұмбақтарды шеш. Олардың сыртқы бейнесін сипаттап айт. Жұмбақ мәтінінен заттанған сын есімді тауып, жасалу жолын түсіндір.

1. Дүниеде бір нәрсе бар бек қуатты,  
Бойына жиып алған салтанатты.  
Төбеде екі түрлі айдары бар,  
Жүреді су сабалап құс қанаты.
2. Бір керуен қатарында өңшең түйе,  
Аузынан жалын шығар қара күйе,  
Жүрмейді ұрса-дағы басқалары,  
Бөріне жалғыз бура болған ие.
3. Пырылдар көкте инелік,  
Инелік емес, үй делік.





**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Құрамында заттанған сын есімі бар 5 мақал-мәтел жаз.



**ОҚЫЛЫМ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Мәтінді мұқият оқыңдар. Өздерің қалаған бөліктегі жол ережесіне ат қойыңдар да, оның мазмұны бойынша сурет салыңдар. Сынып алдында суреттеріңді көрсетіп, ережені түсіндіріңдер. Өз мәтіндеріңде сын есім сөздердің мағыналық түрлерін кеңінен қолданыңдар.

1. Жаяу жүргіншілер тротуармен немесе жаяу жүргіншілерге арналған жолдармен, ал олар болмаған жағдайда, жолды жағалай жүруі тиіс. Жаяу жүргіншілер көлік жүретін жол бойымен қозғалған кезде көлік құралдарының қозғалысына қарсы бағытта жүруі тиіс.

2. Жаяу жүргіншілер көлік жүретін бөлікті жаяу жүргіншілерге арналған, оның ішінде жерасты және жерүсті өтпелерінен, ал олар болмаса, көше қиылыстарынан тротуарлар мен жол жағалауы сызығы бойымен кесіп өтуі тиіс.

3. Қозғалыс реттеліп тұратын жерлерде, жаяу жүргінші реттеушінің сигналын, ал ол болмағанда көлік бағдаршамын басшылыққа алады.

4. Көлік жүретін бөлікке шыққаннан кейін жаяу жүргінші жол үстінде **кідірмеуі** немесе аялдамауы тиіс. Жолды кесіп өтуге үлгермеген жаяу жүргінші қарама-қарсы бағыттағы көлік легін бөлетін сызықта аялдауы керек. Өрі қарай қозғалыстың **қауіпсіз** екендігіне **көз** жеткізгеннен кейін реттеушінің сигналын ескеріп, жолдан өтуіне болады.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің синонимдерін, антонимдерін жаз.

**ОЙТАРАЗЫ**

**11-тапсырма.** Мәтін мазмұнына байланысты «Шығу парағын» толтыр.

Бұрыннан білемін.	Осы сабақта білдім.	Білгім келеді.



**ЖАЗЫЛЫМ**



**АЙТЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** Жолға, жол жүру ережесіне қатысты мақал-мәтел тауып жаз. Сол мақалдың мәнін таратып айт. Мақалдардағы ойды көркемдеп жеткізуге қызмет етіп тұрған сын есімдерді тап.



**АЙТЫЛЫМ**

**13-тапсырма.** Төменде берілген сөзжұмбақтарды шеш.

**«БАСҚАТЫРҒЫ»**

Қайталанатын жұпсыз дауыссыз әріптерді сызып таста, сонда жолдың арнайы жаяу жүргіншілерге арналған жері туралы білетін боласың.

**Х Ж Ц Ч А Щ Й Л Я Л Х У Ч Щ Й Ж О Л Ч Й**

**«ЖОЛЫҢ БОЛСЫН!»**

Бұл жол қарапайым емес. Егер сен анықтап қарасаң, онда жол және жол ережесіне қатысты 10-ға жуық сөз таба аласың.

**БАҒДАРШАМӘШИНЕЙНАСФАЛЬТРОЛЛЕЙБУСОЛҒАВ  
ТОВУСИГНАЛ**


**9–10-сабақ**

**Нәтиже сабақ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**1-тапсырма.** «Жол ережесін білудің маңызы» тақырыбында шағын ойтолғау жаз. Өз сөзіңде одағай, қыстырма, қаратпа сөздерді орынды кірістіріп отыр.







**АЙТЫЛЫМ -  
ДИАЛОГ**

**2-тапсырма. «Аквариум».** Төмендегі тақырыптардың бірі бойынша диалог құрыңдар. Сынып ең үздік жұпты анықтасын.

1. Жолда жүру ережелерінің тарихы.
2. Жол белгілері – «халықаралық тіл».
3. Көлік – өркениет белгісі.




**АЙТЫЛЫМ**

**3-тапсырма. «Оймоншақ».** Сынып бес топқа бөлініңдер. Үстел үстіне көліктерге, жол белгілері мен жол жүру ережелеріне қатысты өткен сабақтардың тақырыптары жазылған қағаз тасталады. Әр топ сол тақырыптың бірін тандап алады да, әр оқушы бір сөйлемнен айтып, қысқаша мәтін құрауы тиіс. Сөйлемдер бір-бірімен логикалық жағынан байланысып, біртұтас ойға құрылуы керек. Қай топтың мәтіні мәнді, сауатты құрылса, сол топ жеңімпаз атанады.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Суретке қарап, диалог-өңгіме құрап жаз. Та-лаптар: кейіпкерлердің барлығы да диалогке қатыссын. Диалогке 14-15 ұнқатым керек. Қызықты өрі танымдық мәні болсын.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Суретте берілген көлік түрлерінің бірін тандап, сипаттамалық мәтін құрап жаз.





**ЖАЗЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** «Көлік қажеттілік пе әлде байлық белгісі ме?» тақырыбына эссе жаз.

**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** «Көлік және жол белгілері» бөліміне байланысты «Шығу парағын» толтыр.

Бұрыннан білетінмін.	Осы бөлімде білдім.	Болашақта білгім келеді.

# АДАМНЫҢ СЫРТ КЕЛБЕТІ МЕН МІНЕЗІ

8-бөлім

1–2-сабақ

## Сыртқы келбет және тазалық

ОЙТҮРТКІ



АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** «Ойбөліс». Төмендегі сұрақтар бойынша ой бөлісіңдер:

1. Адамның сыртқы келбеті дегенді қалай түсінесіңдер? Оған не жатады?
2. Сыртқы келбет пен адамның ішкі дүниесінің байланысы бар ма?
3. «Киіміңе қарап қарсы алады, сөзіңе қарап шығарып салады» деген сөзбен келісесіңдер ме? Адамның сыртқы келбеті маңызды ма, ішкі жан дүниесі маңызды ма?



ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Суреттегі балалардың сырт келбетіне қарап, олардың қандай адам екенін ажыратуға бола ма? Өр кейіпкерге ат қойып, қысқаша сипаттама жаз. Сын есім сөздердің қандай мағыналық түрлерін қолдандың?



ТЫҢДАЛЫМ



АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, мазмұнын өз сөзіңмен айтып бер.





**АЙТЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтіннің бірінші бөлігінде не туралы айтылған?
2. Алдаркөсе мен Қожанасыр туралы не білесің? Олар туралы қандай шығармаларды оқыдың?
3. Мәтіннің екінші бөлігіндегі Қожанасырдың әрекеті туралы не айтар едің? Кімнің әрекеті дұрыс: Қожанасырдың ба? Байдың ба? Өз ойыңды дәлелде. Өз сөзіңде сөз әдебі орамдарын қолдан (менің ойымша, менің пікірімше, қорыта айтқанда және т.б.).



**ЖАЗЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Тыңдалған мәтін бойынша төменде берілген сөздердің қайсысының антонимін, синонимін, омонимін таба аласың? Кестені толтыр.

Сөздер	Омоним	Синоним	Антоним
ат			
іш			
пешен			
үй			



**ОҚЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Мәтінді оқы.

Адамның **сыртқы келбеті** мен киім киюі оның ішкі дүниесінен де хабар беріп тұратыны ертеден мәлім. Кез келген адамды бір көргенде-ақ оның көзі, қасы, беті, дене бітімі, қылығы, киім

киісі саған әрқилы әсер етеді. Онымен танысып, әңгімелесіп, араласып кетпей тұрып-ақ, ол адам жөнінде өзіндік пікір де қалыптастырып үлгересің. Бұл – адамды адамның сыртқы келбеті арқылы-ақ танып білу қасиеті. Әйтеуір, адамның сыртқы келбеті бір қарағанда не **сүйсіндіреді**, не одан жирендіреді, тіпті, таң-тамаша да қалдырады.

Адамның қадір-қасиеті мінез-құлқына қарай бағаланады десек те, оның талғамы мен **өмір салтын** сыртқы келбеті аңғартатыны анық. Кейде адамның сыртқы келбеті оның **талай-тағдырына** да әсер етеді. Өйткені адамның сырт келбеті **тартымды** болмаса, ішкі жан дүниесі көбімізді қызықтыра бермейтіні белгілі.

«Кітапты қабына байланысты бағалама» деген сөздердің адамға қатысты да көп айтылатынын бәріміз білеміз. Алайда осы арада адамдардың пікірі екіге бөлінеді. Біреулері «сырт келбеттің **ішкі әлемге** еш қатысы жоқ» десе, екінші топтағылар «адамның сырт келбеті оның мінезін, ойын анықтайды» деп жа-тады. Адам баласы өмірге келгенде өзінің түрін, келбетін өзі таңдамайды. Бірақ өмір сүру барысында сырт келбетін **дұрыс** қалыптастырып, күтім жасауының арқасында бақыт құсын қолына қондырса, келбетінің кесірінен армандарын желге ұшы-рып алуы да әбден мүмкін. Сондықтан сыртқы келбетке аса мән берген жөн. Талғамды қашанда ақылға жүгіндіру қажет.

**АЙТЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып жаз. Жоспарға сүйеніп, әр бөліктегі тірек сөздерді анықта. Сол бойынша мәтін мазмұнын баянда. Тірек сөз құрамында зат есімнің қандай мағыналық түрлері жиі кездесті?

**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Мәтіннен өзіңе ұнаған сөйлемдерді теріп жаз. Сол сөйлемдердегі дерексіз зат есімдерді анықта.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** «Түсіндірме сөздікті» пайдаланып, мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің мағынасын анықта. Сол сөздердің синонимін, антонимін тап.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Төменде берілген ойды керекті сөздермен толықтырып жаз.

Адамның сырт келбеті ... болмаса, ... жан дүниесі де көбімізді қызықтыра бермейтіні белгілі. Сөйлесіп көрмейінше, оның қандай адам екеніне көз жеткізу мүмкін емес. Десек те, ... кісі өзі туралы ... келбеті мен ... қылықтары арқылы айтып береді

деп санаймыз. Адам баласы барлық уақытта ... келбетімен, ... мінезімен, ... қарым-қатынасымен ... болмақ.

*Керекті сөздер:* көрікті, кез келген, қадірлі, сыпайы, жағымды, сыртқы, тартымды, жайлы, ішкі.



**АЙТЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Берілген сөздерді мағынасына қарай сәйкестендір. Сын есімдерді мағыналық түрлеріне қарай ажырат.

кірсіз, кір шалмаған, мұнтаздай	әдепті
тап-тұйнақтай, жинақы	қадірлі
ізетті, тәртіпті	ұқыпты
ажарлы, өңді, көркем	таза
сыйлы, құрметті	көрікті



**АЙТЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Жағдаяттық тапсырма. Сыныпта өтетін «Адамның сыртқы келбеті» тақырыбына байланысты тәрбие сағатының жоспарын жасау сендерге тапсырылды. Тәрбие сағатына дайындықты неден бастар едіңдер? Қандай мәселелерді талқылар едіңдер? Қандай жұмыстар ұйымдастырасыңдар?



**ЖАЗЫЛЫМ**

**13-тапсырма.** Сабақтың тақырыбымен байланыстырып, төменде берілген мақал-мәтелдердің бірін таңдап, өз ойыңды таратып жаз. Жазған мәтіңіңе ат қой. Мәтінде көп мағыналы сөздерді қолдан.

- |  |  |
|--|--|
| 1. Тазалық – саулық негізі,<br>Саулық – байлық негізі. | 3. Ұқыптының тоны тозбас,<br>Ұқыпсыздың ісі оңбас. |
| 2. Азған денеге ауру үйір.                             | 4. Ұқыптылық – істің көркі.                        |

**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**14-тапсырма.** Сабақта не үйренгеніңді жаз (уақыт мөлшері: 7–8 минут).

- Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем.
- Дәлел – екі сөйлеммен келтіру керек.
- Өз пікірін дәлелдейтін мысал – екі сөйлем.
- Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.
- Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – екі сөйлемнен тұру керек.
- Қорытынды – екі сөйлемнен тұрады.



## 3–4-сабақ

## Сыртқы келбет және өмір салты

## ОЙТҮРКІ



## АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Келбетті, сұлу, көрікті, ұсқынсыз, сүйкімсіз» және т.б. бет әлпетімізді сипаттайтын сөздер көп. Бұл сөздер қалай, қайдан пайда болды?

2. Адамды сырт келбетіне қарап бағалау дұрыс па?

3. Өмір салты деген не? Өмір салтының сыртқы келбетке қандай әсері бар?

4. Адамның сыртқы келбеті мен мінезінде байланыс бар ма? Ойыңды дәлелде.



## ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттегі кейіпкердің сыртқы бейнесі мен өмір салтына қатысты не айтуға болады? Ойыңды тұжырымдап жаз. Жазған мәтінде дерексіз зат есімдерді, қатыстық сын есімдерді талғап қолдан.



## АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Рөлдік ойын. «Талғамға талас жоқ». Сынып 5 оқушыдан топқа бөлініңдер. Өртүрлі өмір салтын ұстанатын оқушылардың рөлінде пікір таластырыңдар. Пікірталаста сөз әдебі орамдарын қолданыңдар.



## ТЫҢДАЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда.

«Адам көркі – шүберек», «Киіміне қарап қарсы алады, ақылына қарап шығарып салады» деген мақалдар бар. Дүниеде әр халықты басқа халықтардан ерекшелеп тұратын салт-дәстүрі, ішер асы мен киер киімдері, сыртқы түрі мен келбеті болады. Сондықтан сыртқы келбеттің де әркімнің өз ұлтының, халқының мәдениетіне, таным-түсінігіне сай болуы шарт.

Бұл өмірде адамдардың жан дүниесін танып білудің, әрқайсының сана-сезімімен санаса келіп, олардың жеке-дара өзгешеліктерін түсіне білудің маңызы айрықша. Ол, әрине, өзара қарым-қатынас жасау, сыйласу барысында анықталатын жайттар. Тек есте болатын бір жағдай, жеке адамның өртүрлі ерекшеліктерінің дамып, қалыптасуы оның өзі өмір сүріп отырған ортасына,

ондағы қоғамдық қатынастарға да тәуелді. Өмірдің бір орында тұрмайтыны белгілі. Адамның айналасы мен жағдайлар үнемі өзгеріп отыратындықтан, оның психикасы да біртіндеп өзгеріске түседі. Бірте-бірте мүлде бөгде өмір салты қалыптасады. Соған қарамастан, адам тану бойынша зерттеу жүргізушілер адамның сыртқы кескін-келбеті, жүріс-тұрысы, сөйлесу, сәлемдесу әдебі, ұйықтау, отыру мәнері арқылы-ақ оның қандай мінезді, ақыл-парасатының, ерік күшінің, белсенділігінің қаншалықты екенін аңғаруға болады деп есептейді.

(М. Сабыр)



**ЖАЗЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** «Түсіндірме сөздікті» пайдаланып, мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің мағынасын анықта. Мәтін бойынша 5 сөз немесе сөз тіркесін тауып, олардың жазылуы мен айтылуындағы ерекшеліктерді үндестік заңы бойынша түсіндір. Ондағы дыбыстардың өзара әсерін анықта.

**Үлгі:** кескін-келбеті – кескің-гелбеті.



**АЙТЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін авторының негізгі айтпақ ойы не?
2. «Адам көркі – шүберек» деген мақалды қалай түсінесің?
3. Адамның дамып, қалыптасуы неге байланысты?
4. Адамның сыртқы келбетіне қарап қандай адам екенін білуге бола ма?
5. Мәтіннің әр абзацына қандай тақырыпшалар қоюға болады?
6. Мәтінге қандай ат лайық? Неге?



**ЖАЗЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** 1) Мәтінде қолданылған деректі, дерексіз зат есімдерді теріп жаз.

2) Мәтіндегі синоним бола алатын сөздерді анықта. Оларды мысалымен бірге жаз.



**АЙТЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша сөйлемдердің рет санын белгіле.

№	Сөйлемдер
	Адамның сыртқы келбеті көп нәрсені аңғартады.
	Адамды қарым-қатынас жасау арқылы танысың.
	Қоғамдағы жағдайлар адам психикасына әсер етеді.
	Келбет пен ұлттық дәстүр бірлігін сақтау – парыз.



**АЙТЫЛЫМ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Мәтін мазмұнына қатысты мақалдардың біреуін таңдап, оның мағынасын таратып айт. Мақал-мәтелдерден сын есімдерді тап. Оларға шырай формаларын жалғап, түрлендіріп жаз.

**Үлгі:** қызыл – қызылырақ, қызылдау, қып-қызыл.

№	Мақалдар
1	Еліктеуден солықтау жаман.
2	Өсіреқызыл тез оңар.
3	Ескегі әлсіз қайық ұзаққа бармайды.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** «Қос жазба» күнделігі. Мәтін мазмұны бойынша берілген сөйлемдерге түсініктеме жаз.

Үзінді	Түсініктеме
Сыртқы келбеттің де әркімнің өз ұлтының, халқының мәдениетіне, таным-түсінігіне сай болуы шарт.	
Адамның айналасы мен жағдайлар үнемі өзгеріп отыратындықтан, оның психикасы да біртіндеп өзгеріске түседі.	



**АЙТЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** «Оймоншақ». Сынып 4 топқа бөлініңдер. Әр топтағы оқушылар кезекпен бір сөйлемнен айтып, оқылымдағы мәтін желісі бойынша өз ойларын үзбей баяндап шығуы керек. Сөйлемдер бір-бірімен логикалық жағынан байланысып, біртұтас мәтін құрылуы керек. Қай топтың мәтіні дұрыс, сауатты құрылса, сол топ жеңімпаз атанады. Егер топтың бір мүшесі жаңылысса, ойын тоқтатылады.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып жаз.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.  
**Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.





## ОҚЫТЫМ



## АЙТЫЛЫМ

**13-тапсырма.** Абайдың қарасөзін оқы.

Автордың қандай тұжырымдары сабақ тақырыбымен үндес келеді деп айтар едің? Пікіріңді дәлелде. Мәтіндегі сын есім түрлерін тап.

## Он сегізінші сөз

Адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы киініп, һәм ол киімін былғап, былжыратып кимей, таза кимек – дұрыс іс. Ләкин өз дәулетінен артық киінбек, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ – кербездің ісі.

Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі бет-пішінін, мұртын, мүшесін, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ. Біреуі атын, киімін «ай-ран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейінгілерге «әттең, дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім кигеннің не арманы бар екен?!» дейтұғын болмаққа ойланбақ.

Мұның бәрі – масқаралық, ақымақтық. Мұны адам бір ойла-масын, егер де бір ойласа, қайта адам болмағы – қиын іс. Кербез дегенді осындай «кер, кердең немеден безіңдер» деген сөзге ұқсатамын. Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық.



## АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ

**14-тапсырма.** Суретке қарап, екі

қыздың диалогін құрап жазыңдар. Диалог 14-15 үнқатымнан тұрсын. Әр қыздың сөйлеу мәдениетін сыртқы келбетіне сай етіп құрыңдар.



## ОЙТАРАЗЫ



## ЖАЗЫЛЫМ

**15-тапсырма.** «Бес саусақ» тәсілі

арқылы сұрақтарға жауап жазыңдар.

**Бас бармақ – басты мәселе.** Бүгін сабақта пікірімді тілдік элементтерді дұрыс қолданып жеткізе алдым ба?

**Балаң үйрек – бірлесу.** Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

**Орған терек – ойлану.** Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

**Шылдыр шүмек – шынайылық.** *Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?*

**Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы.** *Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?*

## 5–6-сабақ

### Мінез – ақылдың сауыты

#### ОЙТҮРТКІ

**ЖАЗЫЛЫМ** 1-тапсырма. «Ассоциограмма». Адамның мінезіне байланысты өзің білетін сөздерді жазып, диаграмманы толтыр.

жайдары



**АЙТЫЛЫМ** 2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Жайсаң», «көргенді», «бұзық» сөздерінің мінезбен қандай байланысы бар? Сыртқы келбетпен ше?

2. «Мінез» бен «қасиет» сөздерінің арасында қандай ұқсастық немесе айырмашылық бар деп ойлайсың?

3. Сен қай досыңның мінезін жақсы деп санайсың? Неге?

4. Адамның мінезін түзеуге бола ма?

5. Адамның мінезі – ақылдың сауыты болса, онда мінездің сыртқы келбетке де қатысы болғаны ма?

**АЙТЫЛЫМ** 3-тапсырма. Суретке қара. «Менің атым – Қожа» фильмін көрген боларсың. Осы фильмнің басты кейіпкерлері Қожа мен Сұлтанның мінезін, сырт келбеттерін сипатта. Екі баланың сыртқы келбеттеріндегі, киіміндегі өзгешеліктің себебін дәлелдеп айт. Өз сөзінде зат есімнің, сын есімнің қандай түрлерін қолдандың?





**ТЫҢДАЛЫМ** 4-тапсырма. Мәтінді тыңда.



**АЙТЫЛЫМ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

5-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде не туралы айтылған?
2. Ж. Баласағұн адамның бақытты болуы неге байланысты дейді?
3. Мінезді түзеуге бола ма? Оған байланысты Абайдың ойымен келісесің бе? Мысалмен дәлелде.
4. Мәтінге қандай ат қояр едің? Пікіріңді таратып айт.
5. Өзіңнің мінезің қандай? Сын есімнің түрлерін қолданып, өз мінезіңді сипаттап жаз.



**ЖАЗЫЛЫМ**

6-тапсырма. Мәтінді талда. Төмендегі белгілермен әр абзацты немесе сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағаныма қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.



**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. Мәтін мазмұнына сүйене отырып, досыңа хат жаз. Хатта сын есімнің шырайларын қолдан.



**ОҚЫЛЫМ**

8-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықта. Мәтінге ат қой.

Мұғалімдердің алды тысқа шығып та үлгерді. Дымымды ішіме бүгіп, теректің діңіне жабысып, қаттым да қалдым. Ахметов пен Майқанова оқшауланып, бермен қарай бұрылды. Екеуі мен тұрған теректің түбінен өтіп бара жатыр.

- Қадыров түбінде адам болатын бала, – деді Майқанова.
- Оты бар, – деп қостады Ахметов.

Екеуі былай ұзай беріп, мен жөнінде тағы бірдеңелерді сөйлесіп бара жатты, бірақ мен анықтап ести алмадым. Әлгі естігенімнің өзі қолқа-жүрегімді солқ еткізгендей әсер қалдырды. Мен Майқанованы қас дұшпаным санап жүрсем, ол мені «түбінде адам болатын бала» деп, директорға мақтап бара жатқаны қалай? Ап-айқын, тап осылай деді. Міне, жұмбақ...



Әрине, бәріне өзім айыптымын. Осының бәрі тәртіпсіздіктің, мінез-құлқымның нашарлығының кесепаты. Өйтпесе ана Темір құсап өзімді-өзім үлгілі ұстап тек жүріп, тек тұрсам, мұндай жағдай болар ма еді? Жоқ, жетеді! Ақымақтықты енді доғаруым керек!

(Бердібек Соқпақбаев)



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Мәтін мазмұнын түгел қамтитындай 5 сұрақ жаз. Сұрақтардың ішінде антоним сөздер болсын.



**АЙТЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Кластер жасап, сол бойынша түсініктеріңді айтыңдар. Кластерде дерексіз зат есім сөздерді қолданыңдар.

**Мінезді қалыптастыратын қасиеттер**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Мәтіндегі күрделі сөздерді теріп жаз. Олардың мағынасын айт.



**АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ**

**12-тапсырма.** «Аквариум». Мәтін мазмұны бойынша өзара пікір бөлісіндер. Диалогте бір-біріңнің пікірлеріңді қоштау, құптау мәніндегі сөз орамдарын қолданыңдар. Диалог 10–12 ұнқатымнан тұрсын. Сынып «Ең әсерлі диалог» иелерін таңдасын.



**ОҚЫЛЫМ**



**АЙТЫЛЫМ**

**13-тапсырма.** Төменде берілген ережелерді оқы. Әр ережеден түсінгендеріңді кеңейтіп, мысалмен дәйектеп айт.

**Сыпайылық пен сөйлеу мәдениетінің ережелері:**

1. Сыпайылық – басқа адамдарға деген қатынастың көрінісі. Сыпайы адам басқаларды ыңғайсыз жағдайда қалдырмайды.

2. Сыпайы адам ылғи да сәлемдесіп, қоштасып жүреді. Сәлемге жауап бермеу – әдепсіздік.
3. Бөлмеге, сыныпқа үлкен кісі кірсе, оған сәлем беру үшін орнынан тұру керек.
4. Сәлем бергенде амандасқан адамның бетіне тура қарау керек.
5. Үлкен кісі саған қарап сөйлесе, отырған орныңнан тұрып сөйлесуің керек.
6. Өз жолдастарыңмен сыпайы бол. Оларға ат қойып, айдар тақпа, әрдайым сыпайы сөйлес. Алғыс сөздерді айтуды ұмытпа.
7. Өсек, өтірік айтпа. Досың қателік жасаса, өзіне сыпайы түрде айт. Сыпайы адам дәрекі түрде жауап бермейді.

**АЙТЫЛЫМ****ЖАЗЫЛЫМ**

**14-тапсырма.** Абайдың қарасөзіндегі негізгі идеяны білдіріп тұрған сөйлемді тап. Осы сөздің сабақ тақырыбымен байланысын аш. Ол үшін сабақта өтілген оқу материалдары бойынша ойға тоқығаныңды кірістіріп, өз пікіріңді түйіндеп жаз. Өзің жазған мәтіндегі дерексіз зат есімдердің астын сыз. Олардың мағынасын айт.

**Отыз екінші сөз**

... Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауығы бар. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып, үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!

**ҚОЙТАРАЗЫ****ЖАЗЫЛЫМ**

**15-тапсырма.** «Шығу парағы» бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. «Мінез – ақылдың сауығы» тақырыбы бойынша не үйрендің?
2. Сен үшін қандай маңызды мәліметтер болды?
3. Өзіңнің және сыныптастарыңның білімін бағала. (Өз жұмысыңа, сыныптастарыңның топ ішіндегі әрекетіне көңілің тола ма?)
4. Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?

## 7–8-сабақ

## «Адамның кейбір кездері ...»

## ОЙТҮРТКІ



## ТЫҢДАЛЫМ



## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Мінез сипаттамаларының қайсысын айналаңдағы адамдардың бойынан байқайсың? Осы аталған мінездерді «жағымды» және «жағымсыз» деп екіге бөліп жаз. Мәтіндегі ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөздерді анықта.

**Жібектей есілген мінез** – үй ішіне, айналасына жұғымды, қайырымды, мейірімді, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, кісі бетіне жел боп тимейтін, кішіпейіл адамға тән мінез.

**Тентек** – ұрыншақ, көп нәрсенің байыбына бармайтын, барса да, ақырын тоспай айтып тастайтын, қағу көрмей өскен, тыюсыз, әлі жеткенді ұрып жіберуден тартынбайтын адамға тән мінез.

**Кербез** – бойын түзеп, баптанып, кез келген адамға әсем көрінгенсіп, жақсыны киіп, жылтырақты жиып, сөйлеген сөзі, істеген ісі іш пыстыратын адамға тән мінез.

**Мақтаншақ** – жел сөзге әуес, жоғын бардай, түйірін нардайғып көрсетіп, болмасты болдырып, оңбасты оңдырып, ауызбен орақ орып, жақсы атансам деген адамға тән мінез.

**Ерке** – сөзінен де, ісінен де еркіндіктің, ойнақылықтың лебі есіп тұратын адамға тән мінез.

**Тура мінез** – қара қылды қақ жарып, бұлтақсыз сөйлейтін, шыншыл, тәуекелшіл, қиянат, өсек-аяңға жаны қас адамға тән мінез.

(Психологиялық сөздік)



## ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Өзің қалаған екі адамның мінезін Венн диаграммасы түрінде сипаттап жаз. Онда әрқайсысының мінез ерекшелігі де, ортақ қасиеттері де көрінетін болсын.

... мінезі:

... мінезі:



## ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Термин сөздерді дәптерге жазып, мағынасын анықта. Құрамына қарай олардың түрін ажырат.

Мінез ерекшеліктері адам **темпераментінің** табиғатына да тікелей тәуелді болады. Адам темпераменті төрт түрге бөлінеді:



1) Сангвиник – қимыл-әрекеті тез, **көңіл күйі** жылдам өзгеріп тұратын, ақкөңіл, ақжарқын адам. Сангвиник бала тиісті тәрбие алмаса, бір жұмысты бастап, аяғына дейін орындауға шыдамсыз жетпей, басқа жұмысқа ауысып кететін тұрақсыз, ұшқалақ болып өседі. Жақсы тәрбиелеу нәтижесінде сангвиник бала көңіліне кір сақтамайтын ақпейілді, шыншыл адам болып та қалыптасуы мүмкін.

2) Холерик – қимыл-әрекеті тез, төзімсіз адам. Холерик темпераментіндегі бала тәрбиеленбей, өз бетінше өссе, мінез ерекшелігінде **өркөкіректік**, менмендік, шыдамсыздық, жеңілдік сияқты жарамсыз қылықтар байқалады. Тиісті **тәрбие беру** нәтижесінде холерик өте алғыр, іс-әрекетінде өз мақсатына жету үшін шапшаң шешім қабылдай алатын, ойы ұшқыр, таусылмас күш иесі болып қалыптасады.

3) Флегматик – қимыл-әрекеті баяу, кездескен қиыншылыққа төзімді, көпшілік ішінде **ұстамдылығын** байқата алатын сабырлы, байсалды адам. Әрине, тиісті тәрбие берілмесе, флегматик бала өз бетінше дербес әрекет етуге батылы бармайтын, тәуекелінен гөрі уайымы басым, іс-әрекетінде сылбырлықты байқататын адам болып өседі. Жақсы тәрбиелеу нәтижесінде флегматик бала бастаған жұмысын аяқтайтын, шыдамды, сабырлы адам болып шығады.

4) Меланхолик – сыртқы көрінісіне қарағанда көңіл күйін білдіре қоймайтын, қимыл-әрекеті баяу, **байсалды**, шыдамды адам. Тиімді тәрбие берілмесе, меланхолик темпераментіндегі бала жалқау, уайымшыл, өмірге бейімсіз болып өседі. Ал тиісті тәрбие тезіне салуға байланысты меланхолик бала өте сабырлы, төзімді мінез көрсетеді.

Демек, мінездің қалыптасуы адамға әсер ететін тәрбиеге байланысты екендігі байқалады.

(С. Раев)



**ЖАЗЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Мәтінде қарамен берілген сөздердің мағынасын сөздіктің көмегімен анықта. Сол сөздердің синонимдерін жаз.



**АЙТЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Мәтінге ат қой. Мәтін мазмұнын қысқаша айтып бер. Сөзіңде қай сөз табының жиі қолданылғанына назар аудар. Оның себебін түсіндір.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Мәтінде айтылған адам темпераментінің түрлеріне байланысты ерекшеліктерді төмендегідей кластер түрінде жинақтап

жаз. Онда әр темпераменттің жағымды және жағымсыз жағы нақтыланып көрсетілсін. Сын есімнің шырайларын қолдан.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Мәтінді талда. Төмендегі белгілермен әр абзақты немесе сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағаным қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма. Жұптық жұмыс.** «Өзіңді бірге бағала!» Парталас досың екеуің алдымен өздеріңнің мінез ерекшеліктеріңді жазыңдар. Одан кейін бір-біріңнің мінезің туралы жазыңдар. Сол арқылы темпераменттеріңді анықтаңдар. Өзіңнің жазғаның мен досыңның сен туралы жазған мінез ерекшеліктері толық сәйкес келді ме? Себебін түсіндіріңдер. Мәтінде ауыспалы мағынадағы сөздерді қолданыңдар.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма. Жұптық жұмыс.** «Сыныптастар көзімен!» Парталас досың екеуің ақылдасып, темпераменттің төрт түрі бойынша сыныптағы достарыңның қай топқа жататынын анықтаңдар. Оны кесте түрінде жазыңдар. Соңынан сынып болып жазғандарыңды салыстырыңдар. Өр оқушы туралы жазғандарыңның сөйкестік деңгейін пайызбен есептеп шығарыңдар.

Үлгі:

№	Аты-жөні	сангвиник	холерик	флегматик	меланхолик
1	Самат	15%	73%	10%	2%



**АЙТЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Суретке қара. «Жаужүрек мың бала» фильміндегі өзің қалаған кейіпкердің мінезін, сыртқы келбетін сипаттап жаз. Оның қандай темпераменттегі адам екенін дәйектеп айт. Мәтінде синоним, антоним сөздерді, дерексіз зат есім сөздерді қолдан.



**ОҚЫЛЫМ**



**АЙТЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Ұлы тұлғалардың айтқан пікірлерін оқы. Олардың қайсысы қай темпераменттегі адамға қатысты айтылғанын дәлелде. Мәтінде қолданылған зат есім сөздерді құрамына қарай талда. Заттанған сын есімдерді тап.

1. «Жаман дос көлеңке: басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайсың; күн шалса, қашып құтыла алмайсың» (*Абай*).
2. «Өмірдің тасқынына надандық қана бөгет жасайды. Топас сезімді адам өмірдің қызығын көре алмайды. Ондай адамға табиғат – өлі зат» (*Н. Лобачевский*).
3. «Тіпті адам өзінің кішкене кемістігін жеңе білсе, күшті болады» (*М. Горький*).
4. «Өмірдің қиын-қыстау жолдарында кездескен қиыншылықтармен белдесіп күресе білу – шыдамдылықтың белгісі» (*Ж. Аймауытұлы*).





ОҚЫЛЫМ



АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** «Дәлдік пен міндеттілік ережелерін» оқы. Осы ережелердің мінезінді, өмір салтыңды өзгертуге қандай пайдасы болуы мүмкін? Онда көрсетілген талаптардың өз өмірің үшін қажеттігін дәлелдеп айт.

### Дәлдік пен міндеттілік ережелері

1. Сен бұл жарық дүниеде жалғыз емессің, адамдар арасыңдасың. Сенің қылықтарың біреулерді қуанытып немесе біреулерді ренжітіп жатуы мүмкін. Сондықтан адамдармен қатынаста жалпыға ортақ ережелерді ұстану керек.

2. Жұмыс, ойын, түрлі мәдени кештер әдетте жоспарланып, ұйымдастырылады. Мұндай шаралардың нәтижесі оған қатысатын әрбір адамға байланысты болады. Сондықтан да басқаларды жерге қаратпау үшін ортақ ережелерді міндетті түрде орындау керек. Өз уақытыңды және басқалардың уақытын бағалай біл. Кешікпе.

3. Кез келген істі бастағанда, уақытты дұрыс есептей біл, сабаққа дайындалуға, үйірмелер жұмысына, ата-аналарыңа көмектесуге, саяхатқа, жолдастарыңмен ойнауға, кітап оқуға, теледидар хабарларын көруге қанша уақыт кететінін біліп ал.

4. Күн тәртібін бұлжытпай орындауға тырыс. Уақытылы ұйықтауға, оянуға дағдылан. Сабаққа дайындалуға арнайы уақыт бөл. Саяхатқа шығатын, ойын-сауық пен спортпен айналысатын уақытты алдын ала жоспарлап ал.

(С. Раев)

## 9–10-сабақ

### Нәтиже сабақ



ОҚЫЛЫМ



АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқы. Абайдың отыз бесінші қарасөзінде айтылған қағидалар өзіңе не үшін қажет болады деп ойлайсың? Абайдың сөзі мен жоғарыдағы ережелердің қандай байланысы бар?

### Он бесінші сөз

...Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?

**ОҚЫЛЫМ****АЙТЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтіндегі «дәл бүгіннен бастап» деп басталатын қағидалардың мәнін түсін. Автор ұсынған қағидалардың қайсысы адамның сыртқы келбетіне, мінезіне қатысты екенін ажыратып көрсет.

**Адам қалай ойлайды?**

Адам баласы өзінің айналасындағыларға, басқаларға деген көзқарасын, ниетін өзгертсе, олардың да бұған деген көзқарасы өзгереді. Адам өзінің ой-пікірін, ниетін өзгертсе, оның өмірінің материалдық жағы да өзгереді, яғни тағдырымыз өз қолымызда. Адамның қол жеткізген жетістіктері – оның өзінің ойы мен ниеті арқылы жоғары көтерілуінің нәтижесі. Алдымен өзімізбен күресуді оптимистік ойдың негізінде жүзеге асырайық. Ол үшін мен сіздерге өзім орындайтын бағдарлама ұсынамын. Оның аты «Дәл бүгінгі күннен бастап» деп аталады:

– дәл бүгіннен бастап «Мен бақыттымын» деген сөзді басылыққа аламын;

– дәл бүгіннен бастап мен өзімнің денсаулығым туралы ойлана бастаймын. Денешынықтыру жаттығуларын жасап, үсті-басыма күтім жасаймын. Дұрыс тамақтанамын, өз денсаулығымға зиян келтірмеуге тырысамын;

– дәл бүгіннен бастап мен өзімнің ой-өрісімді кеңейте бастаймын. Білімімді толықтырамын. Миымды жаттықтырамын, ой қозғауға күш беретін кітаптар оқимын;

– дәл бүгіннен бастап барлық адамдарға достық ниетпен қараймын. Мүмкіндігінше, өзіме жарасатын киім киіп, адамдармен дауыс көтермей сөйлесем, ешкімді сынамауға, ешкімге жөнсіз тиіспеуге, ешкімді басынбауға тырысамын;

– дәл бүгіннен бастап мен өз істерімді жоспарлап, әр күн сайын не істейтінімді жазып отырамын. Мен дәл осы жоспарым бойынша жазылғандарды жүзеге асыра алмауым мүмкін, бірақ мен оны жасап қоямын. Бұл маған екі жаман істен – асығыстық пен сенімсіздіктен арылуға мүмкіндік береді.

Егер сіз бен біз осы бағдарламаны берік ұстансақ, өміріміз тынышталып, өзімізбен және айналадағы адамдармен қарым-қатынасымыз ізгілікке, сүйіспеншілікке құрылатыны сөзсіз.

*(Джеймс Лейн Аллен)*

**АЙТЫЛЫМ**

**3-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Автордың ұсынысына қосыласың ба?
2. Өзің мұндай тәсілді қолданып көрдің бе?

3. Автордың бағдарламасы бойынша өз ойыңмен үндесетін қағидалар бар ма? Оны қай уақыттан бері ұстанып жүрсің?

4. Мәтінде қандай дара және күрделі зат есімдер қолданылған? Күрделі зат есімдердің қалай жасалғанын түсіндір.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Төмендегі тапсырмаларды орында.

1. Осы үлгі бойынша өзіңнің жеке қағидаларыңды тұжырымдап жаз. Неге осы бағытты таңдағаныңды дәйектеп айт.

2. Жазғаныңды үйде көрінетін жерге іліп қой да, күн сайын оқып жүр.

3. Көңілің толған істеріңді күнделігіңе жазып, осы тәсілдің нәтижесін бақыла. Қол жеткізген нәтижелеріңді көрсетіп, өз ойыңды шағын мәтін етіп қорытып отыр.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** «Адамның сырт келбеті мен мінезі» тақырыбы бойынша сөзжұмбақ құрастыр. Сөзжұмбақтың дәл ортасында «Адамгершілік» деген сөз тұрсын. Сөзжұмбақ бойынша беретін сұрақтардың қысқа әрі түсінікті болуы ескерілсін.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** «Анама хат». «Адамның сырт келбеті мен мінезі» тақырыбы бойынша алған білімдерің мен үйренген дағдыларыңды жинақтап, анаңа хат жаз. Хатта өзіңнің мінезіңе, үйдегі қылықтарыңа байланысты анаңмен сырласуға тырыс. Ол кісінің саған берген тәрбиесіне алғысыңды білдір. Қателіктерің болса, ашық мойындап, ендігі жерде не істейтініңді айт. Жетістіктеріңді айтуды да ұмытпа. Соның барлығында ата-анаңның сіңірген еңбегі барын жеткіз. Хатта дерексіз зат есім, сын есім сөздерді, синоним, антоним, омоним, көп мағыналы сөздерді қаншалықты қолданғаныңды тексер.

**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Өтілген тақырыптағы жалпы материалдарға талдау жаса. Төмендегі кесте бойынша өз ойыңды қорытындылап жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағанымға қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Білгім келеді.



# АСПАН ӘЛЕМІНІҢ ҚҰПИЯЛАРЫ

1–2-сабақ

9-бөлім

## Сырлы да сиқырлы аспан әлемі

 ОЙҮРТКІ



**АЙТЫЛЫМ**

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Аспан әлемі сені қызықтыра ма?
2. Аспандағы қай жұлдыздың атын білесің? Олар неге солай аталады?
3. «Жұлдыз жорамалға» сенесің бе? Неге?
5. Бабаларымыз аспанға қарап ауа райын қалай бақылаған?



**ЖАЗЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Өлеңде не туралы айтылғанын қысқаша тұжырымдап жаз.

Ақшам түсе Қанат  
Ашық көкке қарап,  
Күбірлетіп ернін,  
Жатыр жұлдыз санап.

Батқан мөлдір көлге  
Секілді алтын теңге,  
Көрінеді анық  
Темірқазық елге.

Оған таныс еді  
Жұлдыздардың көбі.  
Шашыраған көкке  
Көбіктей Құс жолы.

Білмепті бұл бұрын,  
Байқалды тек бүгін,  
Жұлдыз санау деген  
Жұмыс екен қиын.

*(Қастек Баянбай)*



**ЖАЗЫЛЫМ**

**3-тапсырма.** Өлең жолдарындағы зат есім мен сын есімдерді кестеге салып жаз.



**ТЫҢДАЛЫМ**

**4-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Мәтінде қандай зат есім мен күрделі сын есімдер кездесті? Олардың жасалу жолын түсіндір.



**ЖАЗЫЛЫМ**



**АЙТЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Тыңдалған мәтін ішіндегі өзіңе бейтаныс сөздердің мағынасын «Түсіндірме сөздіктің» көмегімен анықта. Мәтін мазмұнынан түсінгеніңді өз сөзіңмен баянда.

## Тілдік бағдар

## Сан есім

Сан есім – қазақ тіліндегі тоғыз сөз табының бірі. Заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп, **қанша? неше? нешеу? нешінші?** деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы **сан есім** деп аталады. Мысалы: *бес, бесінші, бесеу, бестен аса, бес-бестен.*

Сан есімдер зат есіммен тіркесіп қолданылады. Сан есім де сын есім секілді заттанғанда көптеледі, жіктеледі, тәуелденеді, септеледі. Сан есімдер құрамына қарай **дара сан есім** және **күрделі сан есім** болып бөлінеді. Дара сан есім бір ғана түбірден (негізгі немесе туынды) тұрады. Мысалы: *жеті, отыз, үш, ондаған, екеу.* Күрделі сан есім кемінде екі сөзден тұрады. Мысалы: *он бес, қырық шақты, бес-алты.*

Сан есімге ұқсас *жарты, жалғыз, сыңар, қадақ, шақырым, қозы көш жер, ет асым* т.б. сөздер уақыт, салмақ өлшемдері ретінде қолданылғанымен, сан есімге жатпайды, нумеративтік сөздер болып табылады.



## ОҚЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді оқы. Негізгі және қосымша ақпараттарды анықта.

Қазақта «аспанмен еркін тілдесіп», сол арқылы адамның өмірін болжайтын, табиғат күйінің құбылысын алдын ала танытын адамды «жұлдызшы» деп атаған. Біздің қазақ халқы табиғат тылсымына терең үңілді. Кез келген құбылысты назардан тыс қалдырған жоқ. Тіпті құстардың төмен-жоғары ұшқанына қарап-ақ, күні ертең қандай ауа райы болатынын болжап білді. Түнде жолға шыққан адам Темірқазықты бетке алып жүретін. Сол арқылы баратын жеріне адаспай жетті. Оған Жетіқарақшы, Шолпан жұлдыздарының қозғалысы да күнделікті тіршілікті өз пайдасына қарай ыңғайлауға жарайтын. Қысқасы, қазақтың аспан әлемін зерттеуінің өзінде көптеген құпия бар.

Жұлдызшылық тек қазаққа ғана емес, жалпы адамзат баласына бұрыннан-ақ таныс болған. Олар ежелгі дәуір мен V–X ғасырларда аспан денелерінің қозғалысын бақылап, ол жайында өз тұжырымын жасаған.

Біздің арғы тегіміз – ежелгі түркі тайпаларында да жұлдызшылар болған. Қазақ тілінде Жетіқарақшы, Үркер, Темірқазық, Босаға, Таразы т.б. көптеген жұлдыз атаулары бар. Олар бізге ежелгі түркілер дәуірінен жеткен. Жұлдызшылар жыл мезгілдерін, мал төлдету, бие байлау, жайлауға, күзеуге, қыстауға көшу мерзімдері секілді жайларды көпшілікке жариялап отырған.

([Http://Alashainasy.Kz/Society/Juldyizga-Karaymyiz-Olardy-Sanaymyiz-54083/](http://Alashainasy.Kz/Society/Juldyizga-Karaymyiz-Olardy-Sanaymyiz-54083/))



**ЖАЗЫЛЫМ** 7-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша «Жұлдызшылық – қасиет» тақырыбына шағын мәтін құрап жаз.

**АЙТЫЛЫМ** 8-тапсырма. Мәтіннің ішінен сан есімдерді тап. Оларды құрамына қарай талда. Жасалу жолын түсіндір.

**АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ** 9-тапсырма. Суретке қарап, табиғат құбылысы туралы өңгімелесіңдер. Диалогте осы тақырып бойынша тыңдалған, оқыған мәтіндегі ақпараттарды қолданыңдар. Өз ой-пікірлеріңмен бөлісіңдер. Пікірлеріңде сандық мәліметтерді қолданыңдар.

### Аспан әлемі

Аспан әлемі, яғни сансыз ғаламшарлар мен жымыңдаған жұлдыздар бір-бірімен қақтығыспай, өте дәлдік есеппен, өте





орнықты жүйемен миллиардтаған жылдар бойы қозғалып тұр. Бұларды бір-бірімен қақтығыстырмай, осынша жылдар бойы қозғалысқа келтіріп тұрған қандай күш? Ол – «тартылыс» күші. Тартылыс күшіндегі нәзік те ғажайып тепе-теңдікті ұстап тұрған тылсым күштің құдіреті неде? Егер бір ғаламшардың тұрақты тартылыс күші бір мезет кездейсоқтықтың әсерінен азайса немесе көбейсе, көк әлемі қалай тас-талқан боларын бір сәт ойланып көрдің бе? Барлық ғаламшарлар мен жұлдыздардың үлкенді-кішілі көлемдері мен бір-бірінің арақашықтықтарына қарай өзіндік тартылыс күштері бар. Тартылыс күшіндегі бұл есеп кездейсоқтық емес, арнайы бір Ұлы құдіреттің жаратқанын меңзейді.

(Дереккөздер: [islam.kz/kk/articles/iman-alippesi/.../aspan-alemi-37](http://islam.kz/kk/articles/iman-alippesi/.../aspan-alemi-37))

### 3–4-сабақ

## Ғаламның ғажайып сандары

ОЙТҮРТКІ



АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Аспанда қанша жұлдыз бар?
2. Жұлдыздардың қозғалыс жүйесін қалай түсіндіресің?
3. Жұлдыз бен жеке адам өмірінің арасында байланыс бар ма?

Неліктен?

4. Аспан денелерінің қозғалыстарын бақылап көрдің бе?



**ЖАЗЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** Өзің білетін жұлдыз атауларын жаз. Дереккөздерден қарап, олардың жерден қанша қашықтықта орналасқанын анықта. Сол жұлдыздар туралы қызықты мәліметтер кірістір. Сан есімдердің жазылуына мән бер.

**Есте сақта!**

Дара сандардың атауы көп емес: нөл (0) бір (1), екі (2), үш (3), төрт (4), бес (5), алты (6), жеті (7), сегіз (8), тоғыз (9), он (10), жиырма (20), отыз (30), қырық (40), елу (50), алпыс (60), жетпіс (70), сексен (80), тоқсан (90), жүз (100), мың (1000), миллион, миллиард, триллион, квадриллион, секстиллион, септиллион, октиллион, нониллион, дециллион, андилион, дубдецилион, гредециллион, кваргтордециллион, квиндециллион, сеадециллион, сендендециллион, октодециллион, новемдециллион, вигинтиллион.



**ТЫҢДАЛЫМ**

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, ат қой. Сөздікті пайдаланып, термин сөздердің мағынасын анықта.

**Галактиканың сырына үңілген ғалымдар**



Гераклит



Джордано Бруно



Николай Коперник




Аристарх Самосский



Филолай

**ЖАЗЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Тыңдалған мәтін мазмұнына сүйеніп, «Ғалам туралы түсініктің дамуы» тақырыбында төмендегідей сызба-басқышты толтыр.

**ЖАЗЫЛЫМ****АЙТЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Қосымша дереккөздерден мәтінде аты аталған ғалымдар туралы мәлімет тауып, қысқаша конспект жаз. Олардың ғалактика сырын ашудағы еңбектері туралы ақпарат жина. Өзің қалаған ғалымның рөлінде өз жаңалығыңды таныстыр.

**Тілдік бағдар****Сан есімнің мағыналық түрлері**

Сан есімдер мағынасына қарай алты түрге бөлінеді: есептік сан есім, реттік сан есім, болжалдық сан есім, жинақтық сан есім, топтау сан есім, бөлшектік сан есім. **Есептік сан есім** заттың нақтылы санын білдіріп, өзге сан есім топтарының жасалуына негіз болады. Мысалы: *бір, екі*. **Реттік сан есім** есептік сандарға -ыншы, -інші, -ншы, -нші (*бірінші, екінші*) жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. **Жинақтық сан есім** бірден жетіге дейінгі есептік сан есімдерге -ау, -еу жұрнақтары жалғану арқылы жасалады (*біреу, алтау*). **Топтау сан есім** -дан, -ден, -тан, -тен қосымшаларының (*алтыдан, жүз-жүзден*) жалғануы арқылы жасалады. **Болжалдық сан есім** заттардың санын дәл көрсетпей, шамамен, мөлшермен атайды (*жүз шақты*). Ал **бөлшектік сан есімдер** заттың бөлшектік санын білдіреді (*оннан екі*).





**ОҚЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Мәтінді оқы.

Ортақ бір нүктені айналатын саны шексіз жұлдыздардың алапат үлкен жүйесі ғарыш әлемі немесе **галактика** деп аталады. Аспандағы жай көзбен көрінетін самсаған 6000 жұлдыз біздің галактика деп аталатын бір ғана бөлікке енеді. Біздің галактикада жай көзге көрінбейтін 200 миллиардтай жұлдыз бар деген болжам жасалды. Оған **аспан күмбезін** белдеулеп жатқан, шашырап төгілген сүтке ұқсас, ақшыл жолақ та кіреді. Бұл жолақты қазақтар «**Құс жолы**» деп атайды (суретке қара).



Күн – Жерден орташа алғанда 150 млн км қашықтықта орналасқан ғаламшар. Ол – біздің галактиканың кішігірім жұлдызы. Жарық Жер бетіне секундына 300 000 км жылдамдықпен 8 минутта жетеді. Жарық бір жылда 9 460 528 405 000 км жол жүреді. Осы қашықтық астрономияда бір жарық жылы деп аталады.

Ғалымдар галактикалардың жасы 12–15 миллиардқа жуық жыл аралығын құрайды деп санайды. Орталыққа жақын орналасқан жұлдыздар көрі, ал шеткері орналасқан жұлдыздар жас жұлдыздар болып саналады.

Көптеген жұлдыздарды олардың ғаламшарлары төңіректен айналып жүреді. Күнді айналатын ғаламшарлар мен денелер толығырақ зерттелген. Олардың қатарына сегіз ғаламшар енеді: Меркурий (Кіші Шолпан), Шолпан, Жер, Марс (Қызыл жұлдыз), Юпитер (Есекқырған), Сатурн, Уран, Нептун.

(Дереккөздер: *surak.szh.kz* > Ғылым, Білім > Мектеп)



#### АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтінге ат қой. Сан есімдерді тауып, мағыналық түрлеріне қарай ажырат.



#### ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** «Түсіндірме сөздікті» пайдаланып, мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің анықтамасын жаз.



#### АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ

**9-тапсырма. Жұптық жұмыс.** Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрыңдар. Құрған жоспарларыңа сүйеніп, мәтіндегі ақпараттар бойынша ауызекі сөйлеу түрінде диалог құрыңдар.



#### ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Сан есімнің мағыналық түрлерін берілген сөйлемдермен сөйкестендіріп жаз.

Реттік сан есім

Болжалдық сан есім

Жинақтық сан есім

Есептік сан есім

Бөлшектік сан есім

Топтау сан есім

Жаңа оқу жылында кітапханашы мектепке 3000 оқулық әкелді.

Көрмеге жан-жақтан жүздеген адам келді.

Бір қатарға он-оннан тізіле қалды.

Сендер төртеусіңдер.

Есептің жауабы екі бүтін оннан үш.

Біз үшінші қабатта тұрамыз.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйеніп және қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, төмендегі сурет бойынша мәтін құрап жаз. Мәтінде Күн жүйесіндегі ғаламшарларға қатысты сан есімдерді қолдан.



**АЙТЫЛЫМ**

**12-тапсырма. Рөлдік ойын.** «Ғаламшарлар айтысы». Сынyp үш топқа бөлініңдер. Әр топ өз қалауы бойынша Күн жүйесіндегі ғаламшардың біреуі туралы қызықты ақпараттар жинасын. Сол ақпараттарға сүйеніп, ғаламшарлар рөлінде шағын айтыс ұйымдастырыңдар. Айтыста сандық мәліметтерді көбірек қамтыңдар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**13-тапсырма.** Тыңдалған және оқылған мәтіндегі ақпараттарды жинақтап, «Аспан сырын ашқан ғұламалар» тақырыбына шағын ойтолғау жаз. Талаптар: сөз саны – 170–200 сөз. Тілі көркем, ой жүйелі болсын. Сан есімнің барлық мағыналық түрлерін қолдан.

**ОЙТАРАЗЫ**

**ЖАЗЫЛЫМ**

**14-тапсырма.** «Шығу парағын» төмендегі сұрақтар бойынша толтыр.

1. Сабақта не үйрендің?
2. Сабақ мазмұнынан қандай жаңа мәлімет алдың?
3. Аспан денелерінің сырын түсіндің бе?
4. Сан есімнің қандай мағыналық топтарын білесің?

**5–6-сабақ**

**Жұлдыздар мен аңыздар**

**ОЙТҮРТКІ**

**АЙТЫЛЫМ**

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Аспандағы қанша жұлдыздың атын білесің?
2. Жұлдыздарға байланысты аңызға сенесің бе? Неге?
3. Жұлдыздарға қатысты қандай аңыздарды білесің?





**ТЫҢДАЛЫМ** 2-тапсырма. Мәтінді тыңда.



**ЖАЗЫЛЫМ** 3-тапсырма. Мәтінді тыңдай отырып, бейнелі сөздер мен сөз тіркестерін жазып ал. Сол сөздердің мағынасын анықта. Мәтіндегі зат есім, сын есім сөздердің ойды жеткізудегі мәніне назар аудар.



**ЖАЗЫЛЫМ** 4-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша 3 сұрақ жаз. Өз қалауың бойынша мәтінді екі кейіпкердің (атасы мен немересінің; екі достың; ғалым мен шәкірттің) шағын диалогі түрінде жаз.



**АЙТЫЛЫМ** 5-тапсырма. Өзің білетін бір Аспан аңызын айтып бер. Онда сан есімнің түрлерін көбірек қолдан.



**ОҚЫЛЫМ**



**ЖАЗЫЛЫМ**



**АЙТЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** «Бөлшекте, жинақта!» Сынып үш топқа бөлінеді. 1-кезеңде әр топтағы оқушылар мәтіннің өздеріне тиесілі бөлігін оқиды. 2-кезеңде олар өздері оқыған мәтін бөлігінің мазмұнын бірігіп талдайды, ой бөліседі. 3-кезеңде мәтін мазмұны туралы кеңесіп, сурет салады. 4-кезеңде әр топ өз бөліктері бойынша салған «Оймоншақ» тәсілімен аңыз жұлдыздар жайлы айтып береді. «Ең үздік аңызшыларды» сынып анықтайды.

I. Аспанның солтүстік жартысындағы жұлдыздардың тәуліктік көрінерлік қозғалысы Жетіқарақшы аңызына арқау болды. Темірқазық – қозғалмайтын полярлық жұлдыз. Құрамындағы жұлдыздардың кейбіреулері шұбатылған арқан тәрізді, ал екіншілері арқандаулы атқа ұқсас. Олар Темірқазықты үнемі айнала қозғалады. Бұлардың сыртын ала, арқандаулы аттарды



торуылдап, Жетіқарақшы айналады. Көкжиектен төмен түспей түні бойы айналып жүретін бұл жеті жұлдыздың қозғалысы күндіз тасаланып, түнде ұйықтамай, қолайлы сәтті күтетін ұрының әрекетіне ұқсайды.

Аңыз желісі бойынша Жетіқарақшы – қырық қарақшының (сол маңдағы майда жұлдыздар) барлаушысы. Олар Вега мен Капелла жұлдыздарындағы батырлардың аттарын (Ақбозат пен Көкбозат) қолға түсіріп алмақшы. Шынында да, Вега мен Капелла – аспанның Солтүстік жартышарындағы көзге түсетін батырларға лайық жарық жұлдыздар. Жетіқарақшының топ басшысы қыранқарақшы (Мицар) Үркердің қызы Үлпілдекті (Алькор) мінгестіріп алған. Үркер Жетіқарақшыдан үнемі қашып жүреді. Өйткені егер Жетіқарақшы Ақбозат пен Көкбозатты ұстап мінсе, Үркердің Сұлусарысын (Альдебаран) ұрламақшы. Бұл аңыздан көшпелі ел тұрмысының сарыны байқалады.

II. Күн мен Ай аңызда егіз туған ғажайып сұлу қыздар екен. Әсіресе, Ай сұлуырақ болғандықтан, Күн қызғанып, оның бетін тырнап алса керек. Ай Күннен шалғайда жүргенде, Күнді ерегістіріп, толық Ай түрінде анық көрінсе, Күнге жақындағанда, тағы тырнап ала ма деп бетін бүркеп жасырады.

III. Шолпан аңызда емші қыз болып айтылады әрі мейлінше сұлу. Ол бар ғұмырын ауру-сырқауларды емдеп, жазуға арнамақшы болады. Бірақ оның бұл ойы жүзеге аспай қалады: өзі сұлу, өзі ақылды емші қызға жігіттер бірінен соң бірі сөз айтып, ақыры оның соңы үлкен дау-жанжалға айналады. Ел арасында іріткі туа бастайды. Мұның бәрі өзінің сұлулығы мен ақылдылығына байланысты болғанын сезген қыз елден алысқа кетіп, халыққа нұрын биіктен шашқысы келеді. Сөйтіп, таң қылаң бере ол аспанға ұшып шығып, таң жұлдызына айналады. Халық оны «Шолпан жұлдызы» деп атап кетеді.



(«Аңыздар» кітабынан)



**ЖАЗЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Мәтіндегі зат есім мен сын есімнің мағыналық түрлерін кесте бойынша топтап жаз.

Зат есімнің түрлері		Сын есімнің түрлері	
Деректі зат есім	Дерексіз зат есім	Сапалық	Қатыстық



**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Дереккөздерден аспанға, аспан денелеріне қатысты ырым және тыйым сөздерді тауып жазып, мөнін түсіндір. Мысалы, «Айға қарап қолыңды шошайтпа», «Аспанға қарап түкірме» және т.б.



**АЙТЫЛЫМ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Суретке қарап, «Қиял әлемі» тақырыбында берілген Мағжан Жұмабаевтың қазақ баласының қиялына қатысты пікірін есіңе түсір. Сонымен бірге дереккөздерден бүгінгі қазақ балаларының робототехника саласындағы жетістіктері туралы ақпараттарды тап. Тапқан, тыңдаған, оқыған материалдардағы қызықты мәліметтерді қиыстырып, «Қазақ баласының қиял әлемі» тақырыбына пайымдамалық мәтін құрап жаз. Зат есім, сын есім, сан есімдерді ретіне қарай қолдан. Олардың қандай мағыналық түрлеріне жататынын түсіндір.



**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Өткен сабақты талда. Төмендегі белгілермен тыңдалым, оқылым бөлігіндегі әр абзақты немесе сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағаным қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.



**7–8-сабақ**

**Аспан денелері қалай зерттеледі?**



**АЙТЫЛЫМ**

**1-тапсырма.** Төмендегі сұрақтар бойынша пікір алмасыңдар.

1. Жерден басқа ғаламшарда тіршілік иелерінің өмір сүруі мүмкін бе?
2. Адамдар неге басқа ғаламшарда өмір сүруге қызығады?
3. Қандай ғаламшарда Жер бетіндегідей өмір болуы мүмкін деп санайсыңдар?
4. Егер саған таңдау мүмкіндігі берілсе, қайда тұрар едің? Неге?



**ЖАЗЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** «Марста тұрғым келеді/келмейді...» тақырыбына шағын ойтолғау жаз.



**ТЫҢДАЛЫМ**

**3-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңда.



**ЖАЗЫЛЫМ**



**АЙТЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Тыңдалған мәтіндегі сандық-деректік ақпараттарды жазып ал. Сол дерекке сүйеніп, мәтін мазмұнын қысқаша баянда. Сөзінде сан есімнің барлық мағыналық түрлерін қолдан.



**АЙТЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** «Сиқырлы қоржын» ойыны. Шарты: әр оқушы қоржынның ішінен мәтіндегі тірек сөз бен сан жазылған қағазды алады. Соларды қатыстырып, сөйлем құрап айтады.

**Сан есім сөздердің емлесі**

№	Ережесі	Мысалы
1	Күрделі сан есімдер бөлек жазылады.	<i>Жүз алпыс бес</i>
2	Цифрмен жазылған сан есімге қосымша дефис арқылы жалғанады.	<i>36-құдiң 5-пәтерi</i>
3	Реттік сан есімдер араб цифрымен жазылса, -ншы, -нші, -ыншы, -інші жұрнағының орнына дефис қойылады, ал рим цифрымен жазылса, дефис қойылмайды.	<i>5-сынып, 2-қабат</i>  <i>V сынып, XX ғасыр</i>

4	Күн, жыл аттарымен тіркесіп келген реттік сан есімдер араб цифрымен жазылса, дефис жазылмайды.	<i>2017 жылдың 22 наурызы</i>
5	Екі, алты, жеті деген сандарға жинақтық сан есім жұрнақтары жалғанғанда, түбірдің соңындағы <b>ы, і</b> дыбыстары түсіп қалады.	<i>Екі – екеу, алты – алтау, жеті – жетеу</i>
6	Болжалдық сан есім цифрмен жазылғанда, оларға қосымшалар дефис арқылы жазылады.	<i>1000-даған адам жиналды, сағат 5-терде келді.</i>
7	Қосарлану арқылы жасалған болжалдық, топтау сан есімдер сөзбен жазылса да, цифрмен жазылса да, арасына дефис қойылады.	<i>Он-он бес, 40-50 үй; Он-оннан, 20-20-дан</i>
8	Болжалдық сан есім жасайтын <i>шамалы, шақты, тарта</i> және бөлшектік сан есім жасайтын <i>жарты, ширек</i> өздері тіркескен сөздерден бөлек жазылады.	<i>Онға тарта, 2 жарты</i>
9	Есептік, реттік, жинақтық сан есімдер зат есімше септеледі.	<i>Мыңның бірі, бесіншіге көшті</i>



**ОҚЫЛЫМ**

6-тапсырма. Мәтінді оқы.

**Ғарыштағы жаңа өмір қашан басталады?**



Бүгінгі таңда жер бетінде **7 миллиардқа** жуық адам өмір сүріп жатыр. Мұндай қарқынмен өсе беретін болса, адамзат жерге сыймайтыны хақ. Сондықтан дамыған елдер бірлесіп, қаржыны бір қазанға құйып, ғарыш кеңістігінен өмір сүруге жарамды қоныс іздестіруде. Жақында америкалық Ғарыш орталығы NASA қызметкерлері Жерге ұқсас жаңа

ғаламшарды тауып, онда су бар екендігін анықтады.

Ғалымдар «бұл ғаламшарда адамзаттың өмір сүруіне мүмкіндік бар» деп жорамалдауда. Өмір сүруге ыңғайлы **1 ғаламшар**

**2007 жылы** табылған болатын. Одан бергі уақытта табылып жатқандардың саны **500-ден** асты, бірақ оларға адамзат аяғы әлі жете алмай жатыр.

Ғарыш әлемін кезіп жүрген «Хаббл» телескопы шындығында адамзатқа үлкен көмек көрсетуде. Ол іске қосылған уақыттан бері адамзаттың өмір сүруі мүмкін деген бес жүзден астам ғаламшарды тауып, суретке түсіріп, Жерге жіберді. Жақында ғана «Хаббл» жіберген мәліметтерді сараптай келіп, НАСА ғалымдары Жер ғаламшарына өте ұқсас аспан денесін тапты.

«Кеплер-22-B» деп ат қойылған жаңа ғаламшар адамның өмір сүруіне өте қолайлы көрінеді. Өйткені оның Күнмен арақашықтығы ғаламшардың бір температураны ұстап тұруына жағдай жасайды. Зерттеушілердің мәлімдеуінше, жаңа ашылған ғаламшарда ылғал көп, бетіндегі температура +22 градусты құрайды екен. Егер адамзат баласының ол жаққа аяғы жетіп, игеріліп жатса, оның өмір жасы да ұзаратын болады. Өйткені ондағы бір жыл Жердегі сияқты 365 емес, 290 күнге тең.

(«Аспан құпиялары» кітабынан)



#### ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Сөздіктердің көмегімен мәтіндегі термин сөздердің анықтамасын жаз. Қарамен жазылған сандарға әртүрлі қосымша жалға.



#### ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтіндегі негізгі ақпараттарды қысқаша жазып ал (конспект).



#### АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** «Сөйлемді аяқта!» Шарты: парталас оқушылар кезекпен орнынан тұрып, мәтін мазмұнының жүйесі бойынша біріншісі сөйлемнің басын бастайды, екіншісі оны аяқтайды. Соңында сыныптағы оқушылар мәтін мазмұнын түгел баяндап шығуы тиіс.

### ОЙТАРАЗЫ



#### АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ

**10-тапсырма.** «Аквариум». Тыңдалған, оқылған мәтіндердің мазмұнына сүйеніп, рөлдік ойын түрінде диалог құрыңдар. Кейіпкерлер: зерттеуші мен журналист; ағасы мен інісі; жас ғалымдар үйірмесінің жетекшісі мен оқушы және т.б. болуы мүмкін. Диалогте ретіне қарай сан есімнің түрлерін, сөз әдеби орамдарын қолданыңдар.



## 9–10-сабақ

## Нәтиже сабақ



## ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Өртүрлі ақпарат көздерінен «Күннің тірі табиғат үшін қандай ролі бар? Адамдар күн энергиясын қайда, қалай пайдаланады?» деген сұраққа жауап ізде. Тапқан мәліметтеріңді пайдаланып, 200–250 сөзден тұратын мәтін құрап жаз.



## АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** «Оймоншақ». Шарты: сынып бес топқа бөлінеді. «Аспан өлемінің құпиялары» бөлімінде өтілген тақырыптар жазылған қағаздың бірін таңдап алып, топ өздерінің білгендерін біртұтас мәтін түрінде айтып шығуы тиіс. Ол үшін бірінші оқушы сөйлемді бастайды. Қалған балалар бірінен кейін бірі сол ойды әрі қарай жалғастырып, өтілген тақырып бойынша алған білімдерін көрсетуі тиіс. Сынып ең мағыналы мәтін құраған топты анықтайды.



## ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Шығарма кейіпкерлері туралы өз пікіріңді айт. Өлеңнің бір шумағындағы зат есім, сын есім түрлерін анықта.

Аспанды ақ белбеумен орап алып,  
Құйындай құс жолымен барады ағып.  
Үлпілдеген бұлттар да артта қалды,  
Ғарышқа зымырайды оттай жанып.

Кеудесін ашқандай ма күмбірлеп күн,  
Жұлдыздар шоғырынан сүңгіп өттің.

Ғарыштың ғаламатын, құпиясын  
Тек ғарышкер сезініп, білер деппін.

Ақ аспан Ай, Күнменен сырласады,  
Жер қойнынан қобыз үн тыңдасады.  
Ғарыштан ән оздырған ғажайып бір,  
Тоқтардың Талғат сынды ізбасары.

(Маржан Ершу)



**АЙТЫЛЫМ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**4-тапсырма. Топтық жарыс. «Сахналық қойылым».** Аспан денелеріне қатысты бір аңыздың желісімен сахналық қойылым көрсетіңдер. Ол үшін: 1) әртүрлі дереккөздерді пайдаланып, аспан денелеріне қатысты бір аңызды таңдаңдар; 2) сахналық көрініс сценарийін дайындаңдар; 3) рөлдерді бөлісіңдер.



**ОҚЫЛЫМ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Мәтінді оқы, ақпараттарды есте сақта. Осы мәтінді үлгі ете отырып, қазақ зерттеушілерінің аспан денелеріне қатысты жүргізіп жатқан жұмыстары жайлы 2 минуттық хабарлама дайында. Хабарламаны сынып алдында ауызша баянда. Ол үшін әртүрлі дереккөздерден керекті ақпаратты іздеп тап.

1997 жылы қазан айында НАСА, ЕКА және АСИ бірлескен жобасы бойынша «Кассини–Гюйгенс» аппараты Канаверал түбегінен ғарышқа ұшырылды. Бұл жоба Сатурн жүйесін, соның ішінде оның серігі Титанды зерттеуге бағытталған. Титан – Жерден ең қашықта орналасқан аспан денесі. 2004 жылдан бастап «Кассини» Сатурн планетасының жасанды серігіне айналды. Содан бері ғарыш аппараты Титанды айналып ұшып, 1200 шақырым ғана қашықтықтан суретке түсіріп, зерттеп жүр. Титанның бетіндегі газ құрамын, топырағын зерттеу үшін ғарыштық зонд та түсірілді. Ол 2020 жылдары Юпитер жүйесін зерттеуге кіріспек.

**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Осы бөлімде алған біліміңді қорытындылау үшін төмендегі кестені толтыр.

Осыған дейін не білдім?	Қандай жаңа білім алдым?	Не білгім келеді?
-------------------------	--------------------------	-------------------

# САЯХАТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС

10-бөлім

1–2-сабақ


Саяхат – таным бастауы

ОЙТҮРТКІ



АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суретке қара. Сөздіктерді пайдаланып, төмендегі сөздердің мағынасын анықта: *саяхаттау, серуендеу, демалу, тынығу, туризм, экспедиция*. Осы сөздердің қайсысы қай суретке сәйкес келеді? Ойыңды дәлелде.



ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** «Ассоциогамма». «Саяхат» сөзіне қатысты тірек-сызба құра. Жазғандарыңды алмасып, бір-біріңе сұрақ қойыңдар. Бірігіп «Саяхат деген не?» сұрағына анықтама жазыңдар.



ТЫҢДАЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді екі қайталап тыңда. Тыңдаған мәтін бойынша түсінгеніңді қысқаша жазып отыр. Мәтінде не туралы айтылады?





АЙТЫЛЫМ



ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Жазбаларыңды салыстырыңдар. Бір-біріңнің жазғандарыңды толықтырыңдар. Төмендегі диаграмманы толтырыңдар.



### Тілдік бағдар

#### Төл сөз бен автор сөзі

**Төл сөз** – бөгде адамның сөзінің еш өзгеріссіз, түпнұсқасы сақтала отырып қолданылған түрі. Сөйлемде басқа біреудің сөзі **төл сөз** болады да, сөйлеуші не жазушы адамның сөзі **автор сөзі** болады. Автор сөзі төл сөздің кімнің сөзі екенін, кімге қаратылып айтылатындығын, қандай жағдайда айтылғандығын айқындап тұрады. Төл сөз бен автор сөзі әдетте автор сөзінің құрамында қолданылатын «де» көмекші етістігі (деді, деп, дейді, деген, дегендей) арқылы байланысады. Мысалы: *Елдар: «Біздің сыныпта жиырма бес оқушы бар», – деп ақпарат берді.*

Төл сөз құрамы жағынан әртүрлі болып келеді, оның жеке сөз не сөйлем болуы да, сондай-ақ бірнеше сөйлемдер тізбегінен құралған тұтас бір мәтін болуы да мүмкін. Төл сөз қандай құрамда, қай мағынада айтылса да, автор сөзімен байланыста болады.

Төл сөз автор сөзінен өзіндік интонация арқылы ерекшеленеді, сөздердің орын тәртібі еркін болады. Төл сөз автор сөзінен кейін де, алдында да, ортасында да келе береді. Мысалы: *«Біздің сыныпта жиырма бес оқушы бар», – деді Елдар. Елдар былай деді: «Біздің сыныпта жиырма бес оқушы бар». Елдар: «Біздің сыныпта жиырма бес оқушы бар», – деді.*

**ОҚЫЛЫМ****ЖАЗЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Мәтінді оқып, тақырып қой. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр.

Туризм (франц. *tourisme*, *tour* – серуендеу, саяхаттау, жол жүру) – адам бос уақытында өз еркімен көңіл көтеру, демалу мақсатында арнайы ұйымдастырылатын іс-шара. Туризмге адамдар **тәуекелге** бел буып, қалағанын көріп, қызықтау үшін, яғни басқа бір жерге ерікті түрде **саяхаттап**, серуендеу үшін барады. Жақын жердегі қысқа мезетті қыдыру түрі **серуен** делінсе, алыс жерге аттанған ұзақ мерзім қыдыру **саяхат** деп аталады.

Туризм әлемдік экономикада басты рөл атқаратын саланың бірі болып саналады. Дүниежүзілік туризм ұйымының (ДТҮ) деректері бойынша, әлемдегі әрбір 9-шы жұмыс орнын туризм қамтамасыз етеді. Туризмнен түскен табыс мұнай өнімдері және **автомобиль экспорты** табысынан кейін тұрақты 3-орында келеді.

Дүниежүзілік туризм ұйымының болжамы бойынша, ХХІ ғасырда туризм дами түседі және 2020 жылы әлемдегі туристік саяхаттар **1,6 миллиард** бірлікті құрайды.

Туристерді **тұмса табиғат**, тылсым құбылыс, ғажайыптар, тәуекелдер, бұрын-соңды кездеспеген тосын жаңалықтар елдік-тіреді. Ең бастысы, оларды өз елдерінен тыс жердегі, жат ортадағы ерекше жағдай мен көңілді демалыстар, жайлы күйге бөлейтін өзгеше қызмет көрсету шаралары қызықтырады. Сондықтан туризмді дамыту үшін туристік өңір туралы романтикалық (бәлкім тылсым, бәлкім қорқыныш, бәлкім таңғажайып) түсініктердің қалыптасуына айрықша мән беріледі.

(Д. Жақын)

**ЖАЗЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Сөздіктердің көмегімен қарамен жазылған сөздердің мағынасын анықта. Мәтіннен сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтары сақталуы тиіс құбылыстарды тап. Мысалы: жайлы күйге – жайлы **гүйге**; мән беріледі – **мән** беріледі.

**АЙТЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықта. Оны өзің құрған жоспар бойынша дәлелде. Мәтіндегі өзің қалаған үш сөйлемді төл сөз бен автор сөзіне айналдырып жаз.

**ЖАЗЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** «Саяхатшы қалағанын көреді, турист көрсеткенді ғана көреді» деген сөз бар. Диалогтегі ойды әрі қарай жалғастырып жаз.

Өйгерім:

– Өзіңізге ең қажетті деген аздаған затты алып, жалғыз

саяхаттау мен арнайы тур арқылы топпен автобусқа отырып саяхаттаудың екі бөлек дүние екенін білесіз бе?

Перизат:

– Әрине, бірақ екеуінде де ел аралап, жаңа әсерлер аламыз ғой?

– Жоқ, қателесесіз, Перизат ханым ...



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Өздерің құраған диалогтегі 2 ұнқатымды бөліп алып, төл сөз бен автор сөзі болатындай сөйлем құраңдар.

Үлгі: «Саяхаттың екі түрінде де ел аралап, жаңа әсерлер аламыз ғой?» – деп таңдана сұрады Перизат.



**АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ**

**10-тапсырма. Жағдаяттық диалог:** сендер жазғы демалыстарыңда қай жаққа барып демалу тиімді екені жайлы білгілерің келді. Жергілікті туризм ұйымына телефон шалып немесе үлкендерден қайда баруға болатыны жөнінде кеңес алыңдар. Диалогте мәтін мазмұнындағы ақпараттар қамтылсын.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Өзің тұратын жердегі көрікті орын туралы досыңа хат жаз.

**ОЙТАРАЗЫ**



**АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ**

**12-тапсырма.** Парталас достарыңмен жазда қайда демалатындарың туралы әңгімелесіңдер. Өңгімеде саяхаттарыңның мақсаты туралы пікірлесіңдер. Досың айтқан 2 пікірді төл сөз түрінде жаз.



**АЙТЫЛЫМ**

**13-тапсырма.** «Сақина тастамақ» ойыны: ортаға бір оқушы шығып, қолындағы тақырып бойынша өтілген сөздердің бірін өзі қалаған оқушының қолына салып кетеді. Сол оқушы тұрып, қолына түскен сөздің анықтамасын айтады. Мысалы: *саяхаттау, серуендеу, демалу, тынығу, туризм, экспедиция* және т.б. сөздер. Сол сөзді кірістіріп, құрамында төл сөз бар сөйлем құрайды. Дұрыс айтқан оқушы ұнай алады. Егер айта алмаса, бір өнер көрсетеді.

**3–4-сабақ**

**Ұлы саяхатшы**

**ОЙТҮРТКІ**



**АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ**

**1-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарды қатыстырып диалог құрыңдар.

– Адамзат тарихында саяхаттау қай кезден басталды деп ойлайсыңдар?



- Ерте замандағы қандай саяхатшылардың атын білесіңдер?
- Геродот деген есім өздеріңе таныс па?
- Ежелгі саяхатшылардың ел тарихын жазуға қатысы болуы мүмкін бе?



**ЖАЗЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** Сөзжұмбақты шеш. Дұрыс шешкен жағдайда кестенің ортасында ұлы саяхатшының есімі пайда болады.

1							
2							
3							
4							
5							
6							
7							

1. Ұлы саяхатшының ұлты.
2. «Аралады», «қыдырды» сөздерінің синонимі.
3. Саяхатшы аялдаған қала.
4. Бумен жүретін көлік.
5. «Екпіндете сөйле» сөзінің синонимі.
6. Ұлы саяхатшы тұрған ең үлкен шаһар.
7. «Дерек», «айғақ» сөздерінің синонимі.



**ТЫҢДАЛЫМ**

**3-тапсырма.** Қолыңа әлемнің географиялық картасын алып, саяхатшы жүрген елдерді белгілеп отыр. Ақпараттарды есте сақта.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**4-тапсырма.** Тыңдалған мәтін бойынша 4 сұрақтан жаз. Сұрақтарыңа мәтінде келтірілген сан есімдерді кіріктірің. Олар сан есімнің қай тобына жататынын және қалай жасалып тұрғанын айт.



**АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ**

**5-тапсырма.** Өздерің құраған сұрақтар мен оларға берілетін жауаптарды құрамында төл сөз бен автор сөзі бар диалог түрінде айтыңдар.

*Үлгі:*

- Геродот деген есім саған таныс па? – деп сұрады Руслан.
- Иә, – деді Елдар. – Ол – біздің заманымыздан 425 жыл бұрын өмір сүрген грек жиһанкезі, атақты тарихшы.

**Тілдік бағдар****Төл сөз бен төлеу сөз**

**Төл сөз** – өз сөзінің ішінде басқа біреудің сөзі ешбір өзгеріссіз берілген сөз болса, **төлеу сөз** – сөйлеуші өз сөзінің ішінде басқа біреудің сөзін өзгертіп, жалпы мазмұнын ғана сақтап айтқан сөз. Мысалы: *Абай бес нәрседен қашық болу керектігін, бес нәрсеге асық болуды айтады.* Мұнда біреудің сөзі автор сөзінен ажыратылмай, біртұтас сөйлем құрамына енеді де, төл сөз бен автор сөзі тыныс белгімен бөлінбейді. Төл сөзді төлеу сөзге және керісінше төлеу сөзді төл сөзге айналдыруға болады.

**ОҚЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы.

Бір мезетте қос ғылымның – география мен тарихтың негізін салған Геродоттың шыққан тегі Кіші Азиядан екен. Ол біздің заманымызға дейінгі 484 жылдары дүниеге келген. Біздің заманымызға дейінгі 425 жылдар шамасында қайтыс болған. Ол өз ғұмырында Кіші Азияны шарлап шықты. Вавилон мен Финикияда, Киренде аялдады. Балқан түбегіндегі Грекияның сан түрлі шаһарларын аралады. Қара теңіз жағалауында ат шалдырды. Афиныда ұзақ өмір сүрді.

Геродот жазбалары – ежелгі әлемнің нағыз энциклопедиясы. Ол сияқты ғұмырын саяхатқа арнаған адам жоқтың қасы. Білуге деген әуестігі мен адал ниеті Геродоттың бойында зерттеушіге лайық сенім қалыптастырды. Ол табиғи ескерткіштер мен өзі жүрген аймақтардың ерекшеліктерін байыптап қарап, дәл сипаттап отырды. Сол заманның өзінде 2 мың жылдық тарихы бар таңғажайып Мысыр пирамидаларын сипаттаған да Геродот болды.

Ұлы саяхатшы қазіргі Украина далаларында тіршілік еткен құпия көшпенділер: скифтер – сақтар туралы да қызықты мәліметтер қалдырды.

Геродот дәуірі мен біздің арамызды бөліп тұрған бірнеше ғасырда әлем, ертедегі халықтар және елдер тарихы танымастай өзгерді деп санауға болады. Қандай да қорытындылар жасауға болады. Бірақ көшпенді тайпалар тұңғыш рет Қара теңіз жаға-

лауларында бұдан екі мың жыл бұрын пайда болды деген тұжырыммен ешкім дауласа алмайды.

Саяхатшы жазған мәліметтер әлемдегі бірқатар елдердің тарихын, салт-дәстүрлерін жаңғыртып, жазуда басты құндылық болып саналады. Қазіргі уақытта тарих ғылымындағы ашылып жатқан тың мәліметтер де Геродот жазбаларының шынайылығын толық растап отыр.

(«Өнер» балалар энциклопедиясынан)



#### АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер. Бір-біріңнің жауаптарыңды төл сөз және төлеу сөз түрінде жазыңдар.

1. Геродот саяхатының ерекшелігі неде?
2. Оның мақсаты не болды?
3. Оны неге «Тарихтың атасы» деп атаған?



#### ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр. Мәтіндегі сапалық сын есім және дерексіз зат есім сөздерді теріп жаз. Олардың синонимдерін, антонимдерін, мүмкін болса омонимдерін жаз. Осы мәтінде автордың басқа синонимдерді емес, дәл осы сөзді таңдау себебін айт.



#### АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** «Оймоншақ». Топқа бірігіңдер. Құрған жоспар тақырыптары жеке қағаздарға жазылып, бүктеліп, ортаға тасталады. Құрылған әрбір топ кезегімен келіп, бір қағазды алады да, сол жерде топтағы әр бала бір сөйлемнен айтып, тақырыпқа сай бөлік мазмұны бойынша мәтін құрап шығуы тиіс. Сөздерінде оқшау сөздерді қолданыңдар. Қай топтың мәтіні дұрыс, тақырыпқа сай, логикалық бірізділікпен құрылса, сол топ жеңімпаз болады.



#### ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Төменде берілген сөйлемнің мағынасын аша отырып, нағыз саяхатшы болу үшін қандай қабілет керек екені туралы шағын мәтін құрап жаз. Мәтінге тақырып қой. Мәтінде төл сөз бен автор сөздері қолданылатындай сөйлемдер болсын.

Білуге деген әуестігі мен адал ниеті Геродоттың бойында зерттеушіге лайық сенім қалыптастырды. Ол табиғи ескерткіштер мен өзі жүрген аймақтардың ерекшеліктерін байыптап қарап, дәл сипаттап отырды.





**ЖАЗЫЛЫМ**

**11-тапсырма.** Суретке қарап, сипаттамалық мәтін жаз. Ол үшін дереккөздерден (кітаптардан, Интернеттен) өлем тарихында аты қалған сақтар туралы мәліметтерді ізде.



Сақ жауынгері. А. Дүзелхановтың суреті.



**ЖАЗЫЛЫМ**



**АЙТЫЛЫМ**

**12-тапсырма. Ізденімдік тапсырма.** Дереккөздерден (кітаптардан, Интернеттен) атақты саяхатшылардың бірі туралы мәлімет тауып, мәтін құрап жаз. Оның суретін көрсетіп, саяхат аумағын көрнекіліктермен безендіріп, сынып алдында шағын хабарлама жаса.

**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**13-тапсырма.** Өтілген сабақты талда. Төмендегі белгілермен тыңдалым, оқылым бөлігіндегі әр абзацты немесе сөйлемдерді белгіле. Өз ойыңды қорытындылап жаз.

«✓»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін.	Менің ойлағанымға қайшы, кереғар.	Мен үшін жаңа ақпарат.	Келісе алмаймын, білгім келеді.

5–6-сабақ

Қазақтың тұңғыш жиһанкезі

ОЙТҮРТКІ

АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суретте кім бейнеленген? Ол туралы білетініңді айт. Оның саяхат тақырыбына қандай қатысы бар деп ойлайсың? Өз сөзінде ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдан.




ТЫҢДАЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтінді мұқият тыңда. Бала Шоқанның бойында болашақ саяхатшыға қажетті қандай қабілеттер барын анықта.

ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Жас Шоқанға мінездеме жаз. Ол үшін алдымен мәтінге сүйеніп, төмендегі диаграмманы толтыр.



ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Тыңдаған мәтін мазмұнына сүйеніп және суретке қарап, «Қазақ отбасындағы әже тәрбиесі» тақырыбында пайым-

дамалық мәтін жаз. Мәтінде сапалық және қатыстық сын есімдерді қолдан.



## Тілдік бағдар

### Төл сөздің тыныс белгілері

Төл сөздің тыныс белгілері автор сөзі мен төл сөздің орын тәртібіне қарай әртүрлі қойылады.

1. Төл сөз автор сөзінен бұрын орналасса, тыныс белгілерін мынадай сызба түрлерімен көрсетуге болады:

- 1) « \_\_\_\_\_ », – \_\_\_\_\_.
- 2) – \_\_\_\_\_ ? – \_\_\_\_\_.

«Тоқта, тоқта, басқа күй тарт», – деді Шыңғыс Қанғожаға.

2. Төл сөз автор сөзінен кейін тұрса, тыныс белгілерін былай көрсетуге болады.

- 1) \_\_\_\_\_ : « \_\_\_\_\_ »
- 2) \_\_\_\_\_ :  
– \_\_\_\_\_.

Шыңғыс Қанғожаға былай деді:

«Тоқта, тоқта, басқа күй тарт».

3. Төл сөз автор сөзінің арасына орналасса, бірінші және екінші сыздада көрсетілген тыныс белгілер түгел қатысады.

- 1) \_\_\_\_\_ : « \_\_\_\_\_ ! » – \_\_\_\_\_.
- 2) \_\_\_\_\_ :  
– \_\_\_\_\_ ? – \_\_\_\_\_.



**Шыңғыс:**

– Тоқта, тоқта, басқа күй тарт, – деді Қанғожаға.

4. Автор сөзі төл сөздің арасына орналасса, автор сөзінің екі жағынан тыныс белгілер былай қойылады.

1) « \_\_\_\_\_, – \_\_\_\_\_, – \_\_\_\_\_ »

2) – \_\_\_\_\_, – \_\_\_\_\_, – \_\_\_\_\_.

– Тоқта, тоқта, – деді Шыңғыс Қанғожаға, – басқа күй тарт.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Төменде берілген сөйлемдердің төл сөзге қатысты тыныс белгілерін қойып жаз. Қойылу себебін паргаласыңа түсіндір.

«Ерлік аспаннан түспейді» дейді Б.Момышұлы. Ол «Отанды сүю үй ішіңнен, отбасынан өседі» деді. «Ата-ананы, апа-қарындасты, аға-ініні сыйлап құрметтеген жан деді Б.Момышұлы халқының да қадіріне жетеді».



**ОҚЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Мәтінді зейін қойып оқы.

Кадет корпусында тамаша білім алып шыққан жас жігіт Шоқан Уәлиханов түрлі ғылыми экспедицияларға белсене қатысты.

Шоқан 1856 жылы полковник М.М. Хоментовский басқарған әскери-ғылыми Ыстықкөл экспедициясына қатысып, қырғыз елін жете зерттейді. Әлем ғалымдары арасында тұңғыш рет «Манас» эпосының ең шұрайлы бөлігі «Көкетай ханның ертегісі» жырын жазып алады. «Манас» – халық даналығының туындысы, барша халық ертегілерінің, хикаялары мен аңыздарының, география, дін және салт-сана, әдет-ғұрпы жөніндегі түсініктерінің энциклопедиялық жинағы. Сондықтан ғалым оны «Дала Илиадасы» деп бағалады. Қырғыздардың көне тарихы жөнінде жазған ғалымдардың еңбектеріне сын айтады.

Бұдан кейін Құлжа қаласында болып, оның қорытындысында Шығыс Түркістанның өткені мен бүгін туралы зерттеулер жазады. Шоқан табиғатты және ел тұрмысын жазушылық шеберлікпен суреттейді. Осыдан барып оны орыс достары «Қазақ тақырыбына жазатын орыс жазушысы» деп атаған.

Ш. Уәлиханов 1856 жылы аса көрнекті ғалым, белгілі географ П.С. Семенов-Тянь-Шанскиймен танысты. Ол жас қазақ

ғалымның қабілетіне шын ниетімен сүйсіне қайран қалды. 1857 жылы П.С. Семенов-Тянь-Шанскийдің ұсынуымен Ш. Уәлиханов Орыс Географиялық Қоғамының толық мүшелігіне қабылданды. Шығыс Қазақстан мен Жетісуға, қырғыз еліне жасаған сапары Шоқанның ғалым ретіндегі даңқын арттырды.

(Сәбит Мұқановтан)



**АЙТЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Мәтінге ат қой. Не үшін олай атағаныңды түсіндіріп айт.



**АЙТЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** Қарамен берілген сөйлемдерді алдымен төл сөзге, одан кейін төлеу сөзге айналдырып жаз. Тыныс белгілерін дұрыс қой.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма. Жұптық жұмыс.** Мәтіннен тірек сөздерді теріп алыңдар. Сол сөздерге сүйеніп, «Өмір баспалдақтары» тақырыбына баяндамалық сипаттағы қысқаша мәтін жазыңдар. Мәтінде сан есімнің мағыналық түрлерін кеңінен қолданыңдар.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**10-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша Шоқанның саяхатшы ретінде өсу баспалдақтарын төмендегі сызба түрінде жаз. Дерексіз зат есімдерді қолдан.

4	
3	
2	
1	



**АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ**

**11-тапсырма. «Аквариум».** «Шоқан және орыс ғалымдары» тақырыбында пікір алмасыңдар. Талаптар: диалогте 10–12 ұнқатым болсын. Мәтіннің тілі көркем, ақпараттық деңгейі жоғары болсын.

**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**12-тапсырма.** «Өзіңді өзің бағала!» Тақырып бойынша игерген білімдеріңді бағалау үшін «Бала Шоқанның арманы» тақырыбына шағын ойтолғау жаз. Онда алдыңғы тыңдалым, оқылым мәтіндеріндегі ақпараттарды кірістір. Талаптар: көлемі 100–120 сөз болсын. Зат есім, сын есім, сан есім сөздерді қолдан.

## 7–8-сабақ

## Қашғария сапары

## ОЙТҮРТКІ



## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Картадан Қашғарияны тап. Оның орналасқан жері, халқы, дәстүрлері туралы Интернеттен мәлімет жина. Жинаған мәліметтеріңе сүйеніп, өз ойыңды ауызша баянда. Деректерді сауатты қолдан. Сан есімнің қандай түрін қолданғаныңды айт. Қашғария туралы зерттеушілер мен саяхатшылардың пікірлерін төл сөз ретінде пайдалан.

АЙТЫЛЫМ -  
ДИАЛОГ

**2-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарды қамтитын диалог құрыңдар.

1. Ш. Уәлиханов пен Қашғарияның қандай байланысы бар деп ойлайсыңдар?
2. Шет жерлерге саяхатқа шығудың қандай қауіп-қатерлері болуы мүмкін?
3. Өзге елге сапар шегіп, оны зерттеудің қандай пайдасы бар?



## ТЫҢДАЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңдай отырып, сандық-деректік материалдарды жазып ал. Олардың жасалу жолдарын түсіндір.



## АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтіндегі саяхатқа байланысты тосын жайттарды анықта. Мұғалімнің көмегімен олардың себебін дәйекте. Мысалы: *бүкіл әлемге белгілі арнайы мұрағаттық іс (папкі) ашылуы және т.б.*



## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Тыңдалған мәтіндегі Шоқанға қатысты ақпараттарға сүйеніп, саяхатшыға мінездеме бер. Мәтінде жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді қолдан. Олардың қай сөз табына жататынын айт.



## ОҚЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнын түсіндір.

## Қауіпті сапар

«Қашғария экспедициясына қатысушылардың бәрі – көпті көрген адамдар. Олардың басым көпшілігі керуен жанында өмір бойы жүріп, елдер мен мемлекеттердің бағдарларын керемет жаттап үлгерген болатын», – деп жазды Ш. Уәлиханов өзінің күнделігінде.





1858 жылдың 1 шілдесінде керуен Алтын-Емел тау жотасына жетіп, әрі қарай Іле өзенінің алабына беттеген болатын. Іле өзенінен өтетін өткел сол кезде өте қауіпті болған...

27 қыркүйекте керуен Қытай империясының аймағындағы бекініске тоқтады. Жергілікті өкімет керуенді тексеріп шығып, Қашқар қаласына кіргізеді. Шоқан мен керуенбасын Қоқан ақсақалы салтанатты түрде қабылдады. Ақсақал оларды өз керуен-сарайына орналастырып, Шоқан мен керуенбасын өзінің қорғауына алды.

Шоқан Тұрғат асуымен қайтып келе жатқанда наурыздың ортасында Теректі асуында қар жатқан. Шоқан мен оның сапарластары Оңтүстік Қырғызстан жерлері арқылы жүрді. Жолай Шатыркөлге соғады. Шатыркөл жайлы ауыздан-ауызға тарап кеткен аңыздар өте көп.

Одан әрі керуен солтүстік-шығыс бағыты бойынша Нарын бойымен жоғары қарай жүріп, Заукинді өткелі арқылы Ыстықкөлге өтеді. «Қашқардан Заукинді аймағына дейін біз 23 өткелден (530 шақырым), Құртқаға жеткенше 10 өткелден (250 шақырым), Құртқадан Қапшығайға дейін 150 шақырым қашықтықты, сахармен 70 шақырым, әрі қарай Заукинді аймағынан 60 шақырым қашықты басып өттік. Барлығы Қашқардан Ыстықкөлге дейін кері қайтқанда: 580 шақырым. Менің сапарымның мерзімі: 10

ай мен 14 күн болды. Қашқар қаласында біз бес ай тұрдық. Біздің керуеніміз жасаған операциялар бұл қалада сәтті өтті деп айтуға болады», – деп көрсеткен Шоқан өзінің жазбаларында.

(/http://e-history.kz/)



#### ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтіндегі тірек сөздерді жаз. Мәтінде қарамен жазылған сөздерді бірде тура, бірде ауыспалы мағынада қолданып, сөйлем құрап жаз.



#### АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтіннің тақырыбы мазмұнына сай ма? Егер оның дұрыстығын құптасаң немесе өзгертсең, оның себебін дәлелдеп айт.



#### ЖАЗЫЛЫМ



#### АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** «Шоқан Уәлиханов» фильміндегі Қашғария сапарына қатысты үзіндіні көр. Шоқанның бейнесі туралы ой бөлісіңдер. Ойбөлістің сұрақтарын алдын ала жазып алыңдар. Төлеу сөздерді қолданыңдар.



#### ОҚЫЛЫМ



#### ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Төмендегі мәтінді оқы. Мәтін мазмұнына сүйеніп, осы сапарға жұртшылықты шақырып, жарнамалық мәтін жаз. Талаптар: жарнама мәтінінің сөз көлемі – 100 сөз. Мазмұны қысқа әрі тартымды болсын.

2014 жылдың 24 шілдесінде қазақтың ұлы ғалымы, саяхатшы Шоқан Уәлихановтың 185 жылдық мерейтойына арналған «Қазақстанның ұлттық жағрафиялық қоғамы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жобасы іске қосылады. Ол бойынша отандық жағрафия, тарих, биолог, этнограф және тіл мамандарынан тұратын бір топ ғалым Шоқан Уәлихановтың Қашғарияға керуенмен сапарлаған жолы ізімен экспедицияға шықпақшы. Экспедицияға қатысушылар Қашғарияның тарихы, жағрафиясы, этнографиясы, тіл білімі бойынша деректерді жинастыруды, Марко Поло, Шоқан Уәлиханов, Николай Пржевальский, Петр Козлов, Алексей Куропаткин, Карл Маннергейм, Аурел Стейн, Свен Гедин, Гуннар Ярринг және Юрий Рерих сынды ұлы саяхатшылардың алған бағытын зерттеуді жоспарлаған.


Қашғария экспедициясының қорытындысы бойынша Шоқан Уәлихановтың осы аймаққа сапарына айрықша маңыз беретін, осы аумақтың тарихы, этнографиясы, биологиясы, тіл білімі жөніндегі түрлі мақалалардан тұратын альбом-кітап басып шығару жоспарланған. Жоба аяқталған соң, болашақта Орталық Азия мемлекеттері мен ҚХР-дің туристік мүмкіндіктерін бі-

ріктіруі тиіс «Орталық Азиялық Алтын Шеңбер» жобасына қолданылатын экспедиция барысында жинақталған деректер бойынша бейнефильм түсіру де қолға алынбақшы.

([https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_))

## 9–10-сабақ

### Жаңа әлемдегі жаңа саяхаттар



#### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма. Ойбөліс.** Сұрақтар бойынша пікірлеріңді айтыңдар.

1. Өткен тақырыптарда саяхат тарихына қатысты әртүрлі мағлұмат алдыңдар. Геродот, Шоқан Уәлиханов замандарындағы саяхаттың мәнін түсіндіңдер. Бүгінгі кезеңдегі саяхат түрлерінің немесе экспедициялардың олардан қандай айырмашылығы бар?

2. «Саяхатшыларды не қызықтырады? Әрине, саяхат әркімнің өз қалауы мен мақсатына, мүмкіндігіне байланысты. Саяхаттың танымдық қызметімен бірге тәрбиелік, сауықтырушылық және спорттық қызметтері де бар» деген пікірді қалай түсінесіңдер?

3. Жаңа дәуірде саяхат пен туризмнің жеке адамдар үшін, мемлекет үшін қандай маңызы бар?



#### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Төмендегі суретке қара. Суреттің бұл стили саған таныс па? Ол қалай аталады? Осы жанрды алғаш енгізген кім? Ол туралы оқулықтың қай тақырыбында айтылған еді? Есіңе түсір.







**ТЫҢДАЛЫМ**

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Мұражай қызметкерлерінің тосын ұсынысы туралы өз пікіріңді айт. Оның себебі неде деп ойлайсың? Мәтіннен қандай туынды сөздерді кездестірдің? Өз ойыңды білдір.



**АЙТЫЛЫМ**

**4-тапсырма. Жағдаят:** Жазғы демалысында сәті түсіп, Маниладағы Өнер мұражайына барып қалдың. Қандай суреттің «ішіне еніп» кетер едің? Таңдауыңды дәлелде. Тапсырманы орындау үшін Интернеттен осы мұражай экспонаттарының суреттерін қарап, өзіңе ұнағанын таңдап ал.



**ОҚЫЛЫМ**



**ЖАЗЫЛЫМ**



**АЙТЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** «Бөлшекте, жинақта!» Сынып үш топқа бөлінеді. Өр топтағы оқушылар №1, №2, №3 деп белгіленеді. 1-кезеңде балалар мәтіннің өздеріне тиесілі бөлігін оқиды. 2-кезеңде әр топтағы балалар нөмірлеріне сәйкес топ болып бірігеді. Олар өздері оқыған мәтін бөлігінің мазмұнын бірігіп талдайды, ой бөліседі. 3-кезеңде топ мүшелері қайта өз орындарына барады да, жалпы мәтін мазмұны бойынша кеңесіп, өздері қалаған тәсілмен (тірек сөздер кестесі, кластер, диаграмма, сурет, карта және т.б.) ойларын жинақтайды. 4-кезеңде әр топ өз жұмыстарын сынып алдында қорғайды.

1. Туризм – дүниежүзі бойынша кез келген қоғамда ерекше орында тұратын, маңыздылығы жоғары қоғамдық құбылыс. Туризмнің танымдық, тәрбиелік, мәдени және т.б. мәні мен маңыздылығын айтпағанда, ең алдымен, ол көптеген мемлекеттердің экономикасында белгілі бір дәрежеде рөл атқарады. Осы туризмнің экономикадағы маңыздылығы оның қоғамдағы орнын анықтайтын негізгі фактор ретінде қарастырылады. Өйткені туризм белгілі бір аумақта дамыған сайын одан түсетін табыс ұлғаяды, жұмыс орны көбейеді, жергілікті инфрақұрылым (көлік, байланыс, қосымша қызмет) жақсарады. Бүгінгі таңда Қазақстанның және шетел туристерінің демалуына жағдай жасауды ұйымдастыру, республиканың туристік әлеуетін көтеру – өзекті мәселелердің бірі.

2. Шындығында да, қазір қайда барып демалуға болады? Шетелдердегі бағасы удай қымбат демалыс орындарында ма, әлде Алтайдан Атырауға дейін созылып жатқан қазақтың кең даласындағы қазақы иіс аңқып тұратын емдік қасиеті зор шипажайларда ма? Ойланып көріңіз! Қазақстан – табиғаты көркем, жанға жайлы әсем жерлерге өте бай өлке. Жер жаннаты Жетісу, асқар шынды Алтай, емдік қасиеті мол Алакөл, көрген көзді таңғалдырар Балқаш, суы балдай, шөбі шүйгін Баянауыл, ауасы шәрбат Қарқа-

ралы... Біздің елдегі осы іспетті көрікті жерлерді айтып тауыса алмайтындайсың! Қарасаң, көзің тоймайды!

Жер шарының ең көрікті жерлері саналатын Ақмола облысының аумағында «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы орналасқан. Бурабай – Қазақстандағы ең танымал демалыс орындарының бірі. Бұл жер бетінде сирек кездесетін өзіндік орны бар географиялық орын ретінде кеңінен танымал. Бурабай шатқалының жоғарғы жағында ұсақ шоқылар құрамына кіретін аласа таулы белдер бар. Биік таулар және қылқанжапырақты орман, айдынды көл және таза ауа үйлесім тапқан. Табиғаттың шипалы қуаты жақсы демалуға және денсаулықты қалпына келтіруге мүмкіндік тудырады. Бурабайдың балшығы мен минералды суы емдік қасиетке бай. Бурабайда қонақүйлер, шипажайлар, демалыс үйлері орналасқан.



3. Ал шыңдары көкпен астасқан, құздары шатқалға ұласқан Іле Алатауы жоталарының қойнауы – Табиғат-Ананың көңілі дарқан қазақ жұртына берген баға жетпес сыйы. Тамаша табиғат жаратылыстары: Алма-Арасан, Ақсай, Түрген шатқалдары, Маралсай – соның куәсі. 1986 жылдан бастап, Қазақстанда мемлекеттік мәні бар Бурабай, Алма-Арасан, Сарыағаш, Меркі, Манкент, Жаңақорған және жергілікті шипажайлар Қапаларасан, Барлықарасан, Ақжайық, Алатау, Оқжетпестер өз қызметтерін бұлжытпай атқаруда.

([visithkazakhstan.nur.kz](http://visithkazakhstan.nur.kz) сайтынан)



**ЖАЗЫЛЫМ**



**АЙТЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша үлгіге қарап, күрделі жоспар құр.

*Үлгі:*

1. Туризмнің қоғамдық маңызы:
  - ел экономикасына әсері;
  - табыс көзі;
  - жұмыс орнының көбеюі;
  - жергілікті инфрақұрылымның дамуы.



**АЙТЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің синонимдерін айт.



**АЙТЫЛЫМ**

**8-тапсырма.** «Аквариум». Рөлдік ойын: мәтін мазмұнына сүйеніп, журналист пен Қазақстандағы туризм саласының маманы арасындағы сұхбатты көрсетіңдер. Сұхбатта сын есім сөздер қолданылсын.

**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**9-тапсырма.** Жарнама. Жұптық жұмыс. Интернет материалдарын пайдаланып, демалушыларды шақыру мақсатында өздерің тұратын жердегі бір көрікті мекенге жарнама жасаңдар.

**Талаптар:** Слайдты пайдалану. Қысқа да нұсқа, мәнді сөз болуы; елді сендіру; егер ол жерлер әлі арнайы демалыс орнына айналмаса, оны қиялмен толықтырып жеткізу. Жарнамада сапалық және қатыстық сын есімдер мен дерексіз зат есімдерді қолданыңдар.

**11-сабақ**

**Ғарышқа саяхат**

**ОЙТҮРТКІ**



**АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ**

**1-тапсырма.** Сұрақтарды пайдаланып, диалог құрыңдар.

1. Саяхатшы-ғарышкер деген кім?
2. Қандай саяхатшы-ғарышкерлерді білесіңдер?
3. Суретте тұрған ғарышкер кім? Ол туралы айтып беріңдер.





**ЖАЗЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** «Егер мен миллиардер болсам...» тақырыбында ой-пікіріңді жаз. Онда мынадай сұрақтарға жауап бер:

- Бай болсаң, ғарыш мәселесіне көңіл бөлер ме едің?
- Бай болсаң, ғарышқа саяхат жасар ма едің?
- Кез келген адамның ғарышқа саяхат жасауы қажет деп санайсың ба? Неге?

**ТЫҢДАЛЫМ**

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, керекті мәліметтерді жазып ал. Сан есім түрлерін жаз.

**АЙТЫЛЫМ - ДИАЛОГ**

**4-тапсырма.** Мәтіндегі ақпараттар бойынша пікірталас өткізіңдер. Саяхаттың бұл түрі туралы не айтасындар? Ғарыштық туристердің көбею себебін немен түсіндірер едіңдер? Ғарыш туралы дәйек-сөздерді (цитаталар) қолданып, төл сөз түрінде айтыңдар.

**ОҚЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Мәтінді оқып, ат қой.

Сіздің әлем тарихындағы тұңғыш ғарышкер Ю.А. Гагарин немесе қазақтың тұңғыш ғарышкері Т. Әубәкіров екендігін білетіндігіңізге күмәніміз жоқ! Ал сіз әлемдегі тұңғыш саяхатшы-ғарышкердің кім екендігін білесіз бе? Білмесеңіз, бүгін біз дәл осы тұлға туралы әңгіме қозғамақпыз.

Деннис Энтони Тито 1940 жылы тамыз айының сегізінші жұлдызында Нью-Йорк қаласында дүниеге келген. Әлемдегі ең алпауыт фирмалардың бірі – Wilshire Associates фирмасының меңгерушісі, американдық беделді кәсіпкер әрі мультимиллионер 2001 жылдан бері әлем тарихындағы тұңғыш саяхатшы-ғарышкер деген атаққа ие болып келеді. Қалай дейсіз ғой?!

Бұл атаққа ие болу үшін мультимиллионердің қаржысы аз жұмсалған жоқ. Ол өзінің сапарына жиырма миллион доллар жұмсаған көрінеді. Тито Жер планетасын орбита бойымен 128 рет айналып өткен. Әрбір айналымның бағасы 150 мың долларды құраған. Кәсіпкер жұмсалған ақша үшін бір сәт те өкінбегендігін айтады.

(«Ана тілі» газетінен)

**ЖАЗЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің синонимдерін тауып жаз.

**АЙТЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Мәтінде аты айтылған адамдардың кәсібі қандай екеніне мән бер. Ғарышқа саяхат жасауға оларды не итермеледі деп ойлайсың? Пікіріңді дәлелде.

**АЙТЫЛЫМ  
ДИАЛОГ**

**8-тапсырма. Рөлдік ойын.** Үш-үштен бірігіңдер, өздеріңнің қалауларың бойынша саяхатшы-ғарышкерлердің рөліне еніп, сұхбат құрыңдар. Ол үшін сол тұлғалар жөніндегі қосымша материалдар тауып, керекті ақпараттар қорын толықтырыңдар. Өз сөздеріңде сан есімдерді қолданыңдар.

**12-сабақ****Нәтиже сабақ****ЖАЗЫЛЫМ**

**1-тапсырма.** «Саяхат: кеше, бүгін, ертең» деп аталатын төмендегі диаграмманы толтыр. Сол бойынша пікір алмасыңдар.

Кеше

• отарлайтын елдерге саяхат

Бүгін

• дүниежүзіне саяхат

Ертең

• ғарышқа саяхат

**АЙТЫЛЫМ**

**2-тапсырма. Топтық жұмыс. «Оймоншақ».** Топқа бірігіңдер. «Ежелгі саяхатшылар», «Қазақ жиһанкезі», «Ғарышқа саяхат», «Туризм – мәдениет пен экономика көзі», «Егер мен миллиардер болсам...» деген тақырыптар қағазға жазылып, бүктеліп, үстел үстіне тасталады. Құрылған әрбір топ кезегімен келіп, бір қағазды алады да, сол тақырып бойынша топтағы әр бала бір сөйлемнен айтып, тұтас мәтін құрап шығуы тиіс. Қай топтың мәтіні дұрыс, тақырыпқа сай, логикалық бірізділікпен құрылса, сол топ жеңімпаз болады.

**Ескерту:** бір топ жауап бергенде, өзге топтар олардың жауабының дұрыс-бұрыстығын бағалайды.

**АЙТЫЛЫМ**

**3-тапсырма. Баспасөз конференциясы.** «Саяхат және демалыс» тақырыбы бойынша игерген білімдеріңді сынау мақсатында сұхбаттасыңдар. Саяхат және туризм саласының төрт маманы, қалғандарың журналистер болып, пікір алмасыңдар. Сұхбаттарыңда мектеп оқушыларының жазғы демалысын өткізу мәселесі қамтылсын.

**АЙТЫЛЫМ  
ДИАЛОГ**

**4-тапсырма. Жұптық жұмыс.** «Сандар сөйлейді»: Партада отырған екі бала өтілген тақырып бойынша мағлұматтарды еске түсіру үшін бес сан жазып, бір-біріне ұсынады. Әр бала көрсетілген сандарға қатысты өзінің меңгерген білімін еске түсіріп, жазып беруі керек. Мысалы, «1858» деген сан тұрса, оған жауап: «1858 жылы қазақтың атақты жиһанкезі Шоқан Уәлиханов Қашғария сапарына аттанды» деп жазылуы тиіс.



**ЖАЗЫЛЫМ**

**5-тапсырма.** Суретке қарап, «Жұлдызды аспанға саяхат» тақырыбында қиял-ғажайып сипатындағы шағын ертегі мәтінін құрап жаз. Сыныпта оқып, бір-біріңнің жұмыстарыңды бағалаңдар.

**Талаптар:** үшінші жақтан баяндалсын; кейіпкердің жазғы демалыс кезіне сәйкес суреттелсін; көлемі 170–200 сөз болсын; тақырып ашылсын; мәтінде ауыспалы мағыналы сөздер, антоним, синонимдер қолданылсын; тақырып аясында меңгерілген білімдер мен ақпараттар қамтылсын.



**АЙТЫЛЫМ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**6-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтін негізінде осы бөлім бойынша алған біліміңді қорытып жаз.

**Саяхаттауды демалыспен шатастырмайық**

Біз үйде уақыт өткізуді «демалыс» деп айтамыз. Түркияға немесе сондай туристік инфрақұрылымы дамыған елдерге барып келу де демалыс бола алады.

Ал саяхат – демалыс емес. Сіз онда ауыр жүкпен тауға да шығасыз, ұзақ жол да жүресіз, тропикалық ормандарда терлеп-тепшіп, тундраларда тоңасыз. Онда мұны демалыс деуге бола ма? Сонымен қатар кейбір саяхаттар өте қиын болуы да мүмкін. Мұндай саяхат адамды қажытып, шаршатып, жүйкесін жұқартады. Саяхаттың қиындығы туралы әңгіме басқа, десе де, саяхаттаудың демалыс емес екенін ұғу керек.



Ең басты назарда ұстайтын жайт – саяхаттаудан сіз өмірлік сабақ аласыз, көзқарас қалыптастырасыз, әлемді жаңаша көресіз. Өміріңізде өзгеріс болады.

(А. Құлтай)

**ОЙТАРАЗЫ**



**ЖАЗЫЛЫМ**

**7-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға ауызша жауап беріп, «Шығу парағын» толтыр.

1. «Саяхат және демалыс» бөлімі бойынша не білдің, не үйрендің?
2. Бөлім бойынша қандай сұрақтарың бар?

**ТАЛДАЙЫҚ! ОЙЛАСАЙЫҚ!**

**5-сыныпта оқыған «Қазақ тілі» сабақтары сендерге не берді? Естеріңде қай тақырыптар ерекше қалды? Неге?**

**Қандай тапсырмаларды қызыға орындадыңдар?**

**Келесі оқу жылында – 6-сыныпта қандай тақырыптарды оқығыларың келеді?**

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
<b>1-бөлім. Мәдениет: тіл және қарым-қатынас</b> .....	<b>4</b>
1-2-сабақ. Тіл – қарым-қатынас құралы .....	4
3-4-сабақ. Адамзат үшін тілдің маңызы .....	9
5-6-сабақ. Сұхбаттасу мәдениеті .....	14
7-8-сабақ. Тілдік қарым-қатынас талаптары .....	18
9-10-сабақ. Нәтиже сабақ .....	20
<b>2-бөлім. Киім. Сән. Талғам</b> .....	<b>24</b>
1-2-сабақ. Киім.....	24
3-4-сабақ. Ұлттық киім – асыл мұра.....	27
5-6-сабақ. Киім түрлері және талғам.....	30
7-8-сабақ. Қазіргі сән .....	33
9-10-сабақ. Нәтиже сабақ .....	37
<b>3-бөлім. Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер</b> .....	<b>40</b>
1-2-сабақ. Отбасылық ғұрыптар.....	40
3-4-сабақ. Отбасылық мерекелердің тәрбиелік мәні .....	42
5-6-сабақ. Қазақ халқының салт-дәстүрлері.....	45
7-8-сабақ. Әдет-ғұрыптар .....	48
9-10-сабақ. Нәтиже сабақ .....	50
<b>4-бөлім. Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі</b> .....	<b>53</b>
1-2-сабақ. Жануарлар әлемі .....	53
3-4-сабақ. Жануарлар және тіршілік .....	56
5-6-сабақ. Төрт түлік.....	59
7-8-сабақ. Өсімдіктер әлемі.....	63
9-10-сабақ. Нәтиже сабақ .....	66
<b>5-бөлім. Бос уақыт және хобби</b> .....	<b>71</b>
1-2-сабақ. Уақыт алға жетелейді .....	71
3-4-сабақ. Бос уақытта саяхаттау пайдалы .....	75
5-6-сабақ. Шынықсаң шымыр боласың .....	80
7-8-сабақ. Хобби еріккеннің ермегі емес.....	84
9-10-сабақ. Нәтиже сабақ .....	88
<b>6-бөлім. Қиял әлемі</b> .....	<b>92</b>
1-2-сабақ. Қиял – адамға тән қасиет .....	92
3-4-сабақ. Қиялдай алу – ерекше қабілет .....	97
5-6-сабақ. Бала қиялы.....	100
7-8-сабақ. Қиял мен шындық бірлігі.....	105
9-10-сабақ. Нәтиже сабақ .....	107
<b>7-бөлім. Көлік және жол белгілері</b> .....	<b>111</b>
1-2-сабақ. Жол белгілерін білеміз бе? .....	111
3-4-сабақ. Жол жүру ережелері қашан пайда болды? .....	116
5-6-сабақ. Көлік түрлері .....	121
7-8-сабақ. Жол ережесін сақтаймыз.....	126
9-10-сабақ. Нәтиже сабақ .....	129
<b>8-бөлім. Адамның сырт келбеті мен мінезі</b> .....	<b>132</b>
1-2-сабақ. Сыртқы келбет және тазалық.....	132
3-4-сабақ. Сыртқы келбет және өмір салты.....	136
5-6-сабақ. Мінез – ақылдың сауыты .....	140

7–8-сабақ. «Адамның кейбір кездері ...» .....	144
9–10-сабақ. Нәтиже сабақ. ....	148
<b>9-бөлім. Аспан әлемінің құпиялары</b> .....	151
1–2-сабақ. Сырлы да сиқырлы аспан әлемі.....	151
3–4-сабақ. Ғаламның ғажайып сандары.....	154
5–6-сабақ. Жұлдыздар мен аңыздар .....	159
7–8-сабақ. Аспан денелері қалай зерттеледі?.....	163
9–10-сабақ. Нәтиже сабақ .....	166
<b>10-бөлім. Саяхат және демалыс</b> .....	168
1–2-сабақ. Саяхат – таным бастауы.....	168
3–4-сабақ. Ұлы саяхатшы .....	171
5–6-сабақ. Қазақтың тұңғыш жиһанкесі.....	176
7–8-сабақ. Қашғария сапары .....	180
9–10-сабақ. Жаңа әлемдегі жаңа саяхаттар.....	183
11-сабақ. Ғарышқа саяхат.....	186
12-сабақ. Нәтиже сабақ.....	188

Оқу басылымы

**Дәулетбекова Жанат**

**Қосымов Гүлбану**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

**Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық**

Редакторы *Н. Бекхожаева*

Суретшісі *В. Ералиева*

Көркемдеуші редакторлары *М. Нұрбеков, Д. Сабитаева*

Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*

Корректоры *Ұ. Бахова*

Компьютерде беттеген *С. Төлегенова*

ИБ №036

Теруге 25.03.2017 берілді. Басуға 12.07.2017 қол қойылды. Пішімі 70x100 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.

Офсеттік қағаз. Мектептік өріп. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 15,6.

Есептік баспа табағы 11,53. Таралымы 90 000 дана. Тапсырыс № 2630.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,

050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.